



# Халықаралық қарым-қатынасты дамытудағы «Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы»

*тақырыбындағы ғылыми-танымдық  
конференция материалдарының жинағы*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ «ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ  
ЕСКЕРТКІШТЕРІ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ



**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДАҒЫ  
ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ»**  
ғылыми-танымдық конференция материалдарының жинағы

Сборник материалов научно-познавательной конференции  
**«ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО  
ПУТИ В РАЗВИТИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ»**

Collection of materials of the scientific and educational conference  
**«THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE GREAT SILK ROAD  
IN THE DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL RELATIONS»**



**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Ұ. Ш. Шаизхан** – «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің басшысы

**М. М. Ибадильдаева** – «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің ғылыми қызметкері

**Г. Ү. Қамбар** – «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің кіші ғылыми қызметкері

**А. Ж. Кәрібекова** – «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің тарихшысы

**Беттеген Г. С. Абдибекова** – «Қор сақтау және есепке алу» бөлімінің дизайнері

**«Халықаралық қарым-қатынасты дамытудағы Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы» ғылыми-танымдық конференция материалдарының жинағы.** (2024 жылғы 15 қазан). – Тараз, 2024. – 100 бет.

**Сборник материалов научно-познавательной конференции «Историческое значение Великого Шелкового пути в развитии международных отношений».** (15 октября 2024 года). – Тараз, 2024. – 100 стр.

**Collection of materials of the scientific and educational conference «The historical significance of the great Silk Road in the development of international relations».** (15 october 2024). – Taraz, 2024. – 100 p.

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

<i>АЛҒЫ СӨЗ</i> .....	4
<i>Смаилов Ж. Е.</i> ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХТАҒЫ ОРНЫ.....	5
<i>Ибайдуллаев Х.</i> ЗНАЧЕНИЕ ГОРА СУЛАЙМАН-ТОО КАК ОБЪЕКТА ВСЕМИРНОГО НАСЛЕДИЯ В ФЕРГАНСКОЙ ДОЛИНЕ.....	15
<i>Хушваков Н. О.</i> АКТУАЛЬНОСТИ СОХРАНЕНИЕ И ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫХ ПАМЯТНИКОВ В МУЗЕЙ ЗАПОВЕДНИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ.....	18
<i>Подушкин А. Н.</i> ВЕЛИКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ КАК ИНДИКАТОР КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ «ВОСТОК–ЗАПАД» (ПО АРХЕОЛОГИЧЕСКИМ МАТЕРИАЛАМ ИЗ КАТАКОМБНЫХ ПОГРЕБЕНИЙ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА).....	23
<i>Гюндогду А.</i> THE CONTRIBUTION OF NOMADS TO THE DEVELOPMENT OF THE SILK ROAD AND ITS EFFECTS ON GLOBALIZATION.....	32
<i>Ақылбек С. Ш.</i> ИССЛЕДОВАНИЯ В ГОРОДИЩЕ КУЛАН.....	41
<i>Тұяқбаев М. Қ., Кәрім А. Ә.</i> ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ.....	48
<i>Пәрменқұл С. Т.</i> КӨНЕ ДӘУІРДІҢ ҚҰЛШЫЛЫҚ ОРЫНДАРЫ.....	55
<i>Жексенбаев О. А., Ташимов Б. К.</i> ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ.....	59
<i>Салходжаев С.</i> ИНТЕГРАЦИЯ И РАЗВИТИЯ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ НА ПРОСТРАНСТВЕ ШЕЛКОВОГО ПУТИ.....	64
<i>Сералы Н. О.</i> АРЫС ӨЗЕНІНІҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ.....	70
<i>Арынова Д. С.</i> ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН.....	77
<i>Нагашбекова С. М.</i> ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ТАЛАС МАҢЫНДАҒЫ МЕКЕНДЕРДІҢ ХІХ–ХХ ҒҒ. ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	82
<i>Шаизхан Ұ. Ш.</i> ӨТКЕН МЕН БҮГІНГІ КҮННІҢ АРАСЫН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ КИЕЛІ ДЕ, ҚАСИЕТТІ МЕКЕН ТАРАЗДЫҢ АТАУЛАРЫ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?.....	87
<i>Ибадильдаева М. М.</i> ЖҮНІС БАЙДАН ҚАЛҒАН МОНША.....	93
<i>Қамбар Г. Ү.</i> «БАБАДЖА ХАТУН» КЕСЕНЕСІ.....	96

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған жинақта – Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардағы тарихи маңызын зерттеуге арналған еңбектер қамтылған.

Ежелде Ұлы Жібек жолы бүкіл Еуразия құрлығындағы халықтардың экономикалық және мәдени байланыстарды дамытуда маңызды рөл атқарып келген. Ол сауданы дамытумен қатар, ғылымның қанат жаюына, технологиялар мен инновациялардың өркендеуіне, сондай-ақ мәдени байланыстардың нығаюына жағдай жасады. Тарихта сауданы дамыту қажеттілігі арқылы танылған жол бүгінде тартымды инвестициялық жобаға айналумен қатар Қазақстан мен Қытай экономикалық қарым-қатынастарын дамытудың жаңа кезеңін бастап береді.

Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан мәдениет пен өркениеттің тоғысқан мекені Тараздың тарих сахнасында маңызды орын алғаны белгілі. Тараз қаласы – көшпелі түркілердің ата қонысына айналып, қазақ хандығының туы тігілген құтты мекен. Бүгінгі күні ғасырлар қойнауындағы тарихымыз бір қаламмен қағаз беттеріне түскен бірнеше мемлекеттердің басын қосып, осы конференцияны ұйымдастыруына ұйытқы болды.

Жинақта алыс-жақын шет елдерден қатысқан ғалымдар мен жас зерттеушілердің еңбектері топтастырылған, олар Ұлы Жібек жолының тарихи құндылықтарын әр қырынан талдап, оның бүгінгі замандағы маңызын қайта бағамдайды. Конференция жинағында Жібек жолы арқылы дамыған мәдени және діни алмасулар, білім мен технологияның таралуы, сондай-ақ осы процестердің қазіргі халықаралық қатынастарға тигізетін ықпалы жан-жақты қарастырылады.

Жинақ зерттеушілерге, білімгерлерге мен оқырмандарға өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты түсінуге, мәдениеттер арасындағы өзара құрмет пен ынтымақтастық идеясын терең ұғынуға ықпал ететіндігіне сенеміз.

Барлық авторлар мен конференция қатысушыларына алғыс білдіре отырып, оқырмандарға қызықты зерттеулер мен жаңа идеяларға толы білім алуын тілейміз.

*Құрметпен,  
Конференция ұйымдастырушылар алқасы*

**Жұман Егінбайұлы Смаилов**  
«Казархеология» ЖШС директоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты

## **ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХТАҒЫ ОРНЫ**

Ортағасырлық Таразды археологиялық зерттеу менің ғылыми қызметімде ерекше орын алды. Көне Таразды зерттеу еліміздің тарихының көптеген беттерін түсінуге мүмкіндік берді [1]. Мен осы мақалада өткен тарихымыздың екі аспектісіне назар аударғым келеді. Біріншісі – Шу-Талас аймағындағы қалалардың генезис мәселесі, екіншісі – Таразбен байланысты керуен жолдары жөнінде.

### *Шу-Талас ауданы қалаларының генезисі.*

Ежелгі Таразды зерттегенде, қаланың қоғам үшін әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы рөлі, оның функциялары, қаланың жоспарлануы мен ішкі ұйымдастырылуы, ақырында, оның шығу тегі мен анықтаушы ерекшеліктері туралы теоретикалық түсіну сұрақтары міндетті түрде қойылады. Оларды анықтау үшін «тұрмыс-тіршілігінде көшпелі мал шаруашылығы үстем болған аймақта пайда болған қала» деген ұғымның анықтамасы ерекше, шешуші мәнге ие деп айтуға болады.

Бұл сұраққа жауап беру үшін ата-бабаларымыз көне заманда (қола дәуірінде) көшпелі ел болмағандығын есте ұстаған жөн. Олардың өміріндегі революциялық өзгерістер қола дәуірінен басталды, оны «Алтын ғасыр» деп бағалауға болады. Бұған археологиялық материалдар дәлел. Сарыарқаның ұсақ шоқылы аймағында (Атасу, Бұғылы, Шортандыбұлақ, Ақбауыр, Милықұдық, Кент, т. б.) осы кезеңде жергілікті тайпалардың шаруашылығы вариабелды (өзгергіштік) және көп құрылымды болды. Айта кетсек ол мал шаруашылығы, егіншілік, тау-кен өндірісі және металлургия. Осы көп салалы шаруашылықтың болғандығының археологиялық дәлелі көптеген мал сүйектері мен егіншілік құралдары табылған қоныстар, кен өндірілген және металл балқытқан орындар. Бұл тайпалардың әлеуметтік дамуы және нанымдар мен әдет-ғұрыптары жөнінде мәліметтер олардан қалған зәулім обалардан тұратын қорымдарды және құрбандық орындарды зерттеу барысында белгілі болды [4, 8].

Осы қола дәуірінің аяқ кезеңі (б. д. д. XIII–X ғғ.) тайпалардың көшпелі шаруашылыққа өту кезеңі болып табылады. Ал ол біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың басынын бастап Еуразия аридтық дала аймағында көшпелілік көптеген тайпа-ұлттардың шаруашылық-мәдени өмірінің негізіне айналды. Көшпелі мал шаруашылығы ол заманда өте табысты және өнімді шаруашылық болды. Осы өнімді мал шаруашылығымен кен өндіру және металлургияның дамуының арқасында жергілікті тайпалардың экономикасы тиімді дамыды. Бұл жаңа кезеңнің жетістігінің арқасында қауымның таптарға бөлінуі орын алып алғашқы мемлекеттілік қалыптасады. Осы өзгерістерді тайпа көсемдері жерленген Беғазы, Саңғыру, Ақсу-Аюлы II, Бұғылы т. б. элитарлық қорымдары анық айғақтайды.

Келесі сақ-савромат (ерте темір дәуірінде) қазақ даласын мекендеген көшпелі тайпалардың мемлекеттігі нығайып дамыған. Оны Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан (Шірік Рабат, Жеті Асар, Алтын Асар) астаналық қалалар және билеушілердің резиденциялары пайда болғаны көрсетеді. Алатау бойында, Жетісу, Алтай, Жайық, Сарыарқа жерлерінде орналасқан элитарлық обалардан табылған бірегей өнер туындылары, қару-жарақ түрлері билеушілердің қоғамда алған орынын көрсетеді.

Осы дәуірдің ақырғы кезеңінде, яғни б. д. д. III ғасырынан бастап Алатау, Қаратау тауларының сай-салаларында отырықшы қоныстары пайда бола бастайды. Бұл қоныстарды зерттеу барысында оларды мекендеген тайпалар отырықшы егіншілікпен айналысқаны анықталды. Бұл бекініссіз (фортификациясыз) қоныстарды қорғану мақсатымен рельефтің кескіндерін пайдаланып, сайлар немесе орлары бар жарқабақты жерлерде тұрғызған.

Біздің дәуіріміздің II–IV ғасырларда қала мәдениетінің дамуында ерекше кезең басталады. Бұл уақытта Сырдың төменгі ағысындағы Жетіасар археологиялық мәдениетіне жататын қалалар көбейіп бірегей қала мәдениеті қалыптасады. Жетіасар мәдениетімен қоса осы уақытта Сыр өзенінің ортаңғы ағысында, Талас, Шу бойларында, Қаратау, Қырғыз Алатау тауларының етегінде қаңлылардың бекініс ордалары пайда бола бастайды. Археологиялық зерттеулердің арқасында анықталған бұл бекініс ордалар екі типті болды; біріншісі домалақ, сопақша планы бар төбелер – алаңды төбе деп аталды; екінші түрі төртбұрышты планы бар ордалар.

Бірінші типті ордалар (Жайлау төбе, Тас төбе) тек кейінгі кезде Теріс өзенінің бойында зерттеле бастады [11, с. 174–189]. Екінші түрге жататын Қызыл Қайнар төбе, Шөл төбелерде М. С. Мершиев қазба жұмыстарын жасаған. Кейінгі кезде бұл типке жататын Бақа төбе ордасы зерттелді [10, с. 216–220]. Жалпы қала мәдениетінің генезисінде ерекше маңызды бұл антикалық уақытқа жататын ескерткіштер Шу-Талас өңірінде кең көлемде зерттелуден тыс қалғанын айта кету керек. Біз өзіміздің бұл өңірде жүргізген археологиялық барлау барысында осы типті бекітілген ордаларың бірқатарын сырттай зерттеп белгілегенбіз. Төбелердің үстінен алынған қыш фрагменттеріне қарай, біз оларды б. д. I–V ғасырлар аралығында мекен етілген деп пайымдадық. Осы жерде назар аударып кететін жайт олардың көбісі Ескерткіштер тізімінде VIII–XII ғасырларға жатқызылған.

Осы антикалық уақытқа жататын ордалардың жалпы ерекшелігі, олар ықшамды 2–3 қабаттан тұратын құрылыстар. Өздерінің көлемдік-кеңістіктік құрылымы бойынша бұл ескерткіштерді біз Жетіасар бекіністеріне ұқсас деп табамыз.

Зерттеу барысында біз аңғарған тағы маңызды қорытынды ол аталмыш бекіністі антикалық ордалардың қирандылары ортағасырлар уақытында қайта көтерілген қалалардың құрылысына пайдалануы. Олардың ішкі жағы жабылып, олардың дөңес қалдығы стилобат ретінде үстіне цитадельдер салу үшін пайдаланған. Бұл жаңалық археологиялық зерттеулер барысында анықталды. Айта кетсек Түркістанның Күлтөбесінде Е. Ә. Смағұлов басшылығымен атқарылған қазба жұмыстарының кезінде [12, с. 17–29] және біздің Ақтөбе (Баласағұн) қаласының

орнында жүргізген жұмыстар барысында анықталды. Қазба нәтижесінде Күлтөбеде ашылған антикалық орда құрылысы ортағасырларда көміліп цитадель орнату үшін іске жаратылған. Ал Ақтөбе қалашығында антикалық «тарақты-дәліздік» типті антикалық орда үстіне қарахан дәуіріне жататын құрылыс салу орын алған.

Осы антикалық ордаларды ортағасырларда пайдаланғаны туралы мәлімет Махмұд Қашғари еңбегінде кездеседі. Оның айтуынша «тан» деген астыңғы негізі төбе ретінде сақталған қираған көне құрылыс оның дөңес үстіне бекініс салу қолайлы деп келтіреді [3, с. 1005].

Сонымен біздің Шу-Талас аймағында атқарылған дала зерттеулеріміздің нәтижесінде бұл өңірде б. д. д III ғасырдан бастап б. д. V ғасырына дейін қала мәдениеті қалыптасқаны белгілі болды. Олар көбінесе ақсүйектердің ордаларының ролін атқарған.

Ғылыми тұжырымдарымызға негізделген аталған далалық зерттеулер барысында біз ғылымға белгілі-белгісіз ондаған ортағасырлық төрткүл типті ортағасырлық қалашықтарды зерттедік. Жалпы бұл қалашық типі Шу – Талас өңірінде ең кең тараған ортағасырлық қала жұрттары. Құрылымы жағынан бұл қалалар төртбұрышты бекініспен қоршалған құрылыстар, орта жағы ашық алаң болып, үй-жайлары қалашықтың периметрі бойынша салынған. Біздің пайымдауымызша Шу-Талас өңірінің ортағасырлық қалаларының негізінде осы төрткүл типті қалашықтар жатыр. Бұлардың бірқатары үлкен қала жұртына айналса (Аққұм қалашығы, Оххум – қате атауы), басқалары кішігірім қыстақ ордалары (Қызыл қорған қалашығы) ретінде түсіндіруге болады.

Төрткүл қалашықтарының шығу тегі көшпенділермен байланысты, оған бірінші дәлел олардың өзендер бойы оңтүстіктен солтүстікке, көш жолымен орналасуы. Әдеттегідей олар маусымдық жайылымдарда, шағын өзендердің таулардан шығатын жерлерде, өзендер бойында, егіншілікке ыңғайлы тау бөктерінде салынған. Аймақтың Құлан, Аққұм, Аспара сияқты ірі қалаларының топографиясын қарастырсақ олар алғашқысында төрткүл типті қаладан басталған, уақыт өте олар егіншілердің тұрақтарымен, қолөнершілердің шеберханаларымен, базарлармен өсіп-ұлғайып, қосымша қорғандармен қоршалып ірі қала жұртына айналған. Көшпелі ортада пайда болған қалалардың шығу тегін біз осылай түсінеміз.

Тағы бірқатар дәлелдерді біз ортағасырлық жазба деректерден көреміз. Жазба деректерде қалалардың атаулары: Орду, Күз Орду, Орду кент, Сеңгір. Махмұд Қашғари түсіндірмесінде орда (урду) – хан сарайы. Сол себептен Қашғар орда кент (урду канд), «хан тұратын қала» мағынасын білдіреді, «Орда (Урду) – Баласағұн қаласының жанындағы хан сарайы». Ол «сонымен қатар Баласағұн қаласын Күз Ордасы деп атайды» деп мәлімет қалдырған [3, с. 153].

Қала жұрттарының маңыз-міндетімен қатар Махмұд Қашғари Баласағұн қаласының қай жерде орналасқаны жөнінде ақпарат қалдырған. Оның айтуынша «мысты халық бақыр деп атайды», ал «Бақырлық – Баласағұн қаласына жақын жер», «мыс өндірілетін тау – Бақырлық тағ деп аталады» [3, с. 458]. Бұл Махмұд



Қашқаридың мәліметтеріне сүйенсек расында Ақтөбе қалашығының шығысында көптеген алтын, мыс, темір өндірілген көне кен орындары бар (Шатыркөл, Жайсан, Үңгірлі, Ақтасты) [15, с. 20, 48; 16, с. 36–38]. Ал ғалымдардың көпшілігі Баласағұнмен байланыстырып отырған Борана қалашығының жанында кен орындары жоқ. Осы Ақтөбе қалашығын кезінде Батыс Түркі қағанатының «астанасы, ірі саяси, экономикалық және мәдени орталық болған Баласағұн қаласы» деп У. Х. Шәлекенов мыңмен жалғыз алысып өмір бойы дәлелдеп келді [14]. Біз келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, сонымен қоса ол Мойынкүм шөлінің оңтүстік-шығысында орналасқан жер нағыз күздік жайылым орыны деп, сол себепті Күз Орданың осы жерде болуы көшпенділердің мезгілдік көшқонымен толық сәйкеседі деп ой түйеміз.

Ақтөбе қалашығының аумағына қарап, біз жойылып кеткен Тараз қаласының қала құрылысы қандай болғанын көре аламыз. Ақтөбе қаласының У. Х. Шәлекенов жасатқан аэрофото суретіне зер сала отырып қарахан дәуіріндегі астаналық қаланың қала структурасын түсіне аламыз [13].

Ақтөбе қалашығы жөнінде В. В. Бартольд өзінің «Отчете о поездке в Среднюю Азию» еңбегінде былай жазады: «Несколько южнее впадения Сукулука в Аксу находится холм Ак-тепе, по-видимому, сооруженный целиком из жженого кирпича, куски которого везде видны в большом количестве» [17, с. 41]. В. В. Бартольдтың Ақтөбе қаласына берген бұл мінездемесі Махмұд ибн Уәлидің қалдырған мәліметімен толық сәйкеседі. Оның еңбегінде келесі жолдар бар: «екі ай бойы шығыстан солтүстік бағытта жүріп бір жерге келдік, бұл жерде құм астынан төрт-бес зираға (Аз-зира ал-амма 54,04 см-дан 82,9 см. дейін араб ұзындық өлшемі) тең биік ғимараттардың шатырлары, мұнаралардың, сарайлардың, медресе аркалары мен қабырғалары төрт фарсанг (парсылардың 5549 м. тең жол өлшемі) жерден көрініп тұрды. Осы жерден ұзамай біз қалмақтарды қуып жетіп шайқастық. Кәпірлерді жеңіп тұтқындап, қайтарда аталған жерге жеткенде біз олардан бұл жердің атауын сұрадық. Олар «біз білетініміз бұл жерде ертеде Баласағұн атта қала болған деді» [18, с. 24].

Келтірілген мәліметтерді Ақтөбе қалашындағы қазба барысында ашылған мұнара қалдығы растайды. Оның маңызды ерекшелігі ол қарахан дәуіріне сай көлемі 21–22×21–22×3 см. қыш кесектерден салынған. Борана мұнарасы XIII–XIV ғасырларға тән 25×25×5 см. кесектен қаланған. Біздің бұл тұжырымдарымыз белгілі архитектура зерттеушісі С. Г. Хмельницкий атап өткен; Көлемі 22 см. төрт бұрышты кірпіштер моңғол кезеңінен кейін құрылыста пайдаланбайды (XIII–XIV ғғ. тән кірпіш ірі), керісінше XI–XII ғғ. дәл осы кірпіштің форматы (22×22×3–4 см. Ж. Е.) жиі кездеседі [19, с. 173].

Тараздың қарахан кезеңінің мәдени қабаттарын зерттеу арқасында қарахан уақытының қыш кесектерінің негізгі өлшемдері 21–22×21–22×3 см., оның жарты кеш бөлігі, және 30–38×14–17×3,5–5 см. болып келеді. Кіші форматтағы қарахан дәуіріндегі кірпіш Ақтөбе-Баласағұн тұрғындарының архитектуралық және құрылыс өнерінің биік деңгейде болғандығының куәсі.

Ақтөбе қаласында көрінетін қаланың қалыптасуының кезеңдері Таразда анықталмайды. Біздің қазбаларымыз көрсеткендей Тараз қарахан кезінде өте ірі

қала болған, бұл уақытта қала өсіп бастапқы қала қабырғаларының аумағынан шығып кеткен. Қазба барысында көлемі 20 000 ш. м. қазба аумағында тек базар орыны ашылды. Соған қарағанда А. Н. Бернштам мен Т. Н. Сениговалар келтірген қала өлшемі дұрыс емес. Оның тағы бір дәлелі ол біздің қазбада ашылған таспен төселген орталық көшенің жалғасы қаланың батыс бөлігінде Қарахан кесенесінің жанындағы мешіт қазбасының маңынан анықталды. Сонда көше шығыс қақпадан санағанда батысқа қарай 826 метрге созылған.

Менің ойымша Тараз қаласының агломерациялық көлемі Шай қорық аумағын қамтып, аумағының диаметрі 10 шақырым болған. Осындай көлемді аумағымен Шу-Талас өңірінің Тараз, Ақтөбе, Красная речка, Ақ Бешім сияқты ірі қалалары топографиясы бойынша Отырар алқабынан ерекшеленеді. Отырар алқабының қалалары төбе тәрізді болса, Шу-Талас өңірінің қалалары ұзын қорғандармен қоршалған кең аумақты қалалар.

Тараз қаласының ерекшелігі ол еліміздегі басқа қалаларға қарағанда ортасында Қарахан әулетінің негізін қалаушысы Қара ханның кесенесі орналасуы (XI ғ.). Ескі фотографияларға қарасақ кезінде бұл ірге кірпіштері оюланып қаланған, өрнектелген терракота тақташаларымен безендірілген көрікті ғимарат болған. Екінші қабатта Алаша-хан кесенесі сияқты айналма галереясы болған. Өкінішке орай бұл ескерткіштің тағдыры қайғылы, XX ғасырдың басында Ташкент ишаны Саид Бекхановтың шолақ белсенділігімен кесене қиратылып басқа үлгіде салынған. Сол себептен ескерткіш өзінің қайталанбас ерекшелігінен айрылып қоқан үлгісіндегі молаға айналды. Бірегей архитектурасымен қоса ескерткіш өзі жөніндегі тарихи аңыздарынан айрылып, енді өзбек молдаларының ойдан шығарған діни аңыздарымен байланыстырылды. Әлемдік тарихта орын алған Қарахан мемлекетін құрған билеуші енді әулие сопыға алмастырылды, оған қоса Айша бибі мен Қарахан жөнінде маңызы жоқ қарабайыр аңыздар орын алды. Оғыз наме дастаны бойынша мұсылмандыққа қарсы болған тарихи Қара хан өзінің немересі, Қарахан әулетінде ең бірінші болып мұсылман дінін қабылдаған Қашғар билеушісі Сатук Бура ханмен алмастырылып Аулие Ата атанды. Осындай өзгертулер ислам діні қалыптасуымен кең орын алды. Ислам дініне дейін өмір сүрген оғыз-қарлық аңыздарындағы Қара Бура хан кейінгі діни идеологиялардың әсерімен Қожа Ахметтің ізбасары, әулие сопы болып шықты.

Көне Таразды зерттеу кезінде біз басқа архитектуралық ескерткіштерге назар аудардық. Мысалы мұңғыл уәкілі Ұлық-Білге-Икбал хан-Дәуітбек кесенесі де кейінгі қайта кұрудан аман қалмады. Бастапқы кезде бұл кесене төрт жағына арка арқылы ашық болған, кейін аркалар қаланып жабылды. Біздің заманымызға дейін Тектұрмас кесенесі сақталмады, ескі суреттерге қарағанда бұл ескерткішті де қарахан кезеңіне жатқызуға болады.

Ерекше ескерткіштер болып Тараз қаласынан батысқа қарай орналасқан Айша бибі мен Бабажы қатын кесенелері тұр. Бұл архитектуралық туындылар өзінің ерекше сәнді архитектурасымен қоса көптеген тарихи ақпарат береді. Бірінші көзге түсетіні бұл ғимараттарда ескі мұсылман дініне дейінгі ерекшеліктері және далалық көне дың тәрізді ғұрыптық ғимараттармен үндестігі. Әрине дыңдар қарапайым тастан салынған мұнара тәрізді құрылыстар. Бірақ екеуіне

де ортақ архитектура, ол – қалың қабырғалары, шатырлы күмбездері және есіктерінің тура шығысқа қаратылуы. Осы ерекшеліктерге сүйене отырып, мен бұл кесенелер ертеде ескі дәстүрге сай салынған ғимараттар деуге болатынын айтамын, кейін ислам діні қалыптасқан уақытта олар өзгертілген. Сонымен қоса маңызды айырмашылығы да жоқ емес, бізге белгілі дыңдардың ерекшелігі ол биік стилобат платформасы аталмыш кесенелерде орын алмаған. Осы үндестік пен айырмашылықты нақты дәлелдеу үшін олардың ішінде қазба жүргізіп, зерттеу қажет.

Ғұрыптық мемориалдық ғимараттарды зерттеуде біздің көзіміз жеткені, олардың көп уақыт бойы қасиетті орын ретіндегі міндеттерінің маңызын жоймайтындығы. Заман ауысады, билеушілер әулеті өзгереді, идеология дін өзгереді, міне осы өзгерістерге сай әрбір маңызды ғимараттың заманына сай түрі де, онымен байланысты аңыздар да өзгереді. Тараз тарихында көпшілікке белгілі оқиға, ол Исмаил Самани қаланы жаулап алғанда христиан шіркеуін мешітке айналдыруы. Осы себептен ескі ғимараттарға жаңа дін өкілдері өзінің діни идеологиясын қалыптастыру үшін ғимарат маңдайшасына құран сүрелерінің жазбаларын орналастырады. Ал, ол жерде жерленген белгілі адам дін жолындағы әулие болып шығады. Маңызы бар тарихи орындар келесі билеушілердің, дін басыларының идеологиясына сай өзгертіледі.

Осы бірегей архитектуралық ескерткіштерімен Тараз ортағасырдан келе жатқан қалалардың ішінде өзінің астаналық маңызы болған қала екендігін айғақтайды. Оны дәлелі аталған кесенелерде жерленген адамдар бірі хан, бірі бек, бірі қатын және бибі, яғни бәрі де діни емес билеуші ақсүйектердің өкілдері. Осы жайт Тараздың астаналық орталық болғанын көрсетеді.

Осы мәселе бойынша ойларымды келесі тұжырымдармен қорытқым келеді. Шу-Талас өңірінің қала мәдениеті көшпелі шаруашылық негізінде бекініс ордалар мен төрткүл қалашықтардың орындарында қалыптасты. Уақыт өте олардың Тараз сияқты ордалары ірі қала орталықтарына айналды. Олар саяси орталық, қолөнершілікпен сауда орындарының міндетін атқарды. Қала жанында егіншілік, бау бақша өсіру орын алды. Осы қала орталықтарына қырдағы көшпелілер мал өнімдерін саудаға әкелді. Кен метал өндіріс орындарындағы металлургтер мен кеншілер өздерінің өнімдерін қалаларда саудаға салды.

Тараздың сауда ордалығы ретіндегі ролін ортағасырлық жазба деректерде кездесетін Талас керуен жолы жөнінде мәліметтерде айтылады. Саудадан пайда көрген Қарахан әулетінің билеушілері Жібек жолын қадағалау үшін өздерінің астанасын Үзгенге, кейін Қашғар қаласына ауыстырады. Осы Қашғарда Такла-Макан шөлін айналған Жібек жолының солтүстік және оңтүстік тармақтары қосылып батысқа бет алатын жерін қарахандықтар өз қолына алып, Батыс пен Шығысты байланыстыратын сауда жолын өздерінің бақылауына алады.

### ***Таразға баратын керуен жолдары***

Таразға апаратын керуен жолдары туралы сөз қозғар алдында мен Жібек жолы туралы өзімнің ойларымды баяндауды қажет деп санаймын.

Бұл тарихи трансконтинентальдық сауда жолы туралы кең көлемдегі әдебиеттер маған оның ежелгі және ортағасырлық кезеңдеріне қатысты жалпыға белгілі фактілерді келтірмеуге мүмкіндік береді [20, 21]. Ұлы Жібек жолының тарихын зерттей отырып, мен оның негізі Такла-Макан шөлін игеруге байланысты құрылған деген қорытындыға келдім. Бұл ойпатты шөл, сондай-ақ Тәңір тау, Памир және Кунь-Лунь таулары Орталық Азия мен қытай иеліктері арасындағы табиғи кедергі болды. Осы аталған табиғи кедергінің екі жағында орналасқан Қашғар мен Дуньхуанды байланыстыратын жолды ашу соғдылардың сауда-мәдени миссиясы арқасында жүзеге асты.

Олардың бұл салада белгілі бір тәжірибесі болған, өйткені Самарқандтан батысқа қарайғы аумақтар Александр Македонский дәуірінен бері Византиямен сауда және мәдени байланыста болды.

Алғашқы зерттеушілердің пікірі орынды. Басты маршрут Қытайдың ежелгі астанасы Чаньаннан басталып, Гоби шөлі арқылы Дуньхуанға дейін созылды. Бұл жерде жол екі тармаққа бөлінді. Бір жол Такла-Макан шөлінің солтүстік шетімен, кейін Танир-Таг тауларының оңтүстік сілемдері арқылы өтіп, Ферғана жазығы мен Шаш оазисіне шығып, Соғды астанасы Самарқандқа жеткен. Одан әрі Жібек жолы Бактрияға қарай созылып, белгілі бағыттар арқылы Иран мен Сирияны басып өтіп, Жерорта теңізіне дейін жеткен. Екінші тармақ Дуньхуаннан бастап, Такла-Макан шөлінің оңтүстік шетімен Хотан мен Яркенд арқылы өтіп, солтүстік жолмен Қашғарда қосылған. Яғни, Қытайдан шыққан екі жол Қашғарда тоғысқан. Қарахандар толықтай Ұлы Жібек жолындағы сауданы бақылау үшін Қашғарды жаулап алған еді.

Соғдылар мен Парсылар арасындағы қақтығыс Самарқандтан Бұхара, Хорезм арқылы Каспий теңізінің солтүстік жағалауына хазарларға және одан әрі Қара теңіз жағалауы арқылы Еуропаға айналма жол құруға әкелді. Бұл жолды еврей көпестері – рахдониттер игерген. Олардың хазарлармен тығыз байланыстарының нәтижесінде хазар ақсүйектері иудаизм дінін қабылдады. Бұл жолда сауда керуендеріне – Білеулі, Таскешу сияқты керуен сарайлары, Жайық және Еділ, Тан өзендері бойындағы, Қаратеңіз жағалауындағы ортағасырлық қалаларда қызмет көрсетуге арналған дамыған инфрақұрылым орын алды. Қазақстан аумағы бойынша Бұқарадан Еділге дейін дәл осы жол өтті, оның тарихи атауы – «Ескі ноғай жолы».

Тұрфан қаласынан Іле Алатауының солтүстік бөктері арқылы Шу және Талас алқаптарына баратын маршрут үлкен күмән туғызады. Дәлел ретінде әлемдегі ең үлкен артефактіні – Қытай қорғанын келтіруге болады. Ол Дуньхуаньдан Қытайдың иелігін Бохай шығанағына дейін 8851,9 км. бойы айналып өтіп, Қытайды өзінің ежелгі жаулары көшпелі түркі-мұңғыл халықтарынан солтүстік және солтүстік-батыстан қоршап тұрған.

Бұл қабырғаның, Жібек жолынан айырмашылығы, нақты құрылыс болып табылады және оның мақсаты – көшпелі түркі-мұңғыл әлемінен оқшаулану. Егер Жібек жолының бағыттары қытай билеушілерінің Мауераннахр, Иранмен сауда байланыстарына мүдделі екенін көрсетсе, Қытай қабырғасы солтүстік

түркі-моңғол көршілеріне қарама-қарсы бағытты ұстанғанын білдіреді. Қытай қабырғасы – түркі-мұңғыл және қытай әлемдерінің ғасырлар бойғы антагонизмін айғақтайтын маңызды артефакт. Бұл антагонизмнің негізінде қытайлар мен түркі-моңғол халықтарының көп ғасырлық дұшпандығы жатыр. Ғасырлар бойы Қытай көшпенділердің шабуылынан зардап шекті. Өз кезегінде, Қытайдың Орта Азияның отырықшы-егіншілік аймақтарымен өзара әрекеттестігі қолайлы орта тапты, өйткені саудамен қатар, олардың арасында мәдениеттер мен діндердің қарқынды алмасуы жүріп жатты.

Егер Самарқанд, Бұхара және Хиуа сияқты отырықшы-егіншілік оазистер ерте заманнан көшпенділердің билігінде болса, ежелгі Қытай көшпенділерге қарсы тұру үшін қажетті ресурстарға ие болды. Ол үшін барлық мүмкін әдістерді, мысалы, оқшаулаушы Қытай қабырғасын салу және бір көшпелі халықтардың билеушілерін басқалармен күресуге сатып алу сияқты әдістерді қолданды. Қытайлар үшін Батысты ашқан Чжан Цянь ең алдымен көшпелі халықтар арасында араздық тудыруды, юэчжилермен, содан кейін үйсіндермен хуннуларға қарсы күресуде келісімге келуді мақсат етті. Сондықтан оның керуені билеушілерді сатып алу үшін мол сыйлықтарға толы болды.

Қашғардан Дуньхуаньға дейінгі Жібек жолының бағыты керуен-сарайлардың қалдықтарына, әртүрлі діндердің ғибадатханаларының қирандыларына және сауда заттарының табындыларына өте бай. Алайда, Тұрфаннан Іле, Шу, Талас өзендерінің бойында мұндай іздер әлі күнге дейін табылған жоқ. Ерекше жағдай ретінде Қызыл өзен (Невакент) мен Ақ Бешім (Суяб) қалашықтары бар, онда археологтар Тәңір-Тау асулары арқылы Жібек жолы бойындағы елдермен тығыз байланыстарды анықтаған.

Қазақстан аумағында ең ірі сауда қаласы Тараз болды. Онда біз Византияның алтын солидтарын, Нишапурдың алтын динарларын, Тан және Солтүстік Сун әулеттерінің тиындарын, үнді маржандарын, селадоннан жасалған ыдыстарды, сириялық мыс құмыраны және нефриттен жасалған бұйымдарды таптық. Бұл табылған заттар Тараздың «саудагерлер қаласы» деген сипаттамасын растайды.

Шетелдік монеталардың ішінде Византия императоры Фока I (602–610 жж.) бейнеленген согдиандық соғылған псевдосолид және Саманидтер әулетінің алтын динар брактеаты, Нишапур 341 х. ж. (952–953 жж.) Зофар есімімен ерекшеленеді. Солтүстік Сун әулеті Синин мыс монетасымен, Тан әулеті 621–713 жж. Кайюань тунбао мыс монетасымен ұсынылған. Тараз монеталарының үлгілері түргештер мен Қараханидтердің күміс және мыс тиындарын көрсетеді. Кәзіргі кезде кең аталып отырған Жібек жолы атауын XIX ғасырда Фердинанд фон Рихтгофен Seidenstraße деп шығарса, Таразға баратын жолдың тарихи атауы бар.

Ортағасырлық жазбаша деректерге сәйкес, Таразға апаратын сауда жолы тарихи тұрғыдан «Талас жолы» деп аталған. Бұл жол Таразды Шаш (Ташкент оазисі) арқылы Самарқандпен байланыстырған және ол сол жерде Жібек жолының бағытына қосылған. Шаштан (Ташкенттен) Шу алқабына дейінгі жол Кудама ибн Джафардың «Китаб ал-харадж» атты еңбегінде егжей-тегжейлі сипатталған. Алғашқы межелі орын әскери лагерь болса, кейінгі нүктелер: Газгерд (Казығұрт?), Испиджаб (Сайрам), Шараб, Бадухкет, Тамтадж, Абарджадж, Баркуаб (Терс), Шавғар, Джувикат, Тараз, Төменгі Барсхан, Касрибас, Күлшүб, Құлан, Мерке

(Мерке), Ашпара, Нүзкент, Харанджуван, Жұл, Сарығ, түрік қағанының ауылдары, Кирмирау, Невакент, Бурджикет, Суяб, Сагур, Кубал, Барсыхан. Осыдан кейін Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауы мен Танир-Тау асулары арқылы Қытайға қарай 15 күндік жол жалғасқан [2, б. 76–77]. Бұл жолды Ташкенттен Жоғарғы Барсханға дейін оңай анықтауға болады, ал оның жиі аталуына қарап, Талас керуен жолының маңызды болғанын көруге болады.

Өз кезегінде, ибн Хаукаль Таразды соңғы маршрут ретінде атап өткен: «Тараз – түркілермен мұсылмандар сауда жасайтын орын, олардың (түркілердің) жолында оған (Таразға) қатысты бекіністер бар, одан әрі ешбір мұсылман бармайды, өйткені одан асқан адам қарлықтардың шатырларына (яғни көшпенділер қоныстарына) тап болады» [2, б. 79].

IX–XI ғасырларға жататын бұл сипаттама осы уақытта Алатаудың солтүстік бөктері мен Іле өзенінің бассейні бойынша керуен жолының болуын теріске шығаруға мүмкіндік береді. Бұл аймақ бойынша сауда кейінірек, Шыңғыс ханның жорықтарынан кейін жолға қойылады.

Самарқандтан Тараз арқылы Алмалыққа баратын керуен жолы моңғолдар елді жаулап алғаннан кейінгі деректерде сипатталады, бұл кезде Алмалық Шағатай ұлысының астанасы болды. Әл-Омари (XIV ғасыр) былай деп жазады: «Янги – бұл төрт қала. Әрқайсысының арасында бір фарсах, әр қалада өз атауы бар. Біреуі – Янги, екіншісі – Янги-Балық, үшіншісі – Кенджак, соңғысы – Тараз. Янги мен Алмалық арасында 20 күн [жол]» [2, б. 91].

Сонымен, түйіндейтін болсақ: Шаштан Тараз арқылы Алмалыққа баратын керуен жолы Дуньхуаннан Самарқандқа баратын негізгі жолдай маңызды емес, біртұтас мемлекет – Шағатай ұлысының аумағы арқылы өткендіктен ғана өмір сүрген, одан кейін Ресей патшалығы уақытта жаңғырған.

Жібек жолы тақырыбы К. М. Байпаков үшін негізгі тақырыптардың бірі болды [22]. Ол Жібек жолының тармақтары Қазақстанның барлық өңірлерін бойлай өтеді деп санады. Мен бұл тұжырыммен келіспеймін, себебі зерттеуші Жібек жолының біздің еліміздің дала аймағындағы рөлін тым асыра бағалаған деп есептеймін, мысалы, Бозок деп аталатын қалашықты Жібек жолының бес тармағымен байланыстырады [22, б. 36]. Бұл Бозок (дұрысы Бұзықты) ескерткіші аумағында қалалық құрылымды сипаттайтын ешқандай құрылыс орындары табылмаған.

Осы мәселе төңірегіндегі ойымды қорытындылай келе, Ташкенттен Құлжаға дейінгі сауда жолы кейінірек, кейінгі заманда маңыздылыққа ие болғанын және Тараз оазисінде оның «Бесағаш» атты татар ауылымен (Тараздан 5 шақырым жерде) байланысты екенін айтайын. Осы елді мекен тұрғындарының хабарлауынша, татар көпестері Сәбит пен Ескендір Ташкентте Бесағаш базарын құрып, Ташкент пен Құлжаның арасында сауда жасаған.

### Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Ошанов О. Ж. Тараз – жемчужина Шёлкового пути (Краткая история города Тараз: от Гуннской Орды до Республики Казахстан). – Алматы, 2014.
2. Волин С. Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // ТИИАЭ АН КазССР, Т. 8.
3. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. – Алматы, 2005.
4. Маргулан А. Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алматы, 1979.
5. Маргулан А. Х. Сарыарка. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Сочинения. Т. II. – Алматы, 2001.
6. Маргулан А. Х. Джекказган – древний и средневековый металлургический центр. Сочинения. Т. II. – Алматы, 2001.
7. Кадырбаев М. К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата, 1992.
8. Варфоломеев В., Ломан В., Евдокимов В. Кент – город бронзового века в центре казахских степей // Материалы и исследования по культурному наследию. – Астана, 2017.
9. Мерсчиев М. С. Поселение Кызыл-Кайнар-тобе I–IV вв. и захоронение в нем воина IV–V вв. н. э. // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата, 1970. – С. 70–92.
10. Торежанова Н. Ж., Торгоев А. И., Кулиш А. В. Исследования замка Бака – тобе в округе Тараза в 2015–2017 гг. // Материалы международной научно-методической конференции «Х. Оразбаевские чтения». – Алматы, 2018. – С. 216–220.
11. Ақымбек Е. Ш., Талеев Д. Ә., Шагирбаев М. С. Теріс-Аса алқаптарындағы қаңлы және түркі дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы // Отан тарихы. 2023. № 26 (1). – Б. 174–189.
12. Смагулов Е. А. К вопросу о возрасте города Туркестан // Поволжская археология. № 2 (28). 2019. – С. 17–29.
13. Шишкин К. В. Камеральное обследование городища Актобе с помощью аэрометода // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. – С. 11–129.
14. Шалекенов У. Х. Локализации города Баласагуна // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1991. № 2. – С. 19–29.
15. План разведки медьсодержащих руд Шатырколь-Жайсанской площади. – Усть-Каменогорск, 2021.
16. Жамбылская область. Золото. Справочник. Тараз–Бишкек, 2016. – С. 36–38.
17. Бартольд В. В. Сочинения, Т. IV. – М. 1966.
18. Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных. (география). – Ташкент, 1977.
19. Хмельницкий С. Г. Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI–XIII вв. Ч. II, Берлин–Рига, 1997.
20. Хансен В. Великий шёлковый путь. – М., 2014.
21. Докашева Е. С. Великий Шелковый путь. Полная история. – М., 2020.
22. Байпаков К. М. Великий Шелковый путь (на территории Казахстана). – Алматы, 2007.
23. Бартольд В. В. Сочинения. Т. 1. – М. 1963. – С. 270.
24. Лаврентьев В. Краткий перечень бугров (курганов), находящихся в черте г. Аулие-Ата // Протоколы заседаний и сообщений членов ТКЛА. Историко-культурные памятники Казахстана. – Алматы, 2011. – С. 223–227.
25. Аничков И. Археологическая поездка в селение Биш-агач Аулиеатинского уезда // Записки ТКЛА от 28 октября 1896 г.
26. Шкода В. Г. Каменная колонна из Беш-агача // Эрмитажные чтения 1986–1994 годов. – СПб., 1995. – С. 183–187.
27. Каллаур В. К истории города Аулие-Ата // Протоколы заседаний и сообщения членов ТКЛА (11 декабря 1902 года–11 декабря 1903 года). – С. 268–274.

**Хайрулло Ибайдуллаев**  
Қырғызстан мемлекеті, «Сулайман-Тоо» Ұлттық  
тарихи-археологиялық музей кешенінің директорының  
ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

## **ЗНАЧЕНИЕ ГОРА СУЛАЙМАН-ТОО КАК ОБЪЕКТА ВСЕМИРНОГО НАСЛЕДИЯ В ФЕРГАНСКОЙ ДОЛИНЕ**

Ош – один из древнейших городов Кыргызстана, расположенный на Великом шелковом пути. Город Ош, история которого насчитывает более трех тысяч лет, часто упоминается в исторических источниках и был одним из крупнейших городов Ферганской долины, главной остановкой торговых караванов. Гора Сулайман-Тоо, служившая маячком на Великом шелковом пути, стала символом города Ош. Сулайман-Тоо расположен в центре города и богат историческими и культурными памятниками. Поэтому он всегда считался местом для паломников и туристов.

Гора Сулайман-Тоо образуют разновременные и разнотипные памятники, датируемые от неолита до позднего средневековья включительно. Они представлены местонахождением каменных орудий, культовыми местами, петроглифами, поселениями бронзового века, тропами паломников, многие из которых действуют и сегодня. А также эпиграфикой, средневековыми архитектурными, фортификационными и ирригационными сооружениями, этнографической зоной. Значительно и нематериальное наследие горы, выражающееся в сохранившихся легендах, преданиях, микротопонимике, в живых ритуалах поклонения и жертвоприношения, в традиционной этике поведения и обслуживания [1]. Именно поэтому гора Сулайман-Тоо и стал первым объектом Кыргызстана, включенным в 2009 г. в список всемирного природного и культурного наследия ЮНЕСКО.

С 1975 г. гора является геологическим заказником. В 1982 г. с передачей в ведение музея горы с памятниками археологии и архитектуры на склонах и у подножия, она становится неотъемлемым структурным компонентом Ошского объединенного историко-культурного музея-заповедника, который преобразован в 2004 г. в Национальный историко-археологический музейный комплекс «Сулайман-Тоо».

Начало освоения человеком Сулайман-Тоо датируется археологическими материалами, относящимися к новокаменному веку (IV–III тыс. до н. э.), обнаруженными в 1956 г. в Рушан-ункуре, пещере на третьей вершине. Однако историческое развитие культурного (сакрального) ландшафта начинается с эпохи бронзы (II тыс. до н. э.). В едином историко-культурном контексте с наскальными изображениями и культовыми местами, существовали и поселения эпохи бронзы, которые обслуживали и обеспечивали защиту основной сакральной зоны Сулайман-Тоо. Одно из них (ныне не сохранившееся) располагалось у восточного



подножия, на месте корпуса Ошского Государственного Университета, откуда начиналась одна из древних троп паломничества; другое – на южном склоне третьей вершины, широко известное в исследовательской литературе, как Ошское поселение площадью более 2 га., имевшее террасовидную планировку. Относится оно к чустской археологической культуре и датируется XV–VIII–VII вв. до н. э. В ходе раскопок зафиксировано около 15 террас с остатками 13 строений. Основным типом жилища являлась полуземлянка с каркасными стенами, деревянной кровлей, полами с глиняной обмазкой, в которых были вырыты очаги и хозяйственные ямы для хранения продовольственных запасов. Одна из них площадью около 100 кв. м, с очагом в центре помещения, вероятно, играла роль общинного дома – места, где проходили собрания жителей, и, возможно, и культовые церемонии. В результате раскопочных работ собрана многочисленная вещественная коллекция, состоящая из бронзовых, каменных и керамических изделий [2]. Ошское поселение выделяется из общего круга чустских памятников необычностью местоположения – на горе, террасовидной планировкой, а также большим количеством расписной керамики, на отдельных фрагментах которой встречаются и зооморфные сюжеты, весьма редкие для этой культуры. Все эти особенности позволили археологам интерпретировать Ошское поселение в качестве культового комплекса, скорее всего, являющегося частью обрядовой системы, связанной с сакрализацией горы и выполняющего роль места обитания служителей культа и проведения ритуальных церемоний, связанных с сезонно-календарными праздниками.

Наиболее ранними и зримыми свидетельствами почитания Сулайман-Тоо являются наскальные изображения (их более 200), неразрывно связанные с культом горы, и демонстрирующие мировоззренческие представления древних людей. Зафиксированы они на всех пяти вершинах, а также в пещерах, навесах, карстовых тоннелях. В большинстве своем, петроглифы выбиты на северо-восточных, восточных, юго-восточных, южных и юго-западных склонах. Особенно эффектны композиции, выбитые на вертикальных плоскостях, расположенных вдоль нижней пешеходной дорожки, огибающей восточную подошву первой вершины. По содержанию они условно делятся на три группы: антропоморфные, зооморфные и геометрические знаки различных форм. Наиболее многочисленны изображения солярных знаков (в виде круга с точкой, со спицами и в виде окружности с расходящимися лучами), крестов, квадратов, стрелок, «запятых», древовидных рисунков, «тройных развилок» и «паутины». В отдельную группу выделены редкие и уникальные петроглифы, в числе которых изображение лабиринта на северо-востоке первой вершины [3]. Рисунки Сулайман-Тоо характеризует следующие особенности: наличие многофигурных композиций с повторяющимися сюжетами и устойчивым сочетанием знаков, соответствующих горизонтальным, вертикальным, иногда, наклонным плоскостям; различие техники исполнения на открытых и закрытых поверхностях; редкость бытовых и производственных сюжетов; привязка большинства петроглифов к культовым местам.

Помимо изображений, на горе, преимущественно на ее первой вершине, имеется множество культовых мест, приуроченных к природным специфическим формам рельефа, в том числе и карстовым образованиям. Среди них выбитые в камне чашевидные углубления и лунки, желоба на наклонных плоскостях и др. Выделяет Сулайман-Тоо и наличие горизонтальных каменных площадок, расположенных на разных уровнях (особенно их много на первой вершине), словно самой природой предназначенных для коллективных ритуалов. Подобное их использование в прошлом позволяет предполагать и выбитые на них петроглифы [4].

Как отмечалось выше, гора Сулайман-Тоо и его памятники получили признание в мировом масштабе и познакомили мир с Кыргызстаном. Это в свою очередь принесло нам большую честь и большую ответственность. Поэтому нам необходимо обеспечить высокий уровень туристического обслуживания и регулярную реставрацию памятников на горе Сулайман-Тоо. Испокон веков гора Сулайман-Тоо не теряет своей исторической миссии в обществе, и посетители и туристы посещают его в любое время года. В среднем горы ежегодно посещают более 300 000 человек, из которых около 7 000 иностранные туристы. Пора и дальше сохранять исторические и культурные памятники гор в соответствии с современными требованиями, передавать их будущим поколениям. Поэтому мы считаем, что государство и общественность должны уделять повышенное внимание на проблемы горы Сулайман-Тоо.

#### **Список литературы:**

1. Захарова А. Е. Сулайман-Тоо. Мифы, легенды, предания, исследования. Ош, 2013.
2. Заднепровский Ю. А. Поселение в эпоху бронзы. Ош, 1999.
3. Малтаев К. Ж. Сулайман-Тоо – древнейший поднебесный храм в Центральной Азии. Ош, 2000.
4. Асанканова С. А., Дружинина Е. В. // Ошский объединенный историко-культурный музей-заповедник. Фрунзе, 1987.

**Наби Олимович Хушваков**  
Ўзбекистан мемлекеті, «Шахрисабз»  
мемлекеттік музей-қорығының директоры,  
тарих ғылымдарының докторы

## **АКТУАЛЬНОСТИ СОХРАНЕНИЕ И ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫХ ПАМЯТНИКОВ В МУЗЕЙ ЗАПОВЕДНИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ**

В условиях происходящей в мире глобализации сохранение, бережное отношение и передача историко-культурного наследия будущим поколениям в настоящее время обретает всё большую актуальность. С этой точки зрения создание музеев или музеев-заповедников в качестве научных, культурно-просветительских организаций на территории исторического, природного наследия в развитых странах мира считается популярным видом деятельности. Вопросы сохранения материального и нематериального культурного наследия, координации работы музеев, совершенствования системы международного туризма основываются на «Конвенции ЮНЕСКО об охране всемирного культурного и природного наследия». что подтверждает приоритет международной значимости научных исследований в избранном направлении.

В настоящее время процессы развития международного туризма, всё более развивающегося в странах Средней Азии, во многих случаях связываются с деятельностью музеев и музеев-заповедников. Поэтому влияние различных музеев и обретение реальных форм их туристической значимости, основанные на вовлечение процессов развития музеев в сферу научных исследований, научно-сопоставительный анализ их экономических и коммуникативных аспектов и особенностей является актуальным. Следовательно, в различных регионах Средней Азии проводятся систематические научные исследования по изучению специфических сторон музейной деятельности, закономерностей их развития и местных особенностей.

ЮНЕСКО и ИКОМОС (Международный совет по сохранению памятников и достопримечательных мест) разработали рекомендации, пособия и инструкции по вопросам состояния памятников старины, хранящихся в музеях и музеях-заповедниках, сохранности экспонатов, их изучения и последней годы стали проводиться фундаментальные исследовательские работы по обобщению исследований в области музееведения, анализа литературы, созидательных работ по реконструкции и создания новых музеев.

Новизна исследования заключается на основе фактологических источников доказана насущная необходимость и востребованность совершенствования нормативно-правовых документов музеев-заповедников, музейной инфраструктуры в целом, фондов и экспонируемых на выставках памятников старины и образцов искусства.

Литература советского периода по истории и музееведению по своей сущности и содержанию характеризуются подходом с точки зрения коммунистической идеологии, классовости, но цельных работ по теме музееведения почти не встречаются. Следует отметить, что в этот период в произведениях В. В. Бартольда, Б. В. Лунина, Г. А. Пугаченковой, М. Е. Массона, и других [1, с. 167–433, с. 11–13] проведён анализ источников по археологии и истории архитектуры. В исследовании Н. И. Алимовой рассказывается о политике в области национальной культуры в Туркестане в период бывшей советской власти [2, с. 29].

К настоящему времени о деятельности и развитии музеев Узбекистана имеются работы Ж. Исмоиловой, М. Бекмуродова, М. Рашидовой, Р. Альмеева, Л. Маньковской, Д. Курязовой, Г. Фузаиловой, М. Хасановой, И. Илалова [3, с. 357]. Крупные исследования, посвящённые музеям Узбекистана, были созданы Р. В. Альмеевым, в которых избранная тема в определенной мере изучалась на примере музеев Бухары.

Следует особо подчеркнуть, что журнал «Мозийдан садо», который стал издаваться в годы независимости, вносит большой вклад в изучение истории и деятельности музеев Узбекистана. Каждая из этих статей посвящена проблемам, связанным с музееведением, и направлена на освещение определённых вопросов.

Р. Фатхуллаев отмечает, что использование компьютеров в музейной деятельности с 90-х годов прошлого века позволило сформировать информационную систему данной сферы, расширило возможности полноценной передачи информации [4, с. 8]. Д. Курязова в ходе своих многолетних исследований изучила ряд направлений налаживания музейного дела в Узбекистане и попыталась сформулировать свои окончательные выводы [5, с. 8].

Зарубежную историографию, из которых для сопоставительного анализа проблемы в процессе исследования были изучены ряд монографий, учебников и исследований по истории музеев России [6, с. 615] и Европы [7, с. 132], музейному делу, управлению музеями в обществе с рыночными отношениями, финансированию и другие теоретические, практические вопросы. В частности, история музеев всесторонне изучена российскими исследователями и в этом направлении были защищены ряд диссертаций [8, с. 132]. В литературе по музееведению в период Советского Союза музейные предметы определялись как предметы, связанные с общественными отношениями в сфере материальной и духовной культуры [9, с. 35].

Известный музеолог Словении З. Странский определял их как «музейные предметы, имеющие культурную, информационную и документальную ценность». Немецкий ученый, музеолог-теоретик В. Энненбах считает музейным предметом материал, свидетельствующий о взаимоотношениях природы и общества. Таким образом, среди музеологов-теоретиков в вопросе определения понятия «музейный предмет» не существует единого определения [10, с. 22]. В этом вопросе более приемлемым представляется определение, которое дано в Российской музейной энциклопедии, издаваемой с 2001 года [11, с. 405]. В ней определено, что предметы,

памятники, объекты естественной истории, созданные в результате деятельности человека в общественной жизни, движимые и недвижимые объекты, имеющие научную и культурную ценность являются музейными экспонатами. Также в ней подчёркивается, что «музейный предмет – движимый объект культурного и природного наследия, первоисточник знаний и эмоций».

Музейное дело изучали историки и зарубежных стран [12, с. 405]. Это можно наблюдать в научных изысканиях в области музейного искусства таких учёных, как Е. Степхен, М. И. Айбиндер, И. А. Новикова, Т. Ю. Юреньева, Ж. Варрен, И. Л. Поп, Ж. Пилип, Г. Нели, П. Котлер, И. Венду.

Разработка происхождения и генотипа народа представляет собой археологическое, этнографическое и биологическое фундаментальное исследование. Музейные фонды – это место для источников, где хранится генофонд нашего народа. Археологический объект или предмет – это выявленный в результате археологических изысканий движимый объект, относящийся к генотипу, который хранит в себе культурную или техническую информацию и связан с человеческой деятельностью. В Законе «О музеях» указано, что «музейный предмет – культурная ценность, качество или особые признаки которой делают необходимым в интересах общества ее сохранение, изучение и публичное представление» [13, с. 21–22].

В законах и подзаконных актах не содержатся конкретные указания или положения в отношении археологических объектов или коллекций, найденных гражданами. Например, не в полной мере отражается отношение гражданина к археологическому предмету или артефакту, случайно найденному в ходе хозяйственных работ на территории своего дома. На наш взгляд, и это закреплено в нашей Конституции Республики Узбекистан, все подземные богатства являются достоянием народа, значит археологические предметы должны безвозмездно передаваться в государственный музейный фонд как культурное достояние народа. В таком случае была бы пресечена деятельность «черных археологов», проводящих незаконные археологические раскопки на памятниках.

В расположении городищ с «длинными стенами» намечается закономерность: в долине Таласа они находятся на расстоянии 15–20 км. друг от друга в наиболее удобных участках долины: в местах впадения в Талас горных речек. В Чуйской долине закономерность расположения городищ еще более четкая – они расположены в предгорной зоне на месте конуса выноса горных речек на расстоянии 25–35 км. одно от другого. Остальные образуют северную внешнюю цепь в местах впадения горных речек, стекающих с Киргизского хребта, или в среднем течении реки Чу.

По данным письменных источников можно выделить три группы. Большие города, которые соответствуют крупным городищам Юго-Западного Жетысу: Тараз – городищу Жамбыл, Суяб – Ак-Бешим, Навакет – Красная речка, Нузкет – Шиштобе. К группе средних городов относятся Касрибас – городище Акыртас, Кулан – городище Луговое [2, 63–71]. К поселениям можно отнести несколько десятков памятников, в структуре которых нередко выделяются цитадели, шахристаны и пригородные участки. Некоторые поселения имели мощные крепостные сооружения, однако площадь их не превышает 4–6 гектаров, что характерно для поселений. Кроме того, к поселениям относились многочисленные «тортколи» – городища в виде четырехугольника [2, 131–184; 128].

О Кулане было известно уже в первой половине VIII в. Здесь в 739 или 740 г. был убит тюркский каган Ашина Синь тюргешским князем Курсулем. При халифе Мамуне в 810 г. арабы доходили до Кулана [3, 249–260]. В X в. аль-Макдиси писал о Кулане как об укрепленном городе с мечетью и подчеркнул, что город находился на большой таразской дороге, и он уже опустел [4, 82].

Первые археологические исследования городища Луговое провел В. В. Бартольд, описавший оборонительные стены городища при выезде из села Луговое (Тарты) [5, 49]. В конце 40-х гг. отряд Семиреченской археологической экспедиции, которую возглавил А. Н. Бернштам, исследовал на территории сельского округа городища поселение древних усуней, относящееся к первым вв. до н. э. – первым векам нашей эры [Материалы, 1949. С. 13].

Затем археологические исследования на городище были проведены в 1963–1965 гг. Семиреченской археологической экспедицией [6, 21–31]. В 1986–1991 гг.

раскопки на городище проводил К. М. Байпаков. В эти годы на городище Луговое раскапывалась загородная резиденция владельцев Кулана – тюргешей.

Продолжены были раскопки города Кулана в августе 2015 г. по Проекту 0005/ПЦФ-00-МКС/0-15-ОТ «Город Кулан» МОН РК – исполнитель ТОО «Казахский научно-исследовательский институт культуры» МКиС РК.

Раскопы были заложены на цитадели городища и на въезде в шахристан. Этот этап исследований продолжался в 2017 г. и был завершён в 2018 г.

### **Раскопки городища Луговое в 1963–1965 гг.**

*Замок Луговое А* расположен приблизительно в 1,5 км. к югу от центральных развалин городища Луговое (рис. 5–12). Это холм в виде усеченной пирамиды – «тепе с площадкой», который возвышается над общей поверхностью на 5 м. На вершине его имелась прямоугольная площадка (10 x 3 м.), вытянутая по линии восток – запад. Сам же бугор в основании имеет размеры соответственно 40 x 30 м. Холм со всех сторон окружен сильно оплывшей стеной, сложенной, как показал разрез, из пахсы. Четырехугольник стен ориентирован по сторонам света. Его восточная стена длиной 30 м, сохранившаяся высота 2 м., южная – 35 м., западная – 30 м. и северная – 40 м.

Въезд на территорию замка находился в середине северной стены. Полностью раскопано центральное сооружение, имевшее ступенчатую планировку, характерную для раннесредневековых замков. Замок состоял из 7 помещений. Зафиксировано два периода его обживания: VII–VIII вв. и IX–X вв.

Второй период жизни замка характеризуется некоторыми незначительными перестройками. Теперь все помещения изолированы друг от друга. Арочные проходы были заложены кирпичом и прорублены новые в толще наружных стен – каждая комната имела свой выход во двор. Уровень нового пола поднялся почти на метр и расстояние между ним и плечом свода сократилось до 1,4 м. Полы не обмазывались, обмазку заменял выровненный и утрамбованный строительный мусор, состоящий из кусков битого кирпича и земли. Стены, как и раньше, покрывались глиняной штукатуркой и слоем алебаstra. Световые люки, по всей вероятности, устраивались в сводах. Для этого периода характерно использование для поддержания сводов дополнительных деревянных опор у внутренних стен, судя по остаткам деревянных балок, встреченных в завалах.

*Усадьба Луговое Б.* Памятник находится в 3,5 км. южнее городища (рис. 13–22). Холм имеет высоту 5 м., размеры в основании по линии восток – запад – 25 м., север – юг – 20 м. На вершине холма имелась овальная площадка, вытянутая на 15 м. с востока на запад и на 10 м. с севера на юг. Это была усадьба. В одном из ее помещений находилось производственное помещение по переработке винограда. В нем располагались давяльные площадки и колодец-резервуар, соединенный при помощи гончарных труб с сокосборными чанами. Цистерны-чаны размерами 1,5 x 1,3 м. заглублены на 0,8 м., а давяльные площадки размерами 3,9 x 6 м., глубиной 0,4 м. Внутренняя поверхность чанов, давялен и колодца облицована слоем гальки и покрыта толстым слоем водонепроницаемого кыра. Колодец в

верхней части имеет размеры 2 х 2 м. и общую глубину 2,2 м., западная стенка отвесная, а три других имеют 5 покатых уступов. С восточной стороны колодца прослеживаются остатки очага, сложенного из кусков глины и плоских каменных плит. Здесь же обнаружено много угля, остатки обгоревшего дерева и золы.

Открытие винодельни подтверждает данные письменных источников VII в. о производстве и употреблении в Жетысу виноградного вина в раннем средневековье.

*Монументальная загородная постройка Луговое Г.* До начала раскопок это был отдельно стоящий бугор, расположенный в 2 км. к юго-востоку от центральных развалин и в 700 м. восточнее городища Луговое А, на территории, окруженной длинной стеной.

В топографии Лугового Г различаются центральная часть в виде бугра подквадратной в плане формы размерами в основании 45 х 40 м, высотой 5 м. и примыкающего к нему участка (50 х 70 м). Стена, окружающая двор, сохранилась на высоту 1,5–2 м. В центре двора прослеживается понижение от двух хаузов (водоемов).

Раскопки, проведенные здесь в течение нескольких полевых сезонов, установили существование трех разновременных построек, называемых ниже как «первоначальная постройка» или «первоначальное здание», «второй строительный горизонт».

В августе 2015 г. началось изучение цитадели городища Кулан. Основной раскоп был заложен на цитадели городища и на въезде в шахристан. В 2017–2018 гг. раскопки были продолжены.

На цитадели были выявлены слои тюркешского, карлукского, караханидского периодов. Результаты археологических работ 2015 года были опубликованы ранее. Там представлены материалы исследований помещений 2 и 3 (в предыдущих публикациях – 1 и 2), функционировавших VIII веке, во время правления тюркешей. Помещение 3 определено как тронный зал, где находилось «место почетного сидения». Стены украшали росписи, поверх которых позднее были нанесены резные графические рисунки (граффити). В помещении 2, предположительно культового назначения, расчищены северо-восточная, юго-западная ниши и фриз-пояс, поддерживаемый колонками-пилястрами [7, 29–66]. Перечисленные элементы интерьера были украшены резьбой по глине.




Рис. 2. Цитадель городища Луговое. Купольное помещение 6. Жертовник



Рис. 3. Цитадель городища Луговое. Помещение 8



Рис. 4. Цитадель городища Помещение 12 с алтарем огня

До возведения данного сооружения карлукского периода, дверные проемы всех трех помещений дворца были замурованы. При возведении сооружения стены дворца не были разобраны. Стены новых помещений были частично вписаны в пределы стен дворца, а также заняли свободную от застройки площадку.

В настоящее время выявлены пять помещений и два коридора сооружения карлукского периода, из них полностью и частично расчищены два помещения и два коридора.

Эпоха раннего и развитого средневековья – время сложения древнетюркских государств с их экономикой, культурой, внутренней и международной политикой. Особое значение играет выявление отношений города и степи и роли городов в цивилизационном процессе, их развития в рамках контактов по Великому Шелковому пути.

Городище Кулан одно из крупных городов тюркских государств, расположенный на Великом Шелковом пути. Археологическое изучение городища дало богатый материал, который дополняет имеющиеся сведения о культуре средневековых городов и дает представление о материальной и духовной культуре того времени.


Раскопками на цитадели вскрыта часть монументального сооружения замкового типа, с разно функциональными помещениями культового характера. Выявленное сооружение является основой сформировавшейся на протяжении веков топографии цитадели.

Обнаруженные конструкции уникальны тем, что имеют сравнительно хорошо сохранившиеся орнаментальные композиции, которые дают цельную картину.


Уникальным является использование изображений горных козлов и сцены охоты, присущих для наскального искусства в оформлении зала. Это свидетельствует о том, что в строительство и оформление интерьера сооружения велось местными мастерами, а не согдийцами, которым отводится роль строителей городов в регионе.

Еще одним немаловажным результатом работ явилось создание карта-схемы городища и прилегающей территории с применением новых компьютерных технологий. Карта-схема, на которой отображен весь куланский археологический комплекс, создана на основе космоснимков, что позволила документировать объекты с минимальными погрешностями. При помощи электронного тахеометра снят подробный топографический план центральной части городища, зафиксировавший современное состояние памятника. Топографический план городища позволил установить точные параметры памятника, его составных частей, которые неверно были отражены и различались в научных публикациях.


Продолжение исследований позволят получить новые выводы об урбанизации Казахстана, на примере городища Кулан, в древности и средневековье.



*Рис. 6. Цитадель городища Луговое. Керамическая курильница из помещения 12*



*Рис. 5. Цитадель городища Луговое. Керамическая курильница из помещения 12*



*Рис. 7. Дворцовый комплекс городища Костобе. Помещение 6 с алтарем огня. VIII–IX вв.*

### Список литературы:

1. Кожемяко П. Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. / Акад. наук Киргиз. СССР. – Фрунзе: 1959. – С. 65–130; 1963. – С. 154–224].
2. Кожемяко П. Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. / Акад. наук Киргиз. СССР. – Фрунзе: 1959. – С. 131–184; Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма–Ата. 1986. – С. 128.
3. Бартольд В. В. Сочинения. Том 1. 1963. – С. 260–249.
4. Волин С. Л. 1960. С. 82.
5. Бартольд В. В. Сочинения. Том 6. 1966. – С. 49.
6. Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма–Ата. 1986. С. 21–31.
7. Акылбек С. Ш., Смагулов Е. А., Яценко С. Я. Декоративное убранство резиденции тюркских правителей VIII вв. в цитадели г. Кулан // Культурное наследие Евразии. Алматы, 2016. С. 29–66.



**Марат Қымызұлы Тұяқбаев**  
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени  
музей-қорығының археологы,  
тарих ғылымдарының кандидаты

**Асылхан Әбдіқалиұлы Кәрім**  
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени  
музей-қорығының «Тарихи-мәдени  
мұра ескерткіштерін қорғау және  
есепке алу» бөлімінің басшысы

## **XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ**

Осыдан 2000 жыл бұрын қалыптасқан Ұлы Жібек жолы адамзатқа үздіксіз қызмет етті. Қола дәуірінде-ақ қалыптасып адамдарға б. з. д. III мыңыншы жылдардан бері игілігін тигізіп келген «Лазурит», «Нефрит», «Алтын», «Күміс», «Янтарь» және «Бұлғын» жолдары сияқты «Жібек» жолы да адамзат өркениетін, мәдениеті мен ғылым жетістіктерін дамыту мен алмасуда баға жетпес қызмет етті. Аттары-ақ айтып тұрғандай, алғашында қымбат тастар мен металдар және аң терісін сауда-саттықта пайдаланудан туып, қалыптасып үлкен жолдарға айналған бұл керуен жолдары мыңдаған жылдар бойы мемлекеттер, құрлықтар арасындағы күре тамыр қызметін атқарды. Солардың ішіндегі б. з. д. II ғ. Қалыптасқан Ұлы Жібек жолы XVI ғ. соңына дейін Шығыс Азия мен Батыс Еуропаны байланыстырған бірден-бір керуен жолы болып табылады. Әрине оның теңізбен де, құрлықпен де жүретін тарамдары одан көп бұрын қалыптасып үлгерген-ді, алайда, жолдың солтүстік тарамы деп аталған орта және Орта және Орталық Азиямен өткен соңғы тармағы адамзат өркениеттерінің дамуына үлкен де сүбелі үлес қосты десек қателеспейміз. Бүгінгі күндері бүкіл Евразия континенті елдері арасында экономикалық, саяси және мәдени байланысты барынша дамыту кезек күтпес мәселеге айналып отыр. Мұны шешудің бірден-бір жолы ежелгі замандардан бері екі құрлықты жалғастырып келген Ұлы Жібек жолын қайта жаңғыртып, қайта қалпына келтіру, сол арқылы құрғақпен, әуемен, теңізбен қалыптасқан байланыс жолдарына тағы бір саланы автожолдар жүйесін қосу болып отыр. Бұл арқылы жүк тасымалына кететін уақытты қысқартып, жүк көлемін ұлғайту, олардың түрлерін де анағұрлым арттыруға болатыны мәлім. Ол үшін ежелгі Ұлы Жібек жолы сүрлеуі ізімен жаңа Батыс Еуропа-Батыс Қытай автожолын салу қажеттігі туып отыр. Бұл жол тек экономиканы, сауда-саттықты дамытуға үлкен әсері болатыны анық, мәселеге үңіліп көрейік.

Халықаралық туризмді дамыту үшін шет елдерге алдымен өз елімізді танытуымыз қажет. Елбасы мен үкіметіміз бұл бағытта көптеген салада іс-шаралар атқарып жатқаны аян. Қазіргі күні шетелдіктер Қазақстанның қайда орналасқандығын, оның Астанасын жақсы біледі, ендігі кезек мәдени

мұраларымызбен таныстыру және инфрақұрылым жүйесін қалыптастыру. Мұның алғашқысы сонау 1998 жылдың мамырында-ақ қолға алынған болатын. Осы жылы Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық министрлігі Мәдениет комитеті дайындаған Мәдени мұралар тізімін ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізуге ұсынған болатын. Мұнда Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы археологиялық кешендерімен қоса Мерке маңындағы түркі ескерткіштері, Беғазы-Дәндібай, Тасмола мәдениеттерінің ескерткіштері, Ешкіөлмес, Арпаөзен петроглифтері, Қаратау палеолит ескерткіштері мен Отырар археологиялық ескерткіштері де аталған-ды. Бұлардың алғашқы екеуі Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізіліп те қойды [1]. 2012 ж. Астанада өткен ТҮРКСОЙ мүшелерінің үшінші кеңесінде Қорғалжын қорығына «ЮНЕСКО-ның биосфералық резерваты» мәртебесі берілді, сонымен бірге, Наурыз мейрамы да түркітілдес төрт мемлекеттің бастамашылығымен бейбітшілік мерекесі ретінде ЮНЕСКО-ға енгізілді. Осы кеңесте сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Дархан Мыңбай мырза «Мәдени мұра» бағдарламасының нәтижелерімен қатысушыларды таныстыра келіп «қазіргі күні Ұлы Жібек жолындағы ескерткіштерді жүйелеу мақсатында Қазақстан Қытаймен және Қырғызстанмен бірлесе отырып, «Жібек жолы трансұлттық сериялар атауы. Бастапқы учаскелер және Тянь-Шань дәлізі жолы желісі» жобасын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне ұсыну жөніндегі жұмысын бастады» деп қорытты [2].

Қазақстан Бүкіләлемдік мұраларды қорғау Конвенциясына мүше екені белгілі. Бұл Конвенцияға Орталық Азия елдерінің барлығы да тұрақты түрде есеп беріп отырады. Конвенцияның 6–7 баптарында мәдени мұраларды қорғауға ол елдердің жауапкершілігі жөнінен ортақ екендігі және бірлесе жұмыс істегендерін қолдайтыны және т. б. міндеттемелері айтылған. Осыған байланысты ЮНЕСКО және ИКОМОС-тың Бүкіләлемдік мұралар Орталығы Конвенцияға мүше елдердің тізімге бұрын белгісіз және нашар зерттелген мәдени нысандарын ұсынуға дайындауда жәрдем беруге шешім қабылдады және осының негізінде 2005 ж. трансұлттық нысандарды топтап (серийный) ұсыну идеясын ұсынған болатын. Идея жаппай қолдау тауып қазіргі күні Аргентина, Боливия, Чили, Колумбия, Эквадор мен Перу «Қарақпап Басты жолы» деген; Кения, Эфиопия, Танзания, Израиль және басқалары «Ұлы Рифт жазығы» деген; Австрия, Хорватия, Германия, Венгрия, Словакия мен Біріккен Корольдік «Рим империясының шекаралары» деген; Норвегия, Исландия, Португалия, Испания, Бразилия мен Капо-Верде «Орталық Атлантикалық жота» деген және басқа трансұлттық топтық ұсыныстар өмір сүруде. Мұны Орталық Азия елдері де қолдап Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан бірігіп «Жібек жолы» топтамалық ұсынысын дайындау үстінде екені белгілі.

Ұлы Жібек жолының б. з. д. II ғ. қалыптасып XVI ғ. соңына дейін бірнеше бағытпен шығыс пен батысты байланыстырғаны мәлім. Қытайдың Чанъань (қазіргі Сиань) қаласынан бастау алатын бұл жол Жерорта теңізі жағалауындағы елдерге дейін жетіп XVIII ғасыр бойы үздіксіз жұмыс істеп тұрды. Осы жолды

халықаралық туризм даңғылына айналдыру үшін жоғарыда аталған алты ел бірнеше рет кеңесу, ақылдасу, мәселелерді шешу мақсатында арнайы кездесулер өткізді. Олардың 2006 ж. Қытайдың Турфан қаласында, сол жылғы күзде Самарқанда және 2007 ж. Душанбеде өткен кездесулерінде Орталық Азия мен Қытай арқылы өтетін Жібек жолы топтық номинациясының Концепциясы талқыланып қабылданды. Келесі 2008 ж. Қытайдың Сиань қаласында өткен кеңесте Жібек жолы бойындағы Мәдени мұра нысандарының топтама ұсынысқа енетіндерінің Алғашқы жобалық тізімдерін дайындау мәселелері талқыланды. Жұмыс барысында қатысушы жақтардың жұмыс ауқымын реттеп отыратын Жоспар қабылданды. Кеңес жұмысына болашақта «Жібек жолы» топтамалық ұсынысы тобына енуі мүмкін Ауғанстан, Иран, Италия, Жапония және Монғолия елдерінің мемлекеттік органдары қызметкерлері де қатысты. Соңғы жылдары бұл топқа Оңтүстік Корея республикасы да қызығушылық білдіруде.

2009 ж. 18–24 мамыры аралығында «Жібек жолы» топтамалық ұсыныс мүшелері Алматыда кездесіп оның жұмысына Үндістан, Иран және Жапония елдері де қатысты. Кеңестің негізгі қол жеткізген келісімдері де қомақты болды, ол бойынша аталмыш тоғыз ел Бүкіләлемдік ғажайып құндылықтардың алғашқы жобалық нұсқасын бекітті. Сонымен бірге, жұмысты Реттеп отыратын Комитет құрылды, бұған топқа қатысушы әр елден екі өкіл енетін болды (жаңа мүше ретінде Непал қосылды). Сиань қаласындағы ИКОМОС-тың Халықаралық орталығы Комитеттің секретариаты ретінде жұмыс істейтіні келісіліп оның алғашқы кеңесі Қытайда 2009 ж. қазанында өтеді деп шешілді. Мұнан басқа Эксперттер тобы құрылды, мәліметтерді алмасатын веб-сайт құрылатын болды және әр ел өзінің Алғашқы жобалық тізімін жаңалап, толықтырып Бүкіләлемдік мұралар орталығына 2009 ж. қыркүйегінде ұсынатын болып келісілді. Қазақстан бұл кеңесте 11 нысанның ғана тізімін ұсынды, себебі, жұмыс барысында кейбір нысандарды тізімге енгізу үшін заң жүйесіне түзетулер енгізу қажеттілігі анықталды.

Мұнан кейінгі 2010 ж. ақпанында Швейцарияның Иттинген қаласында кездескен Реттеуші комитет номинациялық процестің алға қарай дамуын, трансшекаралық топтама ұсыныс дайындау тобының жаңа басшылығын бекітті. Комитеттің екінші кездесуі 2011 ж. мамырында Ашғабадта өтті, онда ИКОМОС-тың Тақырыптық зерттеулерінің нәтижесінде дайындалған номинация жасаудың Дәліздік түрі (Коридорный подход) қабылданып, алғашқы кезеңде ұсынылатын Дәліздік ескерткіштер құжаты қабылданып деп шешілді [3]. 2012 ж. шілдеде Пекинде өткен Реттеуші комитеттің жұмыс тобы Дәліздік түрдің алғашқы жобасын ұсынды, ол «Жібек жолы трансұлттық сериялық ұсыныс (номинация). Тянь-Шань дәлізінің бастапқы бөліктері мен жол тораптары» деп аталды. Қазақстан бұл жобаға Жетісу өлкесіндегі Жібек жолы бойына орналасқан 8 нысанды ұсынды, олар – Қаялық, Талғар, Қарамерген, Ақтөбе қалалары, Ақыртас кешені және Өрнек, Құлан, Қос төбе қалалары болатын [4]. Мұның алдындағы мамыр айында өткен кездесуде ескерткіштердің номинацияға дайындалатын құжаттары 2012 ж. 10 желтоқсанына дейін толық дайын болуы тиіс деп шешім қабылданған

болатын. Сонымен бірге, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан бірігіп ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра Орталығына финалдық құжаттарды 2013 ж. 1 ақпанына дейін өткізуі тиіс деп шешілді [5].

Орталық Азия өзінің даңқты тарихы мен есепсіз тарихи-мәдени нысандары бола тұра Әлемдік мұралар тізіміне ескерткіштері ең аз енгізілген аймақтардың бірі деп есептеледі. Осы уақытқа дейін аймақты құрайтын бес елден бар жоғы 11 мәдени нысан ғана тізімге енгізілген (оның да екеуі Қазақстандыкі). Бүгінде Бүкіләлемдік мұралар тізіміне әлемнің 187 елінен 936 нысан енгізілген, олардың 725-і мәдени, 183-і табиғи, 28-і аралас нысандар болып табылады.

Қазіргі күні Жібек жолы атауына қатысты оның басқа да бағыттары, салалары, қосалқы маршруттары басып өткен Қытай мен Жерорта теңізі аралығындағы 15 ел белгілі. Алғашқы бес ел бастаған бұл үрдіс болашақта олардың барлығына қозғау салады деп күтілуде, әзірдің өзінде бұл жобаға 18 ел қатысып отыр.

Ең алғаш дайындалып отырған жобада Орталық Азия мен Қытайдың ескерткіштері ұсынылмақшы, әрі қарай Жерорта теңізіне дейінгі ескерткіштер, онан соң үндісубконтинентіне қарай кеткен жолдар бойындағы Ауғанстан, Үндістан, Пәкістан т. б. қаралады деп күтілуде.

Қазақстан Республикасы Бүкіләлемдік тізімге топтама түрде 31 нысан ұсынып отыр. Қазақстан үшін бұл жобаның іске асуы ұлттық тарихи-мәдени мұраларды халықаралық дәрежеде насихаттауға, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізімін өз ескерткіштерімен толықтыруға, ескерткіштерін бақылау, консервациялау мен қорғау мәселелерін жоғары деңгейге көтеріп, жағдайларын түзетуге және халықаралық туризм жүйесін дамытып ел экономикасына да қосымша қаржы түсіруге мүмкіндік туғызатыны анық.

2013 жылы Бүкіләлемдік мұралар тізіміне Қытай, Қырғызстан, Өзбекстанмен бірігіп Қазақстан өзінің алғашқы 8 нысанын ұсынып отыр. Онан соңғы жылы Жібек жолының Сырдария бөлігіндегі 16 нысан, ашып айтсақ – Жуан төбе, Қараспан төбе, Күлтөбе, Түркістан, Сидак, Сығанақ, Жанқала (Жент), Жанкент, Күйік-кескен, Шірік-Рабат, Бәбіш-молла қалалары, Баланды қонысы мен Отырар, Жетіасар, оазистерінің қалалары, Сауран кешені, Бөріжары қорымы ұсынылады.

Әрі қарай Сарыарқа бөлігінен Бозақ қаласы, Маңғышлақ немесе Орал-Каспий бөлігінен Қызылқала, Жайық, Сарайшық қалалары, «Жібек жолының қалыптасуының ежелгі кезеңі» категориясы бойынша Боралдай, Есік, Бесшатыр қорымдары кезегімен ұсынылады.

Бұлардың ішінен «Отырар, Жетіасар оазистері» мен «Сауран археологиялық кешені» деген атаулардың әрқайсысында қосымша 2–3 ескерткіш қосылатыны белгілі (Сауран, Қаратөбе-Сауран, Жаңа Сауран, Міртөбе және Сауран кәріздері деген сияқты). Сонымен, бұрын өткізілген екі ескерткішті қоса есептегенде жалпы саны 40-қа жуық ескерткіш Қазақстан жағынан Бүкіләлемдік мұралар Тізіміне енгізілді. Бұл бұрын болмаған үлкен жетістік.

Ендігі кезекте Қазақстан территориясымен өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолын халықаралық туризм дамыту ісінде мүмкіндігінше тиімді пайдалану міндеті тұр. Бұл жол жайлы идея 2000-шы жылдардың ортасынан бері

талқыланып келеді.

Ресей мен Қазақстан арасында бірнеше транспорттық дәліздер құру екі жақты келісімдерде де, әртүрлі халықаралық конференцияларда да әңгіме болып келе жатқан болатын. Батыс Қытай – Батыс Еуропа арасында транспорттық магистральдар салу жобасы көтерілген кезде БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхит елдері бойынша экономикалық комиссиясы бұл мәселемен шындап айналыса бастады. Негізгі сараптамашылардың пікірінше Орталық Азиялық аймақ таяудағы 20–25 жыл бойы Батыс Еуропа мен Батыс Қытайды байланыстыратын басты көлік учаскесі болады. Батыс Қытайдан шығатын жолдың Алматы, Шымкент бағыты ең көп қаражат жұмсалатын да, ең пайдалы да, қайтарымы мол бөліктер болмақшы. Тап осы бөліктер арқылы Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан өз тауарларын үлкен жолға шығарып, шет ел тауарларын өзіне кіргізу мүмкіндігіне ие болады.

Жол әрі қарай Ақтөбе арқылы Ресейге, Беларусьқа, одан әрі Польша, Германия мен Францияға өтеді және Батыс Еуропа мен Қытай арасындағы тауар тасымалына кететін уақытты 3,5 есеге дейін қысқартады. Егер, Қиыр Шығыстан теңіз жолы арқылы Азияны айналып Суэц каналы арқылы Еуропаға жүк апаруға 45 күн, ал, Транссібір темір жолы арқылы Ресей жерімен жүк тасымалына 15 күн кететін болса, Батыс Қытай – Қазақстан – Ресей – Батыс Еуропа жолы арқылы 10-ақ күнде жеткізуге болады. Сонымен бірге, Қытай – Орталық Азия және Қытай – Ресей жүк тасымалын одан да қысқа мерзімде атқаруға қол жетеді деп күтілуде. Бұл дәлізді салу мәселесі 2006 ж. Ресей транспорт министрі И. Левитинмен және Қазақстан-Қытай іскерлік Комитеті мамандарының кездесуінде де басты тақырып болды.

Жобаның ресми атауы тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 ж. 6 сәуірдегі № 310 «Қазақстанның 2030 ж. дейінгі Стратегиялық дамуын іске асыру жайлы қосымша шаралары» атты Жарлығында, соңыра Елбасының 2008 жылдың 6 ақпанында Қазақстан халқына арналған Жолдауында аталып өтті.

2007 ж. желтоқсанында Қазақстан мен Ресейдің транспорт жөніндегі ұжымдары басшылары бұл жобаны БҰҰ-ң Азия мен Тынық мұхит елдері автомобиль жолдарының ЭСКАТО келісімі құрамына енгізу мәселесін қарастырды. Біздің елімізде 2008 жылдың сәуірінен бастап автодәліз құрылысы «шешуші жоба» деп жарияланды.

2008 ж. 22 қыркүйегінде Ақтөбе қаласында Қазақстан Республикасы Транспорт және коммуникация Министрлігі мен Ресей Федерациясының Транспорт Министрлігі арасында «Санкт-Петербург – Қазан – Орынбор – Ақтөбе – Алматы – Қытай шекарасы» маршруты бойынша автокөлік жолын дамыту жайлы меморандумға қол қойылды. Осындай екі жақты түсіністік жайлы меморандумға Қазақстан мен Қытайдың транспорт Министрліктері

2009 ж. 16 сәуірінде қол қойып «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автотранспорт дәлізін құруға шешім қабылдады. 2009 ж. 11 маусымында Еуропа Комиссиясы мен Қазақстан арасында көлік жолдары жүйесін дамыту мәселесіндегі түсіністік жайлы меморандумға қол қойылды.

Енді жолдың өзіне келер болсақ: Санкт-Петербург – Москва – Нижний Новгород – Қазан – Орынбор – Ақтөбе – Қызылорда – Шымкент – Тараз – Қордай – Алматы – Қорғас – Үрімші – Ланьчжоу – Чженьчжоу – Ляньюньган қалалары арасы 8445 км-ді құрайды. Оның 2233 км-і Ресей арқылы, 2787 км-і Қазақстан, 3425 км-і Қытай арқылы өтеді. Қазақстан бойынша жол бес облысты – Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарын басып өтеді, мұндағы 2452 км<sup>7</sup> жол қайта салынады. Жобадағы Қазақстандық бөліктің құны 825,2 млрд. теңгені құрайды, мұндағы 1390 км-лік Қызылорда – Түркістан – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас бөлігі 4 қатарлы I-техникалық категорияға жататын жол болса, 1062 км-лік Ресей шекарасы – Мартөк – Ақтөбе – Қарабұтақ – Қызылорда бөлігі II-техникалық категорияға жататын жол түрінде салынады.

Бүкіл дәліз бойынша жолдың геометриялық өлшемдері (бұрылыстар, сайлар, еңістер, көріну қашықтығы) түзетілуде, жол бойының экологиялық және санитарлық жағдайын түзету үшін ірі елді мекендер – Ақтөбе, Шаған, Арал, Қызылорда, Шиелі, Жаңақорған, Түркістан, Иқан, Темірлан, Шымкент, Тараз, Құлан, Тасқарасу, Жаркент қалалары мен қоныстарын және Қордай, Машат, Күйік сияқты асуларды айналып өту көзделген.

Жобаны іске асыру үшін қаржыландырудың үш көзі ашылды. Республикалық бюджеттің есебінен Қарабұтақ – Ырғыз – Қызылорда облысының шекарасы арасындағы жол бөлігі 136,1 млрд теңгеге қайта салынады, бұл қаражат Ақтөбе қаласын солтүстік жағынан айналып өтуге, Шымкент қаласы арқылы өтуге және Үлкен Алматы Айналма автожолына шығуға да жетеді деп есептеліп отыр.

Қаржыландырудың екінші көзі ретінде халықаралық қаржы институттары анықталған, олар бұл жобаға 3,4 млрд. АҚШ долларын бөлмекші. Олардың 2,125 млрд. долларын Халықаралық даму және реконструкциялау банкі (МБРР), Азия даму банкі – 700 млн. долларын, Ислам даму банкі – 398 млн. долларын және Еуропа даму және реконструкция банкісі – 180 млн. долларын бөлуді өз мойындарына алған. Мұнда, Халықаралық даму және реконструкциялау банкісінің өз тарихында бұл тұңғыш рет белгілі бір елге бөлген ең үлкен көлемдегі заемдық қаржысы екендігін естен шығармауымыз қажет.

Қаржыландырудың үшінші көзі есебінде концессиялық негізде 266,6 млрд. теңге көлеміндегі жекеменшік инвестицияларды тарту көзделген. Бұл қаражатқа жолдың Алматы – Қорғас және Ташкент – Шымкент – Жамбыл облысының шекарасы арасындағы бөліктері қайта салынбақшы.

Бұл жоба біткен кезде жол Қытай – Қазақстан – Ресей – Батыс Еуропа сияқты үш бағытта жұмыс істейтін болады.

Жобаның техникалық-эксплуатациялық негіздерін сараптау барысында жүргізілген зерттеулер 2020 жылы бұл бағыттағы жүк тасымалдау көлемі 2,5 есеге артатындығын көрсетті (Шамамен жылына 50млн. тонна жүк). Бұл жоба арқылы жолға кететін уақыттың қысқаруы есебінен жылдық экономикалық үнемдеудің өзі 33,9 млрд. теңге, жол апатының саны қысқаруы есебінен 49,9 млн. теңге, аймақтық өнім өндірудің көлемі өсуі есебінен 82,9 млрд. теңге табыс әкеледі деп күтілуде. Жол бойындағы аймақтардың дамуына да әсер ететін бұл жобаны

іске асыру барысында 50 мың адамға дейін жұмысқа тартуға болатындығы жоспарланған. Ірі және орташа кәсіпкерлік, сервистік өндіріс ісі, туризм мен экономиканың басқа да салалары тың серпінмен дамиды деп үміт етіліп отыр.

Жоғарыда Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілетін 40-қа жуық тарихи-мәдени ескерткіштердің барлығы осы жол бойына орналасқан. Бұл халықаралық туризмді дамытуға аса ыңғайлы, ендігі кезекте Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан мен Қытай және Ресей Сыртқы істер, Мәденеиет, Туризм саласындағы министрліктері мен комитеттері халықаралық туризмді дамыту мақсатында, турист алмасу және туристердің шекарадан өтуін жеңілдету үшін бір ғана виза жүйесін (Шенген визасы сияқты) құрса жақсы болар еді. Шет елден арнайы келген туристер бір ғана елмен шектелмей жоғарыдағы елдердің кез-келгеніне еркін кіріп-шыға алатындай жағдай туғызғанда ғана халықаралық туризмді дамытуға жол ашылатыны анық.

#### **Әдебиеттер мен дереккөздер:**

1. Правительство Республики Казахстан, Министерство Образования, Культуры и Здравоохранения, Комитет культуры. Номинация в Список Всемирного Наследия. Республика Казахстан. Предварительный список объектов культурного наследия. Май 1998г.(перевод с английского) [Ксерокопия] Архив «Казреставрация».

2. Құланбай Ә. Тарихи-мәдени құндылықтарды жаңғыртуға ниеттестік // «Егемен Қазақстан», 2012 ж. 14 қыркүйек. № 604–605 (27678). 3-бет). Бұл трансұлттық серияларға түсініктеме беру үшін аздаған шегініс жасағанмыз жөн сияқты.

3. Вторая встреча Координационного комитета по Серийной номинации Шелкового пути в Список всемирного наследия. 3–6 Мая 2011 г., Ашгабат, Туркменистан. [Ксерокопия протокола от 6 мая 2011 г.] Архив РГП «Казреставрация».

4. Отчет о первом заседании рабочей группы Координационного комитета по вопросам «Транснациональный Серийной номинации Шелковый путь. Начальные участки и сеть дорог Тянь-Шаньского коридора». г. Пекин, 8–14 июля 2012 г. [Ксерокопия отчета] Архив РГП «Казреставрация».

5. Соглашение Государственного управления по охране культурного наследия Китайской Народной Республики, Министерства культуры и информации Республики Казахстан и Министерства культуры и туризма Кыргызской Республики о Серийной транснациональной номинации Шелкового пути в Список Всемирного наследия ЮНЕСКО, его координации, сохранения и управления: Начальный участок и сеть маршрутов Тянь-Шанского коридора. 15 мая 2012 г. [Ксерокопия отчета] Архив РГП «Казреставрация».

**Сәбит Тұрлыбекұлы Пәрменқұл**  
«Отырар» мемлекеттік  
археологиялық музей-қорығының  
«Археология ғылыми-зерттеу»  
бөлімінің басшысы

## **КӨНЕ ДӘУІРДІҢ ҚҰЛШЫЛЫҚ ОРЫНДАРЫ**

Археолог-ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, тарихи-мәдени мұра объектілері тығыз орналасқан Жамбыл облысы аймағында алғашқы тіршілікті палеолит дәуірінен (көне тас ғасыры) бастап мекен ете бастаған. Бұл жерде тіршілікке қолайлы, сулы өзендер мен қарт Қаратаудың бөктері адамдардың тіршілік етуіне ең қолайлы мекен екендігі айтпаса да түсінікті жай екендігі белгілі.

Палеолит дәуіріне тән ең көне ескерткіш Талас өңірінен анықталып отырған Тәңірқазған, Бөріқазған тұрақтары жоғарыда айтылған пікірімізді нақтылайды.

Жамбыл облысы территориясынан сонымен қатар, барлық дәуірдің ескерткіштерін кездестіруге болады. Бұл сөзімізді қазіргі таңда тұрақты түрде зерттеу жүргізіп келе жатқан археолог-ғалымдарымыздың еңбегінен көре аламыз.

Ендігі кезекте осы өңірге 2009–2012 жылдары аралығында Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Ғылыми Кеңесінің ұсынысымен Жамбыл облысы әкімдігіне қарасты Мәдениет басқармасының «Тарихи–мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» тапсырыс бойынша атқарылған ескерткіштер жинағын жасауда кездескен, назар аударуға тұрарлық бірқатар ескерткіштерге тоқтала кетуді және ғалымдардың назарын аударуды жөн санап отырмын. Бұл жерде ескерткіштің бір ғана түрі емес, қола дәуіріне тән жартаc суреттерімен қатар, ерте темір дәуірі мен түркі кезеңіне тән жерлеу орындары, тас қоршаулар туралы айтқым келіп отыр.

2009 жылы Жамбыл облысына қарасты Қордай ауданының ескерткіштері жинағын жасау барысында оннан астам жартаc суреті орындары анықталып, географиялық координаттары алынып, ғылыми сипаттамасы жазылды. Солардың ішінде айрықша назар аударарлық ескерткіштің бірі әрі бірегейі ретінде Соғанды жартаc суреттерін айтуға болады. Бұл жерде ескерткішті айтпай тұрып, Соғанды атауына қысқаша мәлімет бере кеткенді жөн санап отырмын.

Көнеден жеткен жер-су атауларының шығу тарихын зерттеуде тарихи оқиғалар мен тайпалардан бөлек, жер бедерінің географиялық орналасу процесі де бізге көптеген мағлұмат беретіні белгілі. Бұл жерде Соғанды атауының шығу тарихының өзін бір ғана зерттеу жұмысы арқылы толық ашу мүмкін емес. Бір деректе бастауын Қаратаудан алатын өзен суы таудағы қар еріп, мөлшерден тыс жауған жауын-шашын әсерінен өткел бермей мал мен адам шығындары жиі болып тұрады екен. Соның негізінде өзеннің бастапқы атауы «Суы қанды», «Суық қанды» болып аталғанымен уақыт өте келе «Соғанды» деп аталып кетуі мүмкін деген пікір қалыптасады.

Ел арасында сақталып отырған этимологиялық атаулардың шығу негізін



анықтауда тарихи оқиғалар мен осы жерді мекендеген тайпаларға тиесілі ішкі тілдің заңдылықтарымен байланыстыра отырып зерттеу қажет деп білемін.

Соғанды жартас суреттері Қордай ауданы, Бетқайнар ауылдық округіне қарасты Соғанды ауылының солтүстік-шығысында, ауылмен аттас өзен бойында орналасқан. Аталмыш ескерткішке 2009 жылы Қордай ауданы ескерткіштер Жинағы экспедициясы (С. Ақылбек, С. Пәрменқұл) зерттеп, координаттарын алған. Соғанды суреттері өзенді жағалай орналасқан жартастарда 1 км. бойында кездеседі. Бұл жерде сонымен қатар, әртүрлі ғұрыптық ескерткіш орындары да анықталған болатын. Атап айтар болсақ, өзеннің жағалаулары осы тұста тас қоршаулармен 2 км. бойына қоршалған. Қоршаулар өзектердің аузын жауып тұр. Жартастар астында, өзен жағасындағы тегіс жерлерде дөңгелек және тікбұрышты қоршаулар кездеседі.

Соғанды өзені бойынан анықталып отырған жартас суреттері беті патинамен көмескі жабылған метаморфтық сланецтің тегіс беттеріне қашалып салынған. Бұл жерден анықталып отырған суреттердің басым көпшілігі топтап және жекелеп салынған тау ешкі бейнелерінен тұрады. Және бір назар аударатын жәйт, қола дәуіріне тән жартас суреттерінің арасында контур түрінде салынған тау ешкі суретін ортағасырға жатқызып отыр. Бұған қарап, жартастарға аң бейнесін салу ортағасырда да жалғасын тапқан деп болжауға болады. Қола дәуіріне тән, сызық тәсілімен салынған суреттер ішінде басым бөлігі тау ешкі бейнелері мен атқа қонған садақшылар, түйе суреттері кездеседі. Сонымен бірге, бұл жерде ерекше тоқталуға тұрарлықтай жартас суреттерінің ішінде ұзындығы 1,5 м., биіктігі 1 м. келетін бұқа суреті ерекшеленеді. Жетекке жүрмей немесе шауып келе жатқан бұқа денесі нақты дәлдікпен салынған. Яғни, аса бір үлкен қозғалыста тұрған бұқа бейнеленген. Бұқаның басы мен мүйізі аталмыш жануарға тән емес. Яғни, басы тау ешкінің басына келіңкірейді. Бұқа суреті контурлы, іші нүктелеу тәсілімен толтырылған. Суреттің бұл бөлігінде патина түсінде ақшылдау келген. Бұқаның бас жағына кейіннен, бұқаны садақпен атып тұрған екі аңшының суреті бейнеленген. Осы тастың бетінде, бұқа суретінен төмен сол жақта бұғы суреті нүктелеу тәсілімен салынған. Жалпы, тасқа сурет салу көне дәуір адамдарының шаруашылығынан, тұрмыс-салты мен жол-жоралғыларынан, дүниетанымынан, жалпы шаруашылық саласы мен наным-сенімдерінен мәлімет беретін бірден-бір дереккөз екендігі белгілі.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, өзен бойы тұтасымен таспен 2 км. бойына қоршалған. Бұл жерден сонымен қатар, жартас асты мен өзен жағалауларындағы тегіс жерлерде дөңгелек және тікбұрышты қоршаулар барын айтқан болатынбыз. Бұл қоршаулардың салыну формасына қарап қола дәуіріне тән жеке иеліктен тұратын тұрғын үй орындары болуы мүмкін деп жорамалданып отыр. Әрбір қоршау патриархалдық-рулық немесе белгілі бір әулетке тиесілі ғұрыптық қоршауы болуы да мүмкін. Бұл жерде толық зерттеу жұмысын жүргізбей нақты бір шешім қабылдау қателік болған болар еді. Археологиялық ескерткіштер қатарында ерекше орны бар жартас суреттері сол кезеңде өмір сүрген тайпалардың тұрмыс-тіршілігін, санасы мен мифологиялық дүниетанымының қалыптасуын,

хронологиясын зерттеуде үлкен үлес қосады. Жартас суреттерін зерттеуде басты назарға алатын мәселенің бірі суреттің салыну технологиясын анықтау және мерзімдеу, жекелеген және топтап салынған суреттердің ішкі мазмұнын зерделеу арқылы суреттерді салған адамдардың ішкі дүниетанымы анықталады десек, Қордай ауданынан анықталып отырған жартас суреттеріне кешенді зерттеу жүргізу арқылы бұдан да көп мәліметке қол жеткізуге болатыны белгілі. Бұл жерде арнайы мамандардың көмегі қажет және алдағы уақытта арнайы зерттеу жүргізе отырып Қазақстанның тарихына елеулі үлес қосуға болады.

Сонымен қатар, 2011 жылы Т. Рысқұлов ауданының ескерткіштер жинағын жасау барысында бұрын-соңды кездеспеген ерекше деп айтуға тұрарлық ескерткіш анықталды.

Шаруашылықтың қайсыбір түріне болмасын қолайлы, табиғи байлығы мол Жамбыл облысынан анықталып отырған ескерткіштердің басым бөлігі ерте темір және көне түркі дәуіріне жататын обалы қорымдар болып табылады. Тас пен топырақтан үйілген обалардың басым бөлігі тау үсті жазықтары мен таудың күнгей бетінде орналасқан. Бұл жерде тау алды жазық беткейлерге қойылған обалы қорымдардың көптігі сондай, тіпті кей жерлерде аяқ алып жүргісіз десек те болады. Обалы қорымдардан бөлек тас қоршаулар да ерекше назар аударады. Тік жартасты тау алды жазық беткейлер мен өзен бойынан анықталып отырған қоршаулардың нақты қашан және нендей мақсатта салынғаны туралы нақты дерек немесе ғылыми тұжырым өте аз кездеседі. Ғалымдардың еңбектерінде тас қоршаулар жайында жалпылама түсінік берілгенімен тұрақты зерттеу жүргізілмеген. Көлемі әркелкі болып келетін қойтастардан қаланған қоршаулардың салыну формалары да әртүрлі. Жартасты жерлерде қоршаулар кішірек, формалары төртбұрышты және дөңгелек етіп салынып, аралары топырақпен бекітілген. Сақталуы жақсы бірқатар қоршаулардан кіретін есік орнын көруге болады. Шу ауданы, Көкқайнар ауылының солтүстік-шығысынан 26 км. жерде, Сарыбұлақ тауының солтүстік-шығыс сілемінде, Сарыбұлақ өзенінің аңғарынан анықталған қоршаулардың салыну үрдісінің өзгешелігімен қатар, мұндағы қоршаулардың көптігі де назар аударады. Диаметрлері 11–16 м. аралығында салынған қоршаулар шамамен 250–300 м-ге созылып жатыр. Бұлардың қатарында 3 немесе 5 бөлмелі, кіре-беріс есік орындары сақталған қоршаулар да кездеседі. Сонымен қатар, қоршаулардың бірқатарында тігінен кішірек тас бағаналар қойылған. Пішіні балбал тастарға келетін мұндай бағаналардың ешқайсысынан өрнек не болмаса таңба іздері анықталмады. [1, 264].

Ал, тау алды жазық беткейлерге салынған қоршаулар кейде дөңгелек пішінді етіп салынса, кей жерлерде тау етегін немесе өзен жағалауын бөктерлей салынған. Дөңгелек пішінде етіп салынған қоршаулардың көлемі үлкен, кей жерлерде диаметрі шамамен 100–200 метрге дейін жетеді. Қоршау тұрғызуда бір жерлерде үлкен қойтастар пайдаланылса, бір жерлерде жалпақ тастардан екі-үш қатар етіп қырынан қаланып, орталары ұсақ тастармен, топырақпен бекітілген. Ерте темір дәуіріне жатқызылған мұндай тас қоршаулардың бірі Жамбыл облысына қарасты Қордай ауданынан анықталды. Жаңатұрмыс ауылының солтүстігінен

11 км. жерде, Жаңылсай өзенінің сол жағалауынан, тауды бөктерлей шығыстан батыс бағытында салынған қоршаудың жалпы ұзындығы 100 м-ді құрайды. [2, 119–120].

Ғұрыптық дәстүрлерді өтеу мақсатында салынған мұндай қоршаулар заманында маңызы жоғары болғандығына ешкім шек келтіре алмайды. Т. Рысқұлов ауданына қарасты Өрнек ауылы маңынан, Шыбынды өзенінің сол жағалауында орналасқан қоршаудың салыну үрдісінің ерекшелігі өз алдына, қоршаудың батысынан 50 м. жерден құрбандық шалынатын орынның анықталуы қызығушылығымызды арттырып отыр. Құрбандық орны жер астынан шығып жатқан қызыл түсті табиғи тастан қашалып жасалған. Формасы сопақша, баспалдақты етіп жасалған бұл тасты бастапқыда көсем немесе дінбасы отыратын орын ретінде пайдаланған болуы керек деген пікірге келген болатынбыз. Алайда, жасалу формасына қарап ерте темір дәуіріне не болмаса көне түркі дәуіріне тән құрбандық шалып, құлшылық жасайтын жер болған деген пікірге тоқталып отырмыз. Өзен бойына салынған қоршаулардың ішінде бірқатар қойтастарға петроглифтер салынған. Бұл жерде тағы бір назар аударарлық жәйт қоршау мен осы жерде кездескен жартаc суреттерінің салыну үлгісіне қарап қола дәуіріне жатқызылса, жоғарыда айтып өткен құрбандық тасын ортағасырға жатқызған болатынбыз. Бұл жерде әрине, әлі де кешенді зерттеуді қажет ететіндігі белгілі. Алдағы уақытта зерттеу жұмысын қолға алатын болса Жамбыл өңірінің тарихы тың деректермен толыға түсері сөзсіз.

Тарихы тереңнен бастау алатын Жамбыл облысында мұндай тарихи ескерткіштер көптеп саналады. Мерке-Жайсан түркі ғұрыптық кешені, Тектұрмас кешені, Қарахан, Айша бибі кесенелерімен қатар Ақыртас бекінісі, Ежелгі Тараз және Құлан қалажұрттары бүгінгі ең тиімді табыс көзі болып табылып отырған археологиялық және мәдени-танымдық туризм саласына өздігінен сұранып тұрған бірден-бір объект. Алдағы уақытта арнайы жұмыс тобын құрып, жана жобалар дайындау арқылы Ежелгі Тараз өңірінің тарихын кеңінен насихаттауға жол ашуды бүгінгі күнде басты мәселе ретінде қарауды қажет деп санаймыз.

#### **Әдебиеттер мен дереккөздер:**

1. Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Шу ауданы. – Алматы. 2012. 264 б.
2. Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Қордай ауданы. – Алматы. 2010. 119–120 бб.

**Омар Абдуллаұлы Жексенбаев**  
Н. Төреқұлов музей филиалының  
меңгерушісі

**Бағлан Кенбайұлы Ташимов**  
Н. Төреқұлов музейінің  
аға ғылыми қызметкері

## **«ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ» ЖОБАСЫНЫҢ ТУРИЗМ РЕТІНДЕ БОЛАШАҒЫ**

Әлемдік туризм индустриясы туристер мен экскурсиялардың үнемі өсіп келе жатқандығымен, аймақтар мен қабылдаушы елдер арасындағы бәсекелестіктің артуымен сиапталады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының әлемдік туристік нарықта өз орнын табуға бірегей мүмкіндік бар, өйткені біздің мемлекет табиғи ландшафтары, күрт қарама-қайшы климаттық аймақтардағы көркем аймақтарымен ерекшеленеді, сапар халықаралық туристердің кең сұранысын қанағаттандыра алады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Жаңа Ұлы Жібек жолы халықаралық туристік жобасының белсенді қатысушысы болып табылады. Ұлы Жібек жолы – Қытайдан Таяу Шығыс және Еуропа елдеріне апаратын керуен жолдарының жүйесі. Бұл сегменттің едәуір бөлігі Орта Азия мен Қазақстан аумағы арқылы өтті. Жібек жолы сауда жолы ретінде біздің эрамызға дейін III ғасырда пайда болып, біздің ғасырдың XVI ғасырына дейін созылды. Ежелгі керуен жолының солтүстік тармағы Қазақстан арқылы өтті. Антикалық дәуірдегі Қазақстан бөлігінде негізгі қалалар Отырар, Түркістан, Тараз, Испиджаб болды. Қазіргі Қазақстанда негізгі аймақтар – Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Маңғыстау және Қызылорда облыстары кіреді. Жаңа Жібек жолы – әлемдік экономика мен мәдениетте маңызды орын алатын, сауда, туризм және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған стратегиялық жоба. Бұл жоба Шығыс пен Батыстың арасындағы тарихи байланыстарды жаңартып, Қазақстан және Орталық Азия елдері үшін туризмнің жаңа мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Осы мақалада Жаңа Жібек жолының туризм саласындағы болашағы мен даму жолдары талқыланады.

### **1. Жаңа Жібек жолының тарихы мен маңызы.**

Жаңа Жібек жолы – қазіргі заманғы экономикалық және мәдени интеграцияның маңызды аспектісі. Бұл жоба Шығыс пен Батыс арасындағы дәстүрлі байланыстарды жаңғыртып, елдердің арасындағы өзара ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Жаңа Жібек жолы тарихы мен маңызына тереңірек үнілу арқылы оның қазіргі кезеңдегі рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Жаңа Жібек жолы концепциясы – дәстүрлі Жібек жолын жаңғыртуға негізделген. Бұл жоба экономикалық, мәдени және саяси байланысты нығайту мақсатында жүзеге асырылуда. 2013 жылы Қытай Халық Республикасының президенті Си Цзиньпиннің бастамасымен жарияланған бұл жоба, қазіргі заманғы

инфрақұрылым, сауда және инвестицияларды тарту арқылы Орталық Азияны дамытуға арналған [1]. Жаңа Жібек жолының мақсаты – Жаңа Жібек жолы экономикасы глобализация үдерістерінің белсенді қатысушысына айналуға мүмкіндік береді. Ол Шығыс және Батыс елдері арасындағы сауда-саттықты жандандырып, инвестицияларды тартуға бағытталған. Сонымен қатар, көлік және коммуникация инфрақұрылымын дамыту, теміржол, автомобиль, теңіз және әуе тасымалдарын жақсарту, сауда маршруттарын жеңілдету және логистикалық хабтарды дамыту осы жобаның құрамдас бөлігі болып табылады. Жаңа Жібек жолы мәдени алмасу мен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жобаның аясында мәдени фестивальдер, білім алмасу бағдарламалары және туристік маршруттар ұйымдастырылып, елдер арасында өзара түсіністік пен достықты нығайтуға ықпал етеді. Геосаяси маңызына келетін болсақ Жаңа Жібек жолы Еуропа мен Азия арасындағы экономикалық дәлізді кеңейтіп, халықаралық сауданың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Жоба экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, туристік ағындарды көбейтуге, әрі елдер арасындағы мәдени байланысты нығайтуға мүмкіндік береді.

## **2. Туризмнің дамуы.**

Туризмнің дамуы экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағынан оң әсер ететін сала. Жаһандық туризмнің өсуі елдер арасындағы байланысты нығайту, мәдени алмасу, экономикалық даму мен жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Туризмнің болашағы цифрландыру мен тұрақты даму принциптерін ескере отырып, жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық шешімдерді енгізуді талап етеді. Туризмнің дамуы әр елдің экономикалық өсімі мен әлеуметтік-мәдени өміріне ықпал етеді. Жаңа Жібек жолы арқылы туристік маршруттардың кеңейуі Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің мәдени және тарихи мұрасын ашуға мүмкіндік береді. Бұл аймақтағы мәдениет, өнер, археология және экотуризм салаларына сұраныс артып келеді. Туризмнің түрлеріне тоқталатын болсақ. Мәдени туризм: Жаңа Жібек жолы бойында тарихи ескерткіштер мен мәдени орындар орналасқан. Мысалы, Тараз, Түркістан, Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары. Осы қалалар мәдени туризмнің дамуына ықпал етеді. Экотуризм: Орталық Азияның табиғи сұлулығын, таулар мен жазықтарды зерттеу мүмкіндігі. Аймақтағы ұлттық парктер мен қорықтар экотуризмді дамыту үшін керемет мүмкіндіктер ұсынады. Тарихи туризм: Жаңа Жібек жолы бойындағы тарихи ескерткіштер мен ежелгі қалаларды аралау, тарихи оқиғаларды зерттеу туристер үшін ерекше қызығушылық тудырады [2].

## **3. Туризм инфрақұрылымы.**

Туризм инфрақұрылымы – туристік қызмет көрсетуді қолдауға бағытталған объектілер мен жүйелердің жиынтығы. Ол туристердің сапарларын жеңілдету, олардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету үшін маңызды рөл атқарады. Инфрақұрылымның тиімділігі туризм саласының дамуына, экономикалық өсімге және жергілікті халықтың әл-ауқатына әсер етеді. Жаңа Жібек жолының туристік әлеуетін іске асыру үшін инфрақұрылымды дамыту қажет. Бұл: көлік желісін жетілдіру, автомобиль, теміржол, әуе қатынастарын дамыту, туристік қызмет

көрсету, гидтер, қонақ үйлер, ресторандар мен мәдени шараларды ұйымдастыру. Ақпараттық технологиялар: Туристік ақпарат орталықтарын, мобильді қосымшаларды дамыту. Мемлекеттер тарапынан туризмді дамыту үшін қажетті қолдау, инвестиция мен саясаттық шаралар қажет. Көптеген елдерде келу туризмін ынталандыру үшін қабылданған мемлекеттік бағдарламаларда салық салудағы және шекара-кеден тәртібіндегі жеңілдіктер, инвестиция үшін жайлы жағдай жасау, шет ел нарығында жарнамалау, кадрлар дайындау көрсетілген. Туризмге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін елдің бірі – Греция. Бұл елде Үкімет инвесторларға тиімді проценттік қойылым мен салықтар бойынша жеңілдіктер ұсынады. Инвестициялар жаңа нысандарды салуға, бар инфрақұрылымды жаңартуға және техникалық жабдықтауға жұмсалады. Қазақстанда «Жібек жолы» бағдарламасы аясында туристік саланы дамыту үшін мемлекеттік қолдау көрсетілуде [3]. Сонымен қатар жергілікті қоғамдастықтардың пікірлері мен қажеттіліктері ескерілуі тиіс. Бұл тұрғындардың туризмнен алатын пайдасын арттырады және оларды жобаларға тартуға мүмкіндік береді.

#### **4. Экономикалық және әлеуметтік әсер.**

Жаңа Жібек жолы арқылы туризмнің дамуы экономиканы әртараптандыруға және жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Туризм саласы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, инвестициялар тартуға, және ұлттық өнімді арттыруға көмектеседі. Шетелдер тәжірибесі көрсеткендей туризм аясындағы дұрыс есептелген мемлекеттік саясат оның пайдалылығын қамтамасыз ете алады және әлеуметтік-экономикалық дамудың кейбір проблемаларын шешуге көмектеседі. Қымбат және арзан орналасу құралдарын ұштастырып шетелдік туризм үшін қамтамасыз етуді бағыттау және ынталандыру кезінде турөнімді жасау Қазақстан Республикасындағы кіру туризмін дамытуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күндегі туризм – бұл әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы. Мамандардың есебі бойынша, орташа есеппен, бір шетелдік туристің беретін табысын алу үшін оған барабар, шамамен 9 тонна тас көмір немесе 15 тонна мұнай немесе 2 тонна жоғары сортты бидайды әлемдік рынокқа шығару керек. Бұл ретте, шикізат сату елдің энергия көздерін азайтады, ал туристік өндіріс таусылмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша, 100 мың турист қалада орташа есеппен екі сағат болған кезде кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды. Сөйтіп, шикізат сату өзіндік экономикалық тығырыққа тірелу болса, ал туризмді дамыту – ұзақ мерзімді, экономикалық тиімді болашақ. Туризм елдің тұтас аудандарының экономикасына белсенді әсер етеді. Туризм саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылуы және жұмыс істеуі жол көлігін, сауданы, коммуналдық – тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуді дамытумен тығыз байланысты [3]. Сөйтіп, туризм индустриясы басқа экономикалық секторлардың көпшілігімен салыстырғанда, неғұрлым пәрменді мультипликаторлық тиімділікке ие.

#### **5. Туризм дамуына әсер етуші факторлар**

Күрделі әлеуметтік-экономикалық сала болғандықтан, туризм көптеген сыртқы факторлар әсеріне сезімтал. Бұл факторлардың туризм дамуына тигізетін әсері

күші жағынан, әрі ұзақтығы жағынан әр түрлі болып табылады. Сондықтан табысты туристік қызметті ұйымдастыру үшін, осы факторларды есепке алған өте қажет.

Туризмге әсерін тигізетін факторлар екі түрге бөлінеді:

- сыртқы (экзогенді)
- ішкі (эндогенді)

Сыртқы факторлар туризм саласына қоғамдық өмірдегі өзгерістермен және туризм жүйесінің элементтеріне әртүрлі мәнмен әсер етеді.

Туризм дамуына әсерін тигізетін, маңызды сыртқы факторларға мыналар жатады:

- табиғи-географиялық;
- мәдени-тарихи;
- экономикалық;
- әлеуметтік;
- демографиялық;
- саяси-құқықтық;
- технологиялық;
- экологиялық.

Бұл факторлар өз бойына маңызды элементтерді жинаған, сондықтан да оларға тоқталып өтсек, бірінші кезекте – табиғи-географиялық.

Табиғи-географиялық (теңіз, тау, орман, флора, фауна, климат және мәдениет ескерткіштері) факторлар туристік ресурстардың негізі ретінде туристің белгілі-бір аймақты таңдауын анықтайтын фактор болып табылады [4].

Табиғи және мәдени-тарихи ресурстардың байлығы, олардың мүмкіншілігі мен қолданудың ыңғайлылығы туризм дамуының көлеміне, екпініне және бағытына зор ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, еске алатын жайт, табиғат құбылыстары туристік белсенділіктің артуына да, әрі азаюына да әкелуі мүмкін.

#### **6. Мәдени байланыстырын нығайту.**

Жаңа Жібек жолы халықаралық мәдени алмасуды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікті арттырып, туристердің мәдени тәжірибесін байытады. Қазақстандық туризм болашағының әлеуеті өте зор, оған жету үшін елдің туристік ұсынысын, өнімін, бейнесін қалыптастыру керек. Себебі болашағы жарқын болу үшін, Қазақстан туристік бағыт ретінде әлемге әйгілі болуы керек. Жерлері Ұлы Жібек жолының учаскесінде сан алуан тарихи оқиғалардың ғасырлар бойы куәгері ретінде Қытай мен Еуропаны жалғастырып жатқандығына қарамастан, Қазақстан жайлы білетіндер шамалы. Қазақстанның тартымды туристік беделін құру тиісті кең ауқымды шаралар кешенін әзірлеуді талап етеді. Беделді көтерудің негізгі іс-шаралары Қазақстанның туристік фирмалары мен агенттіктерінің халықаралық туристік көрмелерге, жәрмеңкелер мен конференцияларға, оның ішінде ДТҰ тарапынан өткізілетіндеріне қатысуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында осыған ұқсас іс-шаралар ұйымдастыру болуға тиіс. Қазақстанды Еуразияның қоғамдық және мәдени құбылыстар орталығына айналдыруға ықпал ететін конгрестік туризмді дамытудың

маңызы зор. Туризмдегі халықаралық ынтымақтастық ЮНЕСКО және ДТҰ – ның Ұлы Жібек жолына байланысты жобаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысу, шет мемлекеттермен екіжақты және көпжақты келісімдер жасасу арқылы жүзеге асырылады [5].

Елдің туристік беделін қалыптастыруда республика аймақтарында және шет елдерде туристік ақпараттық орталықтарды ұйымдастыру да маңызды рөл атқарады. Туристік ұйымдар мен Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдерінің өзара бірлескен іс-қимыл жасау тәжірибесін пайдалануға лайықты назар аудару керек. Елдің туристік әлеуетін жарнамалауда ұлттық авиатасымалдаушы мен басқа да көлік кәсіпорындары пәрменді көмек көрсете алады. Қазақстанға туристерді тартуға өлкетану жарияланымдары, жарнама-баспа қызмет, оның ішінде туристік фирмалар мен қонақ үйлердің жарнама-баспа қызметі өз ықпалын тигізеді. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға, оның ішінде Интернет жүйесінде Қазақстанның туристік фирмаларының WEB-сайттарын құруға айрықша мән беру қажет. Мәдени байланыстарды нығайту – жаһандық деңгейде маңызды процесс. Туризм, білім, өнер және мәдени шаралар арқылы халықтардың арасындағы байланыстар нығайып, мәдени алмасу жүзеге асады. Бұл қоғамның мәдени байлығын арттырып, адамдар арасындағы түсіністікті, ынтымақтастықты және достықты дамытуға септігін тигізеді.

Қорытындылай келсек Жаңа Жібек жолы – заманауи экономика мен мәдени байланыстарды нығайтудың маңызды платформасы. Бұл жоба туризмді дамыту арқылы экономикалық өсім, инфрақұрылымды жетілдіру, мәдени алмасу және әлеуметтік әл-ауқатты көтеруге зор мүмкіндік береді. Туризмнің дамуы жергілікті экономикаға жаңа инвестициялар тарту, жұмыс орындарын ашу және инфрақұрылымды жақсарту арқылы ықпал етеді. Мәдени алмасу арқылы халықтар арасындағы түсіністік пен достықты нығайтады, ал тұрақты туризм экологиялық тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін көздейді. Сондықтан, Жаңа Жібек жолының туристік әлеуеті болашақта халықаралық ынтымақтастық пен мәдени интеграцияны дамытуға, сондай-ақ, жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға көмектеседі. Бұл жоба тек экономикалық аспектілермен шектелмей, мәдени, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан да маңызды рөл атқарады.

#### **Әдебиеттер мен дереккөздер:**

1. Бектұрсынова А. «Жаңа Жібек жолы: экономика және мәдениет». Алматы: «Қазақ университеті», 2019.
2. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Нұр-Сұлтан, 2017.
3. Сәрсенбаев С. «Туризмнің жаңа бағыттары». Тараз: «ТарМ», 2020.
4. Кенжебеков М. «Туризм және оның қоғамдағы рөлі». Нұр-Сұлтан, 2021.
5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. «Жаңа Жібек жолы: ұлттық туристік стратегия». Нұр-Сұлтан, 2021.



**Салимжан Салходжаев**  
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық  
тарихи-мәдени музей-қорығының  
«Ескерткіштерді қорғау және есепке алу»  
бөлімінің инспекторы

## **ИНТЕГРАЦИЯ И РАЗВИТИЯ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ НА ПРОСТРАНСТВЕ ШЕЛКОВОГО ПУТИ**

Великий шелковый путь – одно из самых значительных и величайших достижений цивилизации, которому по праву можно присвоить роль главной торговой трансевра-зийской артерии за все время ее существования. Это первый в истории человечества путь, соединивший между собой страны и народы от Средиземноморья до Тихого океана, с помощью которого на протяжении многих веков осуществлялся обмен товарами, идеями, технологиями и ремеслами. Путешественники не боялись серьезных трудностей, с которыми они сталкивались, преодолевая такой длинный и тяжелый путь. Их не пугали ни нападения кочевников, ни безводные азиатские пустыни, порой заносившие дорогу так, что верное направление можно было отыскать потом только «по костям людей и животных» [1, с. 306].

Просуществовав несколько веков, Великий шелковый путь зарекомендовал себя в качестве важного фактора экономического, политического и культурного прогресса в тех регионах, через которые он проходил. Это, в частности, объясняет актуальность ведущейся до сих пор дискуссии о его возрождении. Отметим, впрочем, что исторический Великий шелковый путь сложился стихийно, в силу экономических потребностей соответствующих регионов, сегодня же для создания его аналога потребуется проводить целый комплекс дополнительных политических и экономических мероприятий. Кроме того, вряд ли его существование будет соответствовать потребностям нашей страны, которая заинтересована в развитии других трансевразийских магистралей [2, с. 225].

Историки полагают, что возникновение Великого шелкового пути стало возможным в условиях существования крупных государственных образований, каковыми оказались Китай, Средняя Азия, Индия, Ближний Восток и Средиземноморье. Это связано с тем, что наличие централизованной власти, распространяющейся на прилегающие области, способно было обеспечить безопасность на караванных путях.

Для функционирования Великого шелкового пути требовалось создание развитой системы международного разделения труда в производстве и в обеспечении инфраструктуры транспортных коммуникаций. А поскольку торговля подразумевала преодоление огромных расстояний, то необходимая рыночная инфраструктура предполагала наличие перевалочных пунктов, специализированных базаров, режима стабильных денежных расчетов и т. д.

Великий шелковый путь проходил через множество городов, которые были образованы благодаря ему. Добраться от одного до другого можно было за один день, однако сейчас дороги засыпаны песками пустынь. Когда-то сюда стекалось огромное количество людей, так как в них находились различные торговые точки; здесь купцы и их сопровождающие находили себе ночлег, еду и питье. Великий шелковый путь создал Среднеазиатскую цивилизацию.

Многие города на пути Великого шелкового пути были развиты неравномерно: какие-то из них были огромными, а некоторые служили небольшими перевалочными пунктами (ночлегами). На разных территориях Великого шелкового пути существовали разные религии и идеологии.

Развитие шелкового пути во многом зависело от экономических факторов. Процесс товарообмена подразумевал, как правило, движение товаров с Востока на Запад, однако протяженность пути во многом обуславливалась покупательской способностью европейцев, которая не отличалась стабильностью. В связи с упадком античного общества и натурализацией хозяйства Западной Европы, товары с Востока стали доходить, как правило, только до Византии. Покупательская способность в Западной Европе восстановилась лишь с XI века, в период зрелого феодализма. Помимо Европы, потребителями восточных товаров являлись также страны Ближнего Востока и Индии. Благодаря этому путь не замирал даже в раннее средневековье, когда Европа временно перестала испытывать в нем потребность. После арабских завоеваний товары стали потребляться на всем южном Средиземноморье, вплоть до Испании.

Издrevле люди, жившие на разных континентах, в различных уголках земли, торговали между собой. Вначале это был обмен теми предметами, которые имелись в одном месте, но их не было в другом: это, например, соль, драгоценные камни, меха, золото, металлы, лекарственные растения и благовония. Затем люди стали обмениваться товарами: продуктами питания, скотом, оружием, украшениями, изделиями из бронзы, железа, тканями и многим-многом другим. Прежде шел обычный обмен бартером, а затем началась купля и продажа на деньги – и появилась торговля, возникли торжища, определились торговые пути, которые соединяли страны, города и народы. Отдельные отрезки путей сливались, дороги удлинялись на запад и восток, север и юг, захватывая все новые и новые территории.

В эпоху саков будущий Шелковый путь получил дальнейший импульс прежде всего за счет экспорта из Китая шелка. Ученые на основании сведений китайских письменных источников и картографии находок шелка в Евразии предполагают наличие двух путей. Это «западный меридиональный путь» и «степной путь».

Первый связывал Центральную Азию и Южную Сибирь с юго-западными районами современного Китая. Этот путь шел через Ордос и плоскогорья Ганьсу и Шэньси в Бирму. Протяженностью несколько тысяч километров он проходил по степям и контролировался центрально-азиатскими кочевниками юечжи, хуннами, саками. С севера на юг проникали предметы, выполненные в скифо-сибирском «зверином стиле».

Закат Римской империи, приведший к появлению многих государств, вначале не только не благоприятствовал росту торговли, но и, ставя на ее пути множество препятствий, привел к сокращению товарообмена. Морская торговля приходила в упадок из-за отсутствия могущественных правителей, поддерживавших и развивавших ее. Сухопутные торговые пути находились в плачевном состоянии. Караванам постоянно угрожала опасность нападения разбойников [3, с. 22].

Однако своеобразным стержнем, который, несмотря на Великое переселение народов, нашествие варваров на Рим и его падение, упадок Китая из-за войн с кочевыми народами, который удерживал и Запад, и Восток континента, стал Великий Шелковый путь.

Определяющая роль в налаживании связей, выборе маршрутов торговых путей принадлежала их первопроходцам – купцам-профессионалам. Торговые агенты (тамкады) упоминаются уже в древнейших клинописных документах Месопотамии.

Согд (Согдиана) – один из крупнейших древних культурных оазисов Средней Азии, центральная область среднеазиатского междуречья, занимавшая долины Заравшана и Кашкадарьи. Сведения о нем сохранились в древнеперсидских священных текстах «Авесты» и в клинописных надписях ахеменидских царей, в рассказах соратников Александра Македонского, в сочинениях арабских историков и географов. Это была страна, где, по данным письменных источников, жили искусные земледельцы и ремесленники, отважные войны, расчетливые и деятельные купцы [4, с. 75].

Согдийских купцов можно было видеть в далеком Ордосе и в Монголии, в столице Уйгурского государства Карабаласагуне, в городах Жетысу, при дворе византийского императора. Они зачастую становились крупными государственными деятелями, принимая активное участие в политической жизни того времени [5, с. 78].

Великий Шелковый путь, как уже отмечалось, служил для экспорта китайского шелка в страны Запада. Однако известно также, что из Рима, Византии, Индии, Ирана, Арабского халифата, а позднее – из Руси и Европы по нему в Китай ввозились товары, производимые в этих странах. Список диковинных, экзотических товаров обширен: мирра и ладан, жасминовая вода и амбра, кардамон и мускатный орех, женьшень и желчь питона, ковры и полотна, красители и минеральное сырье, алмазы и яшма, янтарь и кораллы, слоновая кость и «рыбьи бивни», слитки серебра и золото, меха и монеты, луки и стрелы, мечи и копья. По Шелковому пути вели и везли на продажу «потокровных» коней Ферганы, арабских скакунов, верблюдов и слонов. Через торговцев распространялись и культурные растения: виноград, персики, дыни, овощи и зелень, а также пряности и сахар [6, с. 27].

И все же главным и постоянным предметом торговли оставался шелк, который наряду с золотом фактически превратился в международную валюту. Шелк как товар, дань и подарок высоко ценился, поэтому им одаривали царей и послов, его в качестве жалованья «выдавали» воинам-наемникам, им «выплачивали» государственные долги.

Родиной шелководства являлся Китай. Он имел монополию на его производства до V–VI веков, но после этого все равно оставался одним из крупнейших центров производства, наряду со Средней Азией. В средние века Китай экспортировал еще фарфор и чай. Специализация стран Ближнего Востока и Центральной Азии предполагала изготовление шерстяных и хлопчатобумажных тканей, направляемых по шелковому пути на восток, а именно в Китай. Специи для консервации продуктов и изготовления лекарств привозили в Европу из стран Южной и Юго-Восточной Азии.

При осуществлении торговых сделок европейцы покупали дорогие восточные товары, но не могли предложить в обмен на них также качественные товары, в связи с чем расплачивались золотом или серебром. Это свидетельствовало о пассивном торговом балансе между западной Европой и Востоком. За весь период своего существования шелковый путь выступал неким каналом «перекачивания» драгоценных металлов из Европы на Восток. Это негативно сказывалось на экономике, поскольку подобная перекачка оказывало отрицательное воздействие на денежную систему. По этой причине, европейские правители устанавливали ограничения на потребление товаров восточного производства и вывоз на Восток драгоценных металлов в виде золота и серебра. Однако принятые меры оказывали лишь незначительный эффект. Конкурентоспособность европейских товаров смогла более-менее сравняться с восточными лишь после промышленной революции.

Огромные расстояния торговых маршрутов потребовали организации особых перевалочных пунктов – караван-сараев. Они являлись одновременно гостиницами и складскими помещениями. Он представлял собой квадратный двор со сторонами около 80 м., обнесенный глинобитными стенами, внутри которого по периметру располагались комнаты для торговцев, склады и стойла для верблюдов. В центре оставалось открытое пространство. Здесь можно было не только остановиться на отдых, но и продать или купить товар, узнать цены и последние новости. Торговые пути, благоустроенные, с множеством караван-сараев, устроенных через определенные расстояния, колодцами, охранными пунктами в определенной мере служат показателем степени развития общества и государства, как в социально-политическом, так и в экономическом отношении. Великий шелковый путь стал мощным стимулом развития городской цивилизации. Вдоль торговых путей расцветали древние и возникали новые города, выраставшие из торговых факторий, караван-сараев, ханских ставок. Крупнейшими на территории Южного Казахстана были Испиджаб (Сайрам), Тараз, Шельджи, Нижний Барсхан, Бунджикат (Пенджикент), Суяб, Алмалык, расположенные на трассе, ведущей на восток, Каялык на дороге в Южную Сибирь, Фараб (Отрар), Яссы (Туркестан), Сауран, Сыганак, Джанкент (Янгикент), Дженд выросшие на берегах Сырдарьи вдоль северной ветки дороги. Многочисленные данные, в том числе и археологические, свидетельствуют, что торговые пути служили для обеспечения полноценного функционирования общества, удовлетворяя потребности в сырье, всевозможных товарах, рабочей силе. В конечном счете,

они способствовали прогрессу экономики, распространению новых ремесленных технологий для отдельных регионов и государств, формированию в отдельных случаях специфических социально-экономических образований на базе синтеза ремесленного производства и торговли прежде всего международной.

Центральная Азия – это уникальный обширный регион материка, население которого вело как кочевой, так и оседлый образ жизни. Несмотря на разницу менталитетов, с глубокой древности между различными странами и народами установились общие духовные, экономические и культурные ценности. Социальный феномен интеграции и общности духовно-художественных традиций подтверждается материальными свидетельствами прошлых эпох – памятниками архитектуры и градостроительства, предметами искусства и ремесленного производства.

Связи между государствами и различными этносами всегда существовали в Центральной Азии. Объяснялось это, прежде всего тем, что на протяжении истории развития территории и народы Центральной Азии неоднократно объединялись в единые государственные конгломерации, например, с середины III в. до н. э. до начала III в. н. э. южные земли были частью Парфянского царства, а северные – Кушанского (II–III вв.). В средние века Центральная Азия входила в Тюркский каганат (V–VII вв.), затем Арабский халифат (VIII–IX вв.), а позже в Монгольскую империю (XIII–XIV вв.). По словам академика Н. Н. Негматова: «Народы Центральной Азии с глубокой древности были связаны не только общественными территориями, но и едиными истоками экономического, эстетического, социального и культурного развития. Вопросы формирования национальных черт в архитектуре и искусстве были неразрывно связаны с преемственностью и взаимообогащением традиций» [7, с. 10].

Кочевое и полукочевое население Центральной Азии находилось в политической, хозяйственной, экономической и культурной взаимосвязи с урбанизированными земледельческими оазисами. Смена политических и исторических событий, появление новых государств и распад старых не могли нарушить международные, торговые, экономические и культурные связи и контакты даже с самыми удаленными регионами.

Шелковый путь способствовал развитию не только самой торговли, но и многих институтов («правил игры») рыночного хозяйства. Международное разделение труда. Функционирование Великого шелкового пути требовало создания развитой системы международного разделения труда в производстве товаров на экспорт и в обеспечении инфраструктуры транспортных коммуникаций. Главными товарами на Великом шелковом пути были (особенно в античную эпоху) шелковые ткани и шелк-сырец. Они были наиболее удобны для транспортировки на дальние расстояния, поскольку шелк легок и очень ценен – в Европе его продавали дороже золота. Китай, родина шелководства, сохранял монополию на изделия из шелка примерно до V–VI вв. н. э., но и после этого оставался одним из центров производства и экспорта шелка наряду со Средней Азией. В средние века Китай также экспортировал фарфор и чай. Страны Ближнего Востока и Центральной Азии специализировались на изготовлении шерстяных и хлопчатобумажных тканей, которые шли по Шелковому пути на восток, в Китай. Из стран Южной

и Юго-Восточной Азии купцы везли в Европу специи (перец, мускатный орех, корица, гвоздика и т. д.), которые использовались европейцами для консервации продуктов и изготовления лекарств.

Западная Европа в торговле с Востоком всегда имела пассивный торговый баланс: покупая дорогие восточные товары, европейцы не могли предложить в обмен равного по качеству товара и были вынуждены платить золотом и серебром. С античных времен до конца своего функционирования Великий шелковый путь действовал как канал «перекачивания» драгоценных металлов из Европы на Восток. Поскольку эта утечка полноценных денег ухудшала денежную систему, европейские правители пытались вводить ограничения на потребление восточных товаров и на вывоз на восток золота и серебра. Самые ранние экономические теории меркантилизма XVI в., требующие запретить вывоз полноценной монеты, были реакцией на пассивный платежный баланс стран Запада в торговле с Востоком. Однако подобные административные меры имели низкий эффект. Добиться конкурентоспособности своих товаров в сравнении с восточными Западной Европе удалось только после в XVIII–XIX вв., после промышленной революции.

Организация торговли на дальние расстояния требовала создания для караванной торговли особых условий – перевалочных пунктов, специализированных базаров, режима стабильных денежных расчетов и защиты прав собственности купцов-чужеземцев. Вся эта рыночная инфраструктура поддерживалась вдоль евразийских трасс более полутора тысяч лет.

Великий шелковый путь имел важное экономическое и политическое значение в жизни народов Азии и Европы. Важно отметить, что Великий шелковый путь как экономический феномен привело к интеграции множество предприятий, людей, организаций и властных структур, обеспечивавших его бесперебойное функционирование.

На протяжении всего пути осуществлялось не только торговые сделки, но также заключались дипломатические договоры и военные союзы. Это объясняет тот факт, что Великий шелковый путь сыграл важнейшую роль в экономической и политической жизни народов Евразии, выступая связующим звеном между странами разных цивилизаций.

#### **Список литературы:**

1. Макогон Ю. В., Грузан А. В. Роль Великого шелкового пути в развитии цивилизации. Возрождение Большого пути через трансформацию Евразийских транспортных коммуникаций: региональный аспект. Донецк, 2009, 306 – С.
2. Котляров И. Д. Геоэкономическое значение транс-евразийского транспортного коридора // Записки Горного института. 2009. Т. 184. – С. 225–230.
3. Ма Юн «Шелковый путь с Востока на Запад». Курьер ЮНЕСКО, июль 1984, – С. 22-24.
4. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. М., 1972, – С. 75–76.
5. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964, – С. 78–101.
6. Шефер Э. Золотые персики Самарканда. Книга о чужеземных новинках в истории ТАН. М., 1981, – С. 27.
7. Негметов Н. Н. Государство Саманидов: IX–X вв. / Н. Н. Негметов. Душанбе: Дониш, 1989, 304 – С.

## **АРЫС ӨЗЕНІНІҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ**

Отырар өңірінде ерте кезден бастап отырықшы мәдениеті өркендеп дамығандығы өңірдегі ескерткіштен санына қарап байқауға болады. Отырықшы мәдениет бертін келе егіншілігі, қолөнері, саудасы дамыған үлкен қала мәдениетінің дамуына үлкен себеп болды. Сондай дамыған өркениеттің айғағы болатын ескерткіштер Арыс өзенінің сол жағалауындағы қалашық орындары. Сырдария мен Арыс өзенінің қосылған тұсында Арыс өзенінің ескі арнасын бойлай тізбектелі орналасқан ескерткіштер б. з. I ғ. мен б. з. VIII ғ. аралығына қатысты. Осы екі өзеннің қосылған жерін Көкмардан алабы дейді, бұл жерде орналасқан ескерткіштердің ежелгі атаулары сақталмаған халық қойған атаумен аталады. Көкмардан алабындағы ескерткіштер туралы орта ғасырлық жазбаларда кездеспейді, қазіргі атаумен аталатын Тостағантөбе, Ақайтөбе, Қостөбе, Үсентөбе, Көкмардан, Пұшықмардан, Шытты, Байыстөбе т. б ескерткіштері б. з VIII ғ. түрлі себептерге байланысты тіршілігін тоқтағаннан кейін ортағасырлық тарихшылардың назарына ілікпей қалуы да мүмкін. Оның үстіне ортағасырда Отырар алқабындағы бас қала Отырар болғандықтан Ұлы Жібек жолының бойымен келген керуендер Отырар арқылы ғана жүрген. Отырар алқабында орналасқан басқа да ішкі қалалармен керуеншілер тікелей байланыс жүргізбегендіктен ол қалалар туралы ортағасырлық тарихшылардың білмеуі орынды. Олар да өз деректерін негізінен керуеншілердің сөздеріне олардың жазбаларына сүйене отырып сауда жолдарындағы қалалар мен ондағы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігінен мәліметтер алып отырған.

Көкмардан алабындағы ескерткіштер зерттеушілердің назарына өткен ғасырдың 50-жылдарында іліккен, сол кезден бастап зерттеулер жүргізіле бастады. Ең алғашқы Көкмардан алабындағы ескерткіштерді А. Н. Берштамның жетекшілік ететін ОҚАЭ-ның мүшелері зерттеген болатын. Арыс өзенінің сол жағалауындағы зерттеушілердің назарына іліккен ескерткіш Көкмардан қалашығы болды. Көкмардан жоғарыда аталған ескерткіштердің ішіндегі ең үлкені болғандықтан зерттеушілер назарына бірден іліккен. Е. И. Агеева, Г. И. Пацевичтің бастамасымен бақылау қазба жұмыстары жүргізілді, қазбаның негізгі мақсаты қалашықтың мәдени қабаттарын анықтау және ғасыр кезеңдерін нақтылау, материалдарды жинақтап сол кезеңдегі өмір сүрген халықтың материалдық мәдениетінен хабар алу болды. Бақылау қазбасы қалашықтың солтүстік-батыс бұрышында, шығыс және оңтүстік бөліктерінде үш жерден жүргізілді.

Үш бақылау қазбаларынан топырақ қабаттары бірдей болып келеді негізінен

күл арлас топырақ қабатынан құрлыс қабырға қалдықтарының орындары арнықталған. Үш қазбадан табылған керамикалық материалдар да бір кезеңге б. з. VI–VIII ғғ. кезеңдеріне қатысты. Тұрмыста пайдаланылған керамикалық ыдыстар жапсырмалы түрде жасалған күйдірілуі жақсы, кей ыдыстарда арнайы өрнектерімен безендірген болса, кей ыдыстардың сыртқы бүйірін арнайы сұр, қызыл, сары агобпен көмкеріліп жылтыратылған [1, 39 б.].

Үш қазбадан табылған керамикалық материалдарға қарап VI–VIII ғғ. қолөнердің қарқынды дамығандығын, халықтардың өмір сүру салты мен тұрмыс тіршілігіне байланысты азғантай болса да мағлұмат алуға мүмкіндік болды.

Арыс өзенінің сол жағалауындағы ескерткіштерді кешенді түрде зерттеу 60 жылдардың аяғы мен 70 жылдардың бас жағында қолға алынды. Кешенді зерттеуде қалашықтардың топографиялық түсірілімдері мен ескерткіштердің типологиясына, Көкмардан алабының суландыру жүйелеріне мән берілді.

Жалпы алғанда Отырар алқабындағы суландыру жүйесінің екі көзі бар олар Арыс және Сырдария өзендері. Осы өзендерден тартылған магистралды каналдар әр ғасыр кезеңдерінде Отырар алқабын қажетті сумен егіншілік жерлерді қамтамасыз етіп отырған. Арыс өзенінің сол жағалауындағы магистралды каналдар өзеннен бастау алып алқаптағы қалашықтар мен егіншілік жерлерді сумен қамтамасыз еткен. Каналдардың бойында орналасқан бірнеше мекендердің орындары анықталды, негізгі магистралды каналдың бірі 3 км. созылған және Көкмардан қалашығына дейін қазылып тартылған. Каналдың негізгі бөліктері сақталмаған қазіргі кездегі жер өңдеу жұмыстарының жүргізілуіне басланысты, анықталған бөлігінің ені 5 м. шамасында болып келеді. Канал бойында анықталған мекендердің орнындарында бірнеше бақылау қазбалары қазылып бұл суландыру жүйесінің б. з. I–VI ғғ. кезеңдеріне қатысты екендігі анықталды [2, 42 б.].

Жоғарыда аталып отырған қалашықтардың көлемдері әр түрлі 0,5–2 га. жерті қамтып жатыр, негізінен үш бөліктен тұрады цитадел, шахристан, рабад. Бұл қалашықтардың мәдени қабаттарыны анықтау мақсатында бірнеше ескерткіштің орнында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Қазба жүргізілген қалашықтың бірі Қостөбе оңтүстік, қалашық жалпы жоспарда дөңгелек пішінді биіктігі 5 м. құрайтын биік дөңес. Негізгі дөңестің солтүстік бөлігінде цитадель орналасқан, рабат бөлігінің құрлыс орындары шахристан қорған қабырғасына жапсарласа салынғандығы анық байқалады. Қазба қалашықтың батыс, шығыс, орталық бөліктерінде жүргізілген. Қазба барысында саз балшықтан соғылқан құрлыс орындарының қалдықтары, тұрғын үй орындары мен ішкі атрибидтарын құрайтын ошақ, сыпаның қиранды орындары аршылды. Табылған керамикалық материалдар жасылуы мен түріне қарай жіктеліп сараптама жасалда. Қостөбе (оңтүстік) қалашығындағы қазба жұмыстары барысында екі кезеңге қатысты құрлыс орындары анықталды. Жоғарғы қабаттағы құрлыс орындары IV–VI ғғ. кезеңдеріне қатысты болса, төменгі екінші құрлыс қабаты I–IV ғғ. кезеңдерге қатысты. Қазба барысында тек керамикалық материалдар ғана емес тұрмыста



қолданылған басқа да құралдар дәнүккіштер, қайрақтар және де жер өңдеуге арналған басқа да тастан жасалған құралдар табылды.

Пұшықмардан қалашығы үш бөліктен тұрады шахристан бөлігі жоспарда дөңгелек пішінді жалпы дм 150 м. құрайды, цитадель шахристанның шығыс бөлігінде орналасқан жоспарда төртбұрышты көлемі 40x40 м. биіктігі 20 м. Рабад шахристанды таға тәрізді батыстан, оңтүстіктен қоршай орналасқан, қалашықты айналдыр қорғаныс оры қоршап жатыр, ордың ені 15–20 м. тереңбігі 2 м. жуық. Өз кезегінде шахристан мен рабаттың арасын ор бөліп жатыр, шахристан мен цитаделдің қорғаныс қабырғаларымен қоршалса, рабат бөлігі тек қорғаныс ретінде су жүретін ормен қоршалған. Қалашықтың беткі қабатынан керамикалық материалдар жиналып алынғанмен қазба жұмыстары жүргізілмеген. Жинақталған материалдың негізінде Пұшықмардан қалашығының өмір сүру кезеңі I–VIII ғғ. кезеңдеріне қатыстылығы нақтыланды.

Ахайтөбе қалашығы цитадель шахристан бөлігінің орта тұсында орналасқан жоспарда дөңгелек пішінді дм 25 м. биіктігі жердің материктік бөлігінен есептегенде 8 м. Шахристан бөлігі жоспарда дөңгелек пішінді сопақша келген дм 80 м. биіктігі 4–5 м. Рабад шахристанды түгелдей қоршап жатыр жоспарда тіктөртбұрышты көлемі 150x200 м.

Шытты қалашығы цитадель жоспарда тіктөртбұрышты көлемі 20x30 м. биіктігі 10 м. Цитаделдің оңтүстік-батысында шахристан орналасқан көлемі 50x60 м. биіктігі, қалашықты көлемі 90x180 м. биіктігі 1–2 м. болатын рабад бөлігі қоршап жатыр. Қазіргі таңда қалашықтың үстіңгі бөлігі XIX–XX ғғ. жерлеу орнына айналдырған, сонымен қатар қалың өскен тоғайдың ортасында қалып қойған.

Тостағантөбе, Өліктөбе I, Өліктөбе II, Ақсейтөбе, Қостөбе солтүстік, Сейтмантөбе, Дүртөбе, Қарауылтөбе қалашықтары жоспарда бір-біріне ұқсас дөңгелек пішінді орта тұстарында цитадел, айнала рабад бөлігі қоршап жатыр. Қалашықтардың беткі жағынан жинақталып алынған керамикалық материалдар бір-біріне ұқсас IV–VI ғғ. кезеңдеріне қатысты. Бұл қалашықтар бір кезеңде өмір сүріп бір кезеңде тіршілігін тоқтатқан [3, 138 б.].

Көкмардан қалашығындағы археологиялық жұмыстар К. Акишев жетекшілік еткен топ кешенді түрде зерттеу 70 жылдары жүргізілді. Қалашық Отырар қалашығының оңтүстігінде 10 км. қашықтықта Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан. Көкмардан қалашығы солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан жоспарда тіктөртбұрыш пішінді 2 га. жерді қамтып жатқан биіктігі 15 м. ауқымды ескерткіш. Қалашықтың маңайында ескерткішке қатысты кіші дөңестер мен адырлы жерлер де ескерткіштің үлкен екендігін көрсетеді. Қазба барысында қалашықтың құрлыс қабаттарынан аршылған тұрғын жайлардың архитектуралық құрлымы маңайында орналасқан басқа да қалашықтардан айырмашылығы жоқ. Бір семьяға тиесілі тұрғын жайлар бір, екі, үш бөлмелі болып келеді, бөлменің ішкі құрлымындағы ошақтар, «Г» тәрізді сыпалар басқа тұрғын үйлермен біртектес. Табылған керамикалық және егіншілікке арналған дән үкіш, диірмен

тастарының көптеп табылуы Көкмардан алабында егіншіліктің дамығандығын айқындап берді. Қазба жұмыстары кешенді түрде жүргізілгендіктен табылған материалдар мен құрлыс орындары Көкмардан алабындағы қала мәдениетінің бір уақытта дамып бір уақытта тіршілік тоқтағандығын көрсетеді. Қазба жұмыстары Көкмардан қалашығымен қатар Пұшықмардан, Қостөбе (оңтүстік) қалашықтарында да жүргізілді.

Көкмардан қалашығының маңында орналасқан кіші дөңестер қалашыққа қатысты жерлеу орындары екендігі анықталды, бұл жерлеу орны қазба барысында ерекше екендігі нақтыланды. Жерлеу құрлыс орының көлемі 4x4,5 м. пішіні төртбұрышты сазбалшықтан (пахса әдісімен) тұрғызылған биіктігі 3 м. бір бөлмеден тұрады. Бөлменің ішінен көр ойылып қазылып катакомба түрінде ішіне мүрделер жерленген, бұл зиратта ер адамдармен бірге балалар да жерленген. Мүрделердің бастары бір ізгі емес әр жаққа қаратыла жерленген соған қарағанда білгілі бір жерлеу ережесі сақталынбаған. Жерленген адамның қасына керамикалық ыдыстар, қару-жарақ, әшекейлерімен қоса жерленген. Ыдыстар негізінен шүмекті құмыралардан, саптыаяқ, үш аяқты тостаған, кіші ыдыстардан тұрады. Кей ыдыстардың сыртқы бүйірлері түрліше өрнектермен безендірілген, қару жарақтан үшқырлы жебелер, бір жүзді қанжарлар, садақ жасауға арналған жапсырмалар құрайды. Көкмардан жерлеу орнынан әсіресе әшекей заттар көптеп табылды, олар белдіктің темір, қола тоғалары, тас, метал, шыны пастасынан жасалған моншақтар, алқалар, тарақтар, шаш түйреуіштерден тұрады [4, 66 б.].

Жерлеу орындарынан табылған заттар сол кездегі халықтардың тұрмыс-тіршілігінен де көп мағлұматтар алуға мүмкіндік болды. Қолөнердің ерекше дамығандығын әсіресе керамика өндіру, темір қорыту, сүйекті өңдеу істері алға қойылғандығы айқындалып тұр. Сонымен қатар ғибадат етуге арналған бөлменің және діни атрибуттарға арналған керамикалық заттардың табылуы, сол кездегі халықтың діни-нанымы туралы ұғымынан да көптеген мәліметтер алуға мүмкіндік болды. Сонымен қатар бұл қалашықтардың басқа өңірлермен тығыз сауда байланыста болғандығы қазба барысында табылған қытай, түрік теңгелерінен байқауға болады.

Көкмардан алабындағы ескерткіштер әрине Отырар-Қаратау мәдениетіне жатқызылады, сонымен қатар керамикалық және басқадай материалдар бұл жердің мәдениеті Жетіасыр мәдениетімен де байланысты екендігіне зерттеушілер күмән келтірмейді. Жетіасар мәдениеті Сырдария өзенінің ескі арналары Іңкәрдария, Жаңадария, Қуандария бойындағы VI–VII ғғ. өркендеген өркениет жатқызылады [5, 48 б.]. Жоғарыда аталған арналар құрғап Сырдария арнасын ауыстырғанда Жетіасарлықтар басқа өңірлерге көшуге мәжбүр болған. Олардың бір бөлігі осы Көкмардан алабына келіп қоныстанған және осы өңірдегі мәдениеттің көркеюіне өз үлестерін қосқан.

Ал негізінде Көкмардан алабындағы қала мәдениеті Қаңлы мемлекетінің бірлестігімен байланыстырылады. Зерттеушілер қытай деректеріне сүйене

отырып оңтүстік өңірлер Қаңлы (кангю) мемлекетіне қарасты болғандығын алға тарта отырып, бұл қалашықтардың төменгі қабатынан табылған археологиялық материалдардың негізіне сүйенеді. Тарихтан белгілі Қаңлы тайпа бірлестігі Сырдария мен Амудария өзенінің аралығындағы жерлерді иемденіп үлкен мемлекет құрғандығы. Мемлекеттің өркендеген кезі б. з. д. I ғ. мен б. з. I ғ. аралығы, Көкмардан алабындағы қалалардың өркендеуі осы аралықтарға сай келеді, Қаңлы мемлекеті құлдырап қарамағындағы жерлерді өз уысынан шығарып алғанда олар Сырдарияның орта ағысындағы жерлерде ғана мемлекет қарамағына ұстап қалған.

Арыс өзенінің сол жағалауындағы қала мәдениеті бір мезгілде өркендеп бір мезгілде тіршілігін тоқтатқан оған басты себептерді іздеу барысында зерттеушілер көптеген пікірлерді қалдырған. Көкмардан алабындағы қала мәдениетінің құлдырауына Арыс өзенінің арнасының өзгеруімен су тапшылығымен және егіншілік жерлердің тұздануымен байланыстырады [6, 53 б.]. Осындай экологиялық фактордың әсер етуі де мүмкін бірақ қазіргі таңда Арыс өзенінің арнасы ең қашық деген қалашықтың өзінен 4–5 км. ұзамаған. Сондықтан өзеннің арнасын ауыстыруымен Көкмардан алабындағы қала мәдениетінің құлдырауына басты себепші деген тұжырымды кейінге қалдыруға болады. Өзен арнасын ауыстырғанмен жергілікті тұрғындар бірнеше км созылған суландыру жүйесін қалпында ұстап тұруға шамасы жететін себебі өзен арнасы бірден өзгермен. Өзен арнасының өзгеруін халықтың назарда ұстағаны сөзсіз, екінші жердің тұздануы. Егіншілікпен айналысқан халық бұл процесті де назарда ұстағаны анық сондықтан дер кезінде тұзданудың алдын алғандығы анық.

Көкмардан алабындағы қала мәдениетінің құлдырауының басты себебіне ол VII ғ. аяғы мен VIII ғ. басындағы Орта Азия жеріндегі саяси оқиғалар болғандығы анық. Сырдарияның орта ағысындағы егіншілігі, суда-саттығы, қолөнері қала мәдениеті дамыған аймақты жаулап өз қарамағына қосып алу ел билеушілерінің басты мақсаттары болған. Бұл әрине жаугершілік соғыстар, тарихтан белгілі VI ғ. түріктер бүкіл Орта Азия жерін өз қарамағына қаратып өздерінің саяси үстемдігін орнатқан. Түрік қағанаты құлағанда оның құрамындағы тайпалар өз алдына жеке мемлекет құруға тырысқан. Ішкі-сыртқы соғыстың нәтижесі халықтардың тұрмысына кері әсерін тигізіп қала мәдениетінің құлдырауына үлкен зардабын тигізген.

VII ғ. шығыс-түрік қағанаты қайта жанданып жорықтар барысында Сырдарияның орта ағысындағы жерлерді қайта жаулап алады. 689–701 жылдары екі мәрте жорық жасап Соғдиана жеріне дайінгі ауқымды жерлерді өз қарамағына қосып алады. Осы кезең Көкмардан алабындағы қала мәдениетінің құлдырауының бірінші кезеңі десек болады. Жаугершілік соғыстың негізгі саясаты белгілі жаулап алынған жердегі халыққа қысым көрсетіп тонаушылықпен айналысып, бағынғандарды алым салықпен тұншықтырып отырған. Бұл жағдайлар өз кезегінде халықтардың тұрғылықты жерін тастап басқа өңірге көшу немесе өз

жерінде қалып ауыр езгіге ұшырау еді. Жаугершілік соғыстар қашанда халыққа ауыр зардабын әкеліп отырған, осыдан эконимика дағдарысқа түсіп, сауда тоқтап егіншілік жерлер құлдыраған.

Дәл осы кезеңде арабтардың да Орта Азия жеріне жаугершілік соғыстары жүріп жатқан болатын. Орта Азиядағы саяси үстемдік үшін түрік қағандары мен араб билеушілерінің арасындағы ұзаққа созылған соғыс зардыбының да залалы орасан үлкен болды. VIII ғ. басында арабтардың жаугершілік соғыстары 705–715 жылдары ибн Кутейбаның басшылығымен жүргізілген [7, 30 б.]. Ибн Кутейба 713 жылдары Отырар өңіріндегі жерлерді де жаулап алған, бұл өңірлер азғана уақытқа болса да Хорасан билігіне өтеді. Арабтар мен түріктердің арасындағы алапат соғыс Көкмардан алабындағы қала мәдениетінің құлдырауының екінші кезеңіне жатқызса да болады. Кутейбаның қазасынан кейін (715) Түрік қағанатындағы билік үшін тартыстар Сырдың орта ағысындағы жерлер біршама уақыт назардан тыс қалуы да мүмкін, тек Сұлу қағанның билікке келуімен арабтар мен түріктер арасындағы соғыстар қайта өршіген.

Түргеш тайпасының қолбасшысы Сұлу билікке келіп өзін қаған сайлағасын арабтардың жаугершілік соғыстарына қарсы тұрып Мауренахр жеріне жорық жасап арабтарға көп қарсылық көрсетеді сол үшін оған «сүзеген» деген ат берген [8, 245 б.]. Осы уақытты Көкмардан алабындағы қала мәдениетінің құлдырауының үшінші кезеңі десек болады. Сұлу қағанның қазасынан кейін Сырдың орта ағысындағы жерлер арабтардың иелігіне қайта өтіп, VIII ғ. екінші жартысында күшейген Қарлұқ мемлекетінің қарамағына енген. Бұл кезеңде үздіксіз жүргізілген соғыстардың салдарынан Сырдың орта ағысындағы жерлер көп құлдаруға ұшыраған. Көптеген қалалар өз тіршілігін жоғалтқан соның ішінде Көкмардан алабындағы қалалар да бар.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде Арыс өзенінің сол жағалауындағы қалалардағы тіршіліктің тоқтау VIII ғ. тура келеді. Жоғарыда аталған соғыстардың барысында халықтар қуғынға ұшырап егіншілік, сауда қатынастары тоқырағасын қала мәдениетінің де тоқтауының ең басты себебі болды. Көкмардан алабындағы қала мәдениетінің негізі қаланып өркендеуі I–VIII ғғ. тура келеді. Табылған материалдар бұл жердегі халықтың тұрмысына салты мен басқа мәдениеттермен тығыз байланыста болғандығын дәлелдеп берді. Қаңлы мәдениеті бізде әлі де толық зерттеле қойған жоқ, қазба жұмыстарынан табылған материалға ғана қарап қаңлы мәдениеті туралы мағлұматтар жинақталғанмен олар аздық етеді. Көкмардан алабындағы қала мәдениеті қаңлы кезеңіне қатысты болғандығы нақтыланғанмен бұл қалашықтар зерттелуді талап етеді. Қауыншы, жетіасар, қаңлы мәдениеті бір-бірімен байланысып астасып жатыр, бұл сол кездегі халықтардың арасындағы тығыз қарым қатынаста болғандығын көрсетіп берді. Келешекте зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Сырдың орта ағысындағы қала мәдениетінің өркендеуі туралы жаңа мәліметтермен толығындығы анық.

### Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Агеева Е. И., Пацевич Г. И. Из истории оседлых поселений городов Южного Казахстана. // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии. Том V. Издательство Академии Наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1958. – С. 39.
2. Грошев В. А. Иригация Южного Казахстана в средние века. // Издательство «Наука» Казахской ССР. – Алма-Ата, 1985 г. – С. 42.
3. Акишев К. А., Байпаков К. М., Ермакович Л. Б. Древний Отырар. // Издательство «Наука» Казахской ССР. – Алма-Ата, 1972 г. – С. 138.
4. Байпаков К. М. Ежелгі және ортағасырлық Отырар. // Қазығұрт, Алматы, 2007 ж. 66 бет.
5. Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI начало XIII в.) // Издательство «Наука» Казахской ССР. – Алма-Ата, 1986 г. – С. 48
6. Байпаков К. М. Ежелгі және ортағасырлық Отырар. // Қазығұрт, Алматы, 2007 ж. – 53 бет
7. Бартольд В. В. Тюрки. Двенадцат лекций по истории турецких народов Средной Азии. // – Алматы ТОО «Жалын», 1998 г. – С. 30.
8. Бартольд В. В. Туркистан в эпоху монгольского нашествия. // Издательство Восточной Литературы, – Москва, 1963 г. Т-1. – С. 245.

## **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН**

Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азияны байланыстырған. Еуразияны бөліп Қазақстан аумағын басып өтетін Ұлы Жібек жолының тарихы өте ертеден басталды. Ұлы Жібек жолы – Жерорта теңізі маңындағы батыстық мәдениеті дамыған өркениетті елдерінен Қытайға дейін баратын сауда-керуен жолы.

Б. з. д. I мың жылдықтарда-ақ, алыс-жақын, шалғайдағы елдермен саудасаттық қарым-қатынас жасап мәдениеттің озық үлгісін қалдырған ата-бабаларымыздың көне қалаларының сақталып қалуының Ұлы Жібек жолының Қазақстан территориясынан өтуінде. Осындай рухани ескерткіштердің ордасы, Керуен жолдардың тоғысқан жері, ЮНЕСКО мойындаған іргелі қаланың бірі Ескі Түркістан қаласы еді. Ұлы Жібек жолының Түркістан қаласынан айналып өтпеген.

Б. з. б. II ғасырда Ұлы Жібек жолының сауда дипломатиялық басты жолы ретінде аты шыға бастады. Ұлы Жібек жолы Алтай, Памир, Хантеңри, Сырдария, Әмудария, Түркістан атырабынан өткен. Жібек жолының тармақтары V–VII ғасырларда Жетісу, Оңтүстік Қазақстан жерлерін қамтығаны баршамызға аян. Жібек жолының бойында Тараз, Баласағұн, Бұхара, Самарқан, Сайрам, Сауран, Отырар, Сығанақ, Мерв, Талхиз, Үргеніш, Испиджаб, Шаш, Весидж, Шауғар т. б. ірі ортағасырлық қалалар орналасқан. Отырардан шыққан жолдың бір тармағы Шавғарға, екінші тармағы Сырдария өткелінен өтіп, Васиджа қаласына баратын болған. Шавғар VIII ғ. деректерінде белгілі, оған Түркістан өңірі жатады [1, 85 б].

Сан ғасырға созылған бұл халықаралық керуен сауда жолы сол кездегі саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырған, бірде үзіліп, бірде қайта жанданғанын тарихи беттерінен білеміз. Сонымен бірге әлемдік дамуға әсер етпесе де, аймақтық маңызы бар жергілікті сауда-керуен жолдарының қалыптасып оасан зор әсер еткен. Солардың бірі ежелгі және жаңа заманда Түркістан-Сырдария өңірінен Қазақ елінің орталық және солтүстік өңірлеріне қарай тармақталған далалық сауда жолдары болатын.

Сыр бойындағы Жанкент қаласынан орта ғасырларда бір жол Солтүстік Қазақстанға бағытталды. Ал Сығанақ қаласынан Ақсүмбе қаласы арқылы Орталық Қазақстанға қарай және бір тармақ шыққан. Бұл тарапқа Сауран қаласынан жолға шыққан екінші бағыт Қарақұрым (Жыланқарауыл қаласы) арқылы басталған. Бұл сауда жолдары Қазақстанның ішкі аумақтарына қарай бағыт алған негізгі шығатын бағыттар болған. Осы жол арқылы Қазақстанның Солтүстігі мен Орталық көшпелі ру-тайпалар осындағы сауда жолы бойындағы қалаларға соғып, өздеріне қажетті тұрмысқа қажетті заттарын бұйымдарын алып қайтатын болған.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Түркістан қаласы сол кезеңдегі айтарлықтай дамыған ірі қаланың бірі болған. Осының арқасында қаланың цитадел аталған бөлігінде Әзірет Сұлтан кесенесі салынды. Көз тартар әсем ғимарат сол кездегі Орталық Азиядағы теңдессіз кесене болды. Мұнда атбасын тіреп келген өзге елдің өкілдері кесенені дәріптеп қағаз бетіне түсіріп отыратын болған. Әсіресе, Қазақ хандығы тұсында шетелден көптеген жиһанкез, саяхатшылар келіп қаланың тұрмыс-тіршілігі жайлы маңызды мағлұматтар алып кетіп отырды. Мәселен, Тәуке хан билік еткен заманда орыс елшісі В. Кобяков келіп қала маңындағы егістіктерді айтып өтсе, ғалым Д. Г. Мессершмидт қаланың құрылым жоспарын сыздырды. Қазақ хандығының астанасы болып белгілі қалаға айналған Түркістан ертеден-ақ зиаратшылар мен саяхатшылар келетін белді туризм қаласы болған. Бұл туралы П. И. Рычков, Н. А. Северцов, М. С. Бекчурин, суретші В. В. Верещагиндер де жазып кетті. [2, 224 б].

1865–1866 жж. аралығында Түркістан қаласында болған М. Бекчурин Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жайлы суреттеп жазып, оның жанына жерленген тарихи тұлғалар жайлы былай дейді: «На дворе мечети Азрета, на особом месте, есть отдельное небольшое круглое здание с куполом покрытое с изразцовой мозаикой (мавзолей Рабиа Султан-Бегум)... Кроме могилы Рабиа Султан-Бегум, находятся тут могилы некоторых киргизских султанов Средней и Малой орды, между прочим, известного Аблай хана и всех предков Абулхайра, которые властвовали в Туркестане, и царевича неизвестной страны Баба Самуд-Юлбарс-Аты. Над одними из этих могил воздвигнуты памятники, а на других просто положены мраморные камни различной формы и величины, на которых высечены прекрасным арабским шрифтом имена усопших, но года кончины их не обозначены». Сондай ақ, ХІХ ғ. 60-шы жылдары Түркістанда болған М. С. Бекчуриннің мақаласынан «Белгісіз елдің билеушісі – Баба Самит Жолбарыс ханның қабірі...» деген жолдарды кездестіруге болады. [3. N8]

Ұлы Жібек жолының үлкен бір тармағы осы Түркістан оазисімен өткен. Сауда қарым-қатынасының дамып, өркендеуіне негіз бергені белгілі. Екіншілікпен айналысқан территория ретінде табиғаттағы су көздерін кең қолданған, тұрғындар бұлақ, өзен, көл, жер асты су көздерін пайдаланғанын археологтар В. А. Грошев, К. А. Акишев, К. Байпақов, Е. Смағұловтың зерттеулерінде жан-жақты көрсетілген. Осы Жібек жолының Түркістаннан өтуі қаланың едәуір дамуына жол ашты. Қалаға келген саудагерлерге жайлы болуы үшін арнайы керуен сарайлар мен ханакалар салынған.

Осы орайда керуен сарай жайлы айтар болсақ, Керуен Сарай (парсы: *ارسن اوراک* [kār wānsarā]) – Азия құрлығында, Оңтүстік Еуропада, Қазақстан мен Кавказ елдерінде қалалар мен керуен жолдарының бойында ежелгі дәуір мен орта ғасырларда, ішінара жаңа дәуірде салынған аялдама, дамылдау орны. Керуен Сарай тұрғызу ерте заманнан белгілі. Үлкен керуен жолдарының бойында («Ұлы Жібек жолы», т. б.) көптеп тұрғызылған. Керуен Сарайлар, әсіресе, VII ғасыр мен ХІХ ғасырдың аралығында халықаралық байланыс пен сауда-саттықтың дамуы әсерінен маңызды орын алды. Керуен Сарайдың екі түрі бар: төбесі жабық тұйық

ауласы бар және төбесі ашық түрі кездеседі. Жабық түрін Кавказда (Арменияда) жиірек кездесетіруге болады. Керуен Сарайдың ортасында мал суаратын орын, ал, айналасында жолаушылар жайғасатын қонақ бөлмелер болған. Ұзақ жолдан келген саудагерлерге жайлар жасақталған. Екінші бір түрі керегді ортадағы тұйықтау келген шағын алаңға жайғастырып, тағы бір кезеңдерде бірнеше қабатты бөлмелерге керуенмен жолдан келген жолаушылар орналасатын болған екен. Кейбір орындарда Керуен сарай кешенді түрде салынған, мысалы демалыс орны, қонақ үйі, мешіт, ханака асхана, тағысын тағы. Керуен Сарайлар көп жағдайда қамал-қорғандармен қоршалып, немесе рабаттар мен ханакаларға жалғастырыла салынған. Ірі Керуен Сарайлар Қазақстандағы ежелгі Отырар, Тараз, Түркістан, Сауран т. б. қалаларында болған. Осындай Керуен Сарайға археолог Т. К. Бәсенов зерттеген Жамбыл қаласы жанындағы Ақыртас ескерткішін атап өтуге болады. (Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, 4 том).

Ал ханака сөзіне тоқталар болсақ анака, ханега, хонако (*парсы* хане – үй және га – орын) – Орталық Азия мен Әзірбайжанда, сондай-ақ кейбір Таяу Шығыс елдерінде кең таралған діни құрылыстың түрі; дін жолын ұстанған тақуалар мен кезбе дәруіштерді қабылдау үшін салынған ақысыз қонақ үйі. Ханака тұрғызу суфизмді уағыздауға байланысты етек алды. Ол негізінен мешіт, медреселердің жанында болады; [4, 622 б]. Атап өтер бір жайт 2020 жылдың тамыз айында Түркістандағы Күлтөбе қалашығында ерекше құрылым – ежелгі ханака табылды. Бұл археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған таңғаларлық олжа сопылық құрылыстың орны саналады. Мамандардың пайымдауынша, күлтөбелік ханака – бірнеше ғасырлар бойы – XV ғасырдан XIX ғасырға дейінгі аралықта жұмыс істеген ерекше мәдени сәулет ескерткіші болып табылады. Өйткені мұнда барлық үй-жайлар мен ғұрыптық бөлмелерінің қалдықтары ғана емес, дәруіш тариқатына қызмет еткендердің орындары да белгілі болған. Осылайша Түркістан қаласында Жібек жолы бойында орналасқандықтан керуен сарайлар мен ханалар көптеп қызмет еткен. Ислам мәдениетінің үлгілерінің негізінде салынған ғимараттардың, атап айтқанда діни ғимараттар мешіт, медреселер, мұнаралардың, адамдар өмір сүруге негізделген керуен сарайлар, базар, тұрғын үйлер, моншалар т. б. жалпы ислам сәулет өнерінің сол замандағы даму сипаты мен ерекшелігіне сай салынған. 1920 жылы Түркістанда Ә. Дербесәлінің дерегі бойынша 50-ден аса мешіт болған. Әзірет Сұлтан кесенесінің маңында орналасқан Каландарлар, Көктас, Мутфулла қажы, Әзірет Сұлтан, Жеті ата, Әлқожа Ата, Тұтбай-Әлқожа т. б. мешіттер орналасқан. [5, 189 б].

Кесененің солтүстік-батыс бөлігіндегі 12 га. жердің тұрғын үй жайын қайта қалпына келтіру (регенерация) және онда туризм инфрақұрылымын қалыптастыру үшін зергерлік, ұсталық, көзешілдік кәсіппен шұғылданатын шеберханалар, керуен сарай түріндегі мейманхана, шығыс моншасы және т. б. құрылыс кешендерін орналасқан.

Тарихшы Б. Кәрібаевтың айтуынша «Аймақтың саяси орталыққа айналуы аймақ пен оның қалаларының әкімшілік, экономикалық, мәдени рөлдерін арттыра түседі. Түркістанның саяси-экономикалық, сауда-айырбас орталығы



ретінде қайта жандануына күшті әсер еткен маңызды фактордың бірі – аймақ территориясы арқылы Ұлы Жібек жолының негізгі торабтарының өтіп жатуы болды. Ұлы Жібек жолы – Жерорта теңізінің жағалауларындағы елдерден Қытайға дейін, Евразияны көктей өтіп жатқан керуен жолдарының тоқсан торабы, сауда мен мәдени байланыстардың аса маңызды қатынас жолы. Ежелгі замандардан бастап, бүкіл ортағасырлар бойы елдер мен елдерді, халықтар мен халықтарды байланыстырған бұл жол, өмір нәріндей, Жол бойындағы мемлекеттермен оның жекелеген аймақтарында экономикалық дамуға қолайлы жағдайлар жасады, себепші болды. Бұл жағдай ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстанға, оның ішінде Түркістан аумағына да қатысты болды» деп атап өтеді [6, 5 б].

Ұлы Жібек жолы тек сауда жолы болып қана емес, Батыс пен Шығыстың арасындағы рухани өркениетінің тоғысқан тұсы.

Тарихшы М. Қожаның айтуынша мешіт-медреселер Сырдария бойындағы қалалардың барлығында болған. Саурандағы археологиялық зерттеулер негізінде онда мешіт, медресе және ханака қалдықтары табылды. Мұсылмандық мектептер мен медреселерде кітап қорлары болуға тиіс. Молдалар, шайқылар, сопылар мен басқа дін иелерінің жеке кітапханалары болуы тиіс.

Қазақтың байлары діни құрылыстар салған. А. И. Левшин қазақтың бір байы XVIII ғ. салған мешітті атап өтеді: «богатый киргиз Меншей орды ...по имени Кара-Булат сделал на берегу Сыра маленькое глиняное укрепление и внутри одного построил из глины мечеть, возле которого сам жил в кибитке». Хиуа тағында отырған Шерғазы аталған қалада медресе салғызғаны жөнінде мәліметтер бар. Тарихи деректерде қазақтар Бұқара қаласында да мешіт салғызғаны жөнінде хабарлар бар. [6, 5 б] Яғни осыдан келетін қорытынды – Қазақ хандығы дәуірінде діни білім беру орталықтары мешіттер, медреселер, ханакалар болды.

Қазақстандағы медреселердің ең ескісі, әрі ең үлкені Түркістанның шығысында орналасқан айтулы «Қарнақ» медресесі болатын. Қарнақ медресесін бітірген шәкірттердің білім дәрежесі кезінде Самарқан, Бұхара, Ташкент сынды қалаларындағы медреселердің білім алушыларынан кем болмаған. Қарнақ медресесінде қазақ халқының ахүн-жыраулары, би-шешендері ілім игеріп, халыққа имандылық, адамгершілік насихатын жайған. [7] Олар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шортанбай Қанайұлы, Балмағамбет Балқыбайұлы сияқты есімдері жұртқа мәлім болған тұлғалар. Қарнақ медресесі жайлы көпшілік арасында «ол – елдің құты», «Ілім Қарнақтан тараған» деген сөздер тараған, молда алдын көрген талапты жас шәкірттердің көбісі Қарнаққа барып, білім жетілдіріп қайтуды мақсат тұтқан. Зәуде осы медресеге келе қалса, ол шәкірт бақытты шәкірт болып есептелген. Өйткені медреседегі оқыту ісі көркейіп, өркен жайған XVIII–XIX ғасырларда келешекті ойлаған абыздар мен ел тізгінін ұстаған игі жақсылар рухани қажеттілікті айқын сезініп, ынталы балаларды оқуға жіберген, бұл жайт барлық жастардың қызығушылығын оятқан. Қарнақ медресесі XX ғасырдың бас кезіне дейін қазақ халқынан шыққан қаншама дін ғұламаларын тәрбиелеп, елдің рухани сұранысын қанағаттандырып келгені мәлім. Тек кеңес өкіметі орнағаннан кейін ғана Қарнақ медресесіндегі оқу жүйесі тоқтатылып, сол кездегі басқа да

діни оқу орындарының кебін күшті. Қарнақта төрт медресе болған: 1. Халфе медресесі; 2. Шамухаммед ишан медресесі; 3. Молда Хашыр дамолла медресесі; 4. Әбілхайыр қазы медресесі [8].

Қазақ хандығының дамыған, өркендеген, кемелденген тұсында Түркістан шаһарының астана ретінде танылып, хан ордаларының Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында орын тебуі олардың ел басқару ісінде тасының өрге домалауына тікелей әсер етті. Бұдан кейінгі уақыт қазақ хандығы мен көршілес мемлекеттер арасындағы қақтығыспен, қызу тайталаспен, жорықпен өтсе де, қала мен ондағы киелі кесененің тағдыры басқаның қолына өткен жоқ. XVI–XVII ғасырға дейін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне алыс-жақын елдерден тарихи тұлғалар, әсіресе Әбілқайыр хан нәсілдері жерленетін болса, осыдан кейінгі кезеңде негізінде қазақ хандарының, батырларының, билерінің сүйектері жерленіп келді. Түркістан қаласы қазақ халқының рухани орталығы болса, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қазақтың игі-жақсылары жерленетін арнайы орынға айналды.

Негізінен, Түркістан қаласы мен Түркістанға жақын ауылдарда ерте кезден-ақ балалардың сауатын мұсылманша ашатын арнайы медреселердің болғаны анық. Ислам дінінің нәрімен сусындар өскен жас ұрпақтың бүгінгі болашағы жарқын.

#### **Әдебиеттер мен дереккөздер:**

1. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы, Қазақстан . 1992. – 198.

2. «Әлемдік мәдени мұраларды қорғау, сақтау және басқару» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 17–18 сәуір, 2023 жыл – Түркістан. 224 б.

3. Бекчурин М. С. Описание мечети Азрета в городе Туркестане // Военный сборник. – СПб, 1866. N8.

4. Қазақстан тарихы Очеркі ред алқасы: А. К. Акишев, М. Х. Асылбеков, К. М. Байпақов, Ж. Қ. Қасымбаев, М. Қ. Қозыбаев 1994, – 85 бет.

5. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.

6. «Қазақ хандығының тарихындағы Түркістанның орны» халықаралық ғылыми-теориялық конференция Т. 2015 ж. – 5 б.

7. Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, 4 том.

8. Тұяқбаев Қ. «Мәдени мұра» бағдарламасы: жетістіктері мен мәселелер.

**Сәния Мекемтасқызы Нағашбекова**  
Жамбыл облысы әкімдігінің  
мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының  
«Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және  
қалпына келтіру дирекциясының»  
ғылыми қызметкері

## **ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ТАЛАС МАҢЫНДАҒЫ МЕКЕНДЕРДІҢ ХІХ–ХХ ҒҒ. ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

ХІХ ғасырда орыс әскерлерінің оңтүстік-батысқа жылжу барысында Шу мен Талас алқаптарын жаулап алып, Ресей империясына қосу аймақтарында зерттеушілердің келуіне себеп болды. Олардың ішінде тарих пен археологияға қызығушылар да болды. Археологиялық ескерткіштер мен көне архитектуралық құрылыстарға арналған жұмыстар пайда бола бастады.

1864 ж. суретші М. С. Знаменский Ақыртас қирандыларының, оның қамал құрылыстарының бірнеше суреттерін салды. Ірі тас блоктарынан тұрғызылған бұл ескерткіш өзінің құпиялығы мен жоспарының ерекшелігімен өзіне бірден көңіл аударды. Шығыстанушы П. И. Лерх, Ақыртаста 1867 ж. болып, оны буддалық монастырь деп анықтады. Бірнеше жылдан соң геолог Д. Л. Иванов оны сипаттады және ең қызықты өрнекті блоктардың суреттерін салды.

1889 ж. Күйік асуының маңындағы Үңгірлісай деген жерде мола қазылып, онда жібек матаға оралған мүрде мен бес қола айна табылды. Басқа молада күміс ыдыс пен екі тиын табылды. Бұл олжалар туралы «Императорлық Археологиялық комиссияның есебінде» хабарланды.

1890 ж. шығыстанушы Е. Ф. Каль Әулиеата уезінің ескерткіштерін зерттеді, обалар мен қарауылтөбелер туралы мәліметтер жинады, Жетітөбе қорымының үлкен обаларының бірінде қазба жүргізді.

1893–1894 жж. Шымкент – Әулиеата – Мерке – Піспек – Ыстықкөл – Верный маршруты бойынша ғылыми сапарда болған В. В. Бартольд Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудің тарихы мен археологиясын зерттеуде маңызды рөл атқарды. 1894 ж. жарияланған есепте ол ортағасырлық жазба деректердің жиынтығын берді, тарихи очерк жазды және археология мен архитектураның ең қызықты ескерткіштерін, оның ішінде Талас және Шу алқаптарындағысын, Тараздың көне қалажұрттарын, Ақыртас кешенін, Түймекент пен Құлан қалажұрттарын сипаттады.

Көнені зерттеуде әсіресе В. А. Каллаур көп еңбек сіңіріп, бай ғылыми мұра қалдырды. Оның көптеген мақалалары ортағасырлық қалалардың орнын анықтауға, қалажұрттардың, қорымдардың, тас мүсіндердің сипатына арналған. Көне түркілік руникалық жазуларды ашу мәртебесі де оған бұйырды. Ол архитектуралық ескерткіштерге де көп көңіл бөлді, П. И. Лерх пен В. В. Бартольд келтірген Ақыртас сипаттамасын толықтырды, Айша бибі мен Бабаджа хатун кесенелерін, Ұлы Жібек жолындағы көне қалалар мен мекендерді, Тектұрмас

тауындағы және Таластың төменгі ағысындағы архитектуралық құрылыстарды, тас мүсіндер мен көне түркілік руникалық жазбаларды сипаттады.

Ғалымның ғылыми ықпалында 1895 ж. Ташкентте құрылған Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің жұмысы да жүріп жатты. Бұл үйірменің мүшелері өлке администрациясының өкілдері, оқу орындарының директорлары мен оқытушылары, шенеуніктер, әскерилер болды. Олардың санатында Талас және Шу алқаптарының ескерткіштерін ашушы және зерттеушілері В. А. Каллаур, В. П. Лаврентьев, Н. П. Остроумов, А. А. Диваевтар болды. Көнені зерттеуде әсіресе В. А. Каллаур көп еңбек сіңіріп, бай ғылыми мұра қалдырды. Оның көптеген мақалалары ортағасырлық қалалардың орнын анықтауға, қалажұрттардың, қорымдардың, тас мүсіндердің сипатына арналған. Көне түркілік руникалық жазуларды ашу мәртебесі де оған бұйырды. Ол архитектуралық ескерткіштерге де көп көңіл бөлді, П. И. Лерх пен В. В. Бартольд келтірген Ақыртас сипаттамасын толықтырды, Айша бибі мен Бабаджа хатун кесенелерін, Ұлы Жібек жолындағы көне қалалар мен мекендерді, Төртұрма тауындағы және Таластың төменгі ағысындағы архитектуралық құрылыстарды, тас мүсіндер мен көне түркілік руникалық жазбаларды сипаттады.

В. П. Лаврентьев Әулие Ата айналасындағы «төбелер» – қалажұрттардың реестрін жасады. Көнені әйгілі зерттеушісі А. И. Добросмыслов ХХ ғ. басындағы Әулие Ата құрылымын сипаттап қалдырды. Зерттеушілер мен өлкетанушылар көлемді фактілік материал жинақтады, олардың жасаған ескерткіштердің сипаттамалары осы күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ, өйткені, олардың көбісі уақыт өте келе бұзылды немесе өзгерді. Сондықтан, сақталған мәліметтер олар туралы жалғыз дерек болып қалды. Жалпы бұл жұмыстар материал жинау, облыстың археология және архитектура ескерткіштерін тіркеу мен сипаттау жұмыстарына жол ашты.

1917 ж. төңкеріс пен азамат соғысынан кейін, кеңес мемлекетінің бастапқы кезеңінде Шу-Талас аймағының археологиялық ескерткіштерін зерттеу жұмыстары қайта жанданды. 1925, 1927 және 1930 жж. М. Е. Массон Тарас қалажұрты мен Талас алқабының ескерткіштерін зерттеді. 1936 ж. ол Талас өз. жоғарғы ағысында кездейсоқ табылған руникалық жазуы бар таяқты ғылыми айналымға енгізеді.

Алғашқы ғылыми қазба жұмыстары 1927 ж. Көненің ескерткіштері мен өнер ескерткіштерін қорғау жөніндегі Орта Азиялық комитетінің экспедициясы (М. Е. Массон) жүргізді. Экспедиция Әулиеата маңының топографиясын зерттеді, шахристан мен қорымда қазба жүргізді. Қазба барысында ортағасырлық керамика мен терракоталық әрлеуіш материалдардың тамаша үлгілері табылып, Әулие Атаның астында ортағасырлық қаланың қалың мәдени қабаттары бар екені анықталды. Қалажұрт фортификацияның қалдықтарын сақтап қалған, үш қатар жалмен қоршалған, Талас өзенінің өткелінде орналасқан және Талас алқабының осыған ұқсас ескерткіштерінің ішіндегі ең ірісі болды. Археологиялық материалдар, оларды сараптау М. Е. Массонға бұның Тарасдың ортағасырлардағы Орта Азия, Еуразияның ірі қалалары бірінің қалдықтары екіндігін дәлелдеуге

мүмкіндік берді.

1925 ж. Айша бибі кесенесін архитектор Б. П. Денике зерттеді. Кейіннен ол архитектуралық өрнекті сараптамасы және бағалау жөніндегі еңбегін жариялады. 1937 ж. кесенені Шығыс мәдениеті музейінің экспедициясы (Б. М. Никифоров, Н. В. Черкасов) зерттеді.

1931 ж. Шу алқабында археологтар М. П. Грязнов, С. И. Тереножкиндер жұмыс істеді.

1936 ж. Талас және Шу алқаптарында Жетісу археологиялық экспедициясының (ЖАЭ) жұмыстары басталды. Экспедицияны КСРО Ғылым академиясының Материалды мәдениет тарихы институты, Мемлекеттік Эрмитаж, КСРО-ның Ғылым академиясының Қазақ және Қырғыз филиалдары, Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесінің жанындағы қорықтар мен ескерткіштерді қорғау басқармасы ұйымдастырды. Жұмыстар 1935–1938 жж. жүргізілді.

Жұмыстардың нәтижесінде кең хронологиялық диапазондағы: б. д. д. V ғ. – б. д. XIX ғ. дейінгі алуан археологиялық ескерткіштер ашылып, мерзімделді, Тараз қалажұртында 6 қазба, соның ішінде стратиграфиялық қазбада салынды. Қалажұрттың топографиясы зерттелді. Қалажұрттағы қазба XI ғ. бірегей моншасын ашты, көне су құбырын анықтады, керамика, шыны, металл, тиын коллекциялары жинақталды. Алғаш рет Тараз қаласының тарихын археологиялық материалдарды пайдалана отырып қалпына келтіру әрекеттері жасалды.

1938 ж. археология және архитектура ескерткіштерін зерттеу және сақтау үшін Жамбыл археологиялық пункті ұйымдастырылды. Оны кәсіпқой археолог Г. И. Пацевич басқарды.

1935–1938 жж. А. Н. Бернштамның жетекшілігімен ұйымдастырылған СССР ҒА Қазақстан филиалымен жүргізілген жұмыстар барысында Таразбен оның төңірегіндегі қалаларға қатысты тың материалдар жинақталды. Тараз қалашығына қазба жұмыстарын жүргізу арқылы қаланың құрылысын анықтауға күш салды. А. Н. Бернштам Луговой елді мекенінің жанынан үйсін қонысының орыны мен Берікқара және Кеңкөл обаларына қазба жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар өңірдегі көптеген қалалармен оба қоныстарды жаңадан ашып жарыққа шығарушы ғалым болды.

1940 ж. сол кезде құрылған тарихи-өлкетану музейіне археологиялық материалдар жинау үшін Жамбыл археологиялық пункті қазба жұмыстарын бастады. Қазбалар Тараздың Әулиеата орнындағы қалажұртқа толық сәйкес екендігін дәлелдеді. Ортағасырлық қала тұрғындарының дүниетанымы жөнінде қызықты материал Тараздық қорымдардың қазбасы мен жерлеу кешендерінен кездейсоқ олжалар берді.

Соғыстан кейінгі жылдары Г. И. Пацевич бастаған Жамбыл археологиялық пункті мен белгілі өнертанушы және архитектура тарихшысы Л. И. Ремпель жұмыс істеген Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі зерттеулерін жалғастырды.

1946–1951 жж. Тараз қаласының қорымы мен Төктұрмас тауындағы қорым зерттелді, қалажұрттың өзінде қазба жүргізілді, Ақыртас кешені, Талас өзенінің жазық бөлігі мен төменгі ағысындағы қалажұрттар зерттелді.

Г. И. Пацевич, Л. И. Ремпель экспедициялары көне қалажұрттардың орналасуы, ескерткіштер картографиясы жөнінде кең және қызықты материал жинақтады, оларды жариялады.

Соғыстан кейінгі жылдары 1960-шы жылдарға дейін республиканың оңтүстік өңірінің архитектураның даму тарихын зерттеу жұмыстарын Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанынан құрылған Архитектура істері бойынша басқармасы ұйымдастырған экспедиция жүргізді. Экспедицияны архитекторлар Т. К. Басенов, М. М. Меңдіқұловтар басқарды. 1956 ж. Жамбыл облысының ескерткіштерін зерттеу және Қазақстанның археологиялық картасын дайындау үшін А. Г. Максимова басқарған Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография Институтының Жамбыл археологиялық экспедициясы құрылды. Экспедицияның жұмысы барысында облыстың белгілі ескерткіштері зерттелді, жаңалары ашылды және олар туралы мәліметтер дайындалды.

1958 ж. экспедицияның М. К. Қадырбаев бастаған отряды Талас ауданында Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу үшін өте сирек, негізгі таралу аймағы Орталық Қазақстан болып табылатын Тасмола мәдениетінің тайпалары қалдырған «Жоталы оба» (мұртты оба) қазылды. Оны қазу барысында обалар архитектурасын сипаттайтын бірегей материал алынды, қару-жарақ заттары, керамика және «полихромдық стильге» жататын зергерлік бұйымдар табылды.

1960–1970 жж. облыста Х. А. Алпысбаев бастаған археологиялық экспедиция жұмыс істеп, Қаратауда палеолит кезеңінің бірегей табылу орындарын ашты. Төменгі палеолит кезеңінің тас құралдарының табылуының әлемдік маңызы бар. Палеолит ескерткіштерін зерттеуді Ж. К. Таймағанбетов жалғастырды.

1961 жылдан бастап 1968 жылға дейін облыс территориясында Жетісу археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Экспедиция құрамында Е. И. Агеева, Т. Н. Сенигова, А. Г. Максимова, М. С. Мершиев бастаған бірнеше отрядтардан тұрды. Тараз қалажұртының стратиграфиясы зерттелді, қаланың пайда болу және қалыптасу мерзімі, оның даму кезеңдері анықталды. Ерте темір ғасырының кезеңі зерттелді, атап айтқанда, Шөлтөбе мен Қызыл-Қайнар мекенжұрттарына қазба жүргізілді. А. Г. Максимова бастаған отряд Қызыл-Қайнар, Шошқала сияқты үйсін қорымдарын зерттеді, Луговое (К. М. Байпақов) және Аспара (Л. Б. Ерзакович) қалажұрттары зерттелді.

1974 жылдан бүгінгі күнге дейін аздаған үзілістермен Қазақ мемлекеттік университеті, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университетінің У. Х. Шәлекенов бастаған археологиялық экспедициясы Ақтөбе Степнинское қалажұртын зерттеп келеді. Ақтөбе қалажұртынан басқа экспедиция отрядтары ерте көшпелілер ескерткіштерін (А. М. Оразбаев) және Шу алқабының қалажұрттарын (М. Е. Елеуов, Н. О. Алдабергенов) зерттеді.

1983–1984 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының Л. Б. Ерзакович бастаған Тараз археологиялық экспедициясы құрылды. Екі жыл ішінде Жамбыл қаласының маңындағы және Талас өзенінің орта ағысындағы мекен және қала жұрттары зерттелді.

1985–1989 жылдар аралығында облыста Қазақ КСР Ғылым академиясының

Тарих, археология және этнография институтының К. М. Байпақов бастаған Ескерткіштер Жинағының археологиялық экспедициясы, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің «Қазжобареставрация» институтының экспедициясы (А. О. Итенов, А. Н. Проскурин, Т. Д. Жанысбеков) жұмыс істеді. Экспедициялар жұмысы археология және архитектура ескерткіштерін анықтау және паспорттауға, тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы үшін материал жинауға және Жетітөбе қорымы, Өрнек, Луговое, Қостөбе қалажұрттары сияқты эталонды ескерткіштерге қазба жүргізуге бағытталды. Қырғыз Алатауы мен Қаратауда петроглифтер зерттеле бастады. Мерке өзенінің жоғарғы ағысында шоғырланған түрік мүсіндері зерттелді (Э. А. Новгородова).

1990 ж. облыста Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы, ал Археология институты құрылғаннан кейін К. М. Байпақов бастаған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс жүргізе бастайды. Экспедициялық жұмыстар жаңа ескерткіштерді анықтау және зерттеуге, сонымен қатар, Луговое, Қостөбе, Өрнек, Төменгі Барысхан қалажұрттарында, Ақыртас кешенінде қазба жұмыстарын жүргізуге бағытталды.

Археология және архитектура ескерткішін зерттеудегі жаңа кезең «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында 2004 ж. басталды.

Мәдени мұраның сан алуандығы мен байлығы өркениетті қоғамның негізгі белгісі, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің интеграциялық компоненті болып табылады. Мәдени мұраның заттық бөлігі халықтың материалданған жадысын көрсетеді. Мұның маңызды бөлігін археологиялық мұра құрайды.

#### **Әдебиеттер мен дереккөздер:**

1. Байпаков К. М. Археологические исследования на Шелковом пути в Казахстане // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на трассе Великого Шелкового Пути, – Алма-Ата, 1991 г.
2. Бернштам А. Н. Памятники старины Таласской долины. Историко-археологический очерк. – Алма-ата, 1941 г.
3. Елеуов М. Е. Ортағасырлық Шу-Талас өңірлеріндегі қала аймағының қорғаныс жүйесі // «Тараз мыңжылдықтар және өркениеттер сұхбаты».

**Ұлжалғас Шаизханқызы Шаизхан**  
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік  
тарихи-мәдени музей-қорығының  
«Ғылыми қызмет және ескерткіштерді  
қорғау» бөлімінің басшысы,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі

## **ӨТКЕН МЕН БҮГІНГІ КҮННІҢ АРАСЫН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ КИЕЛІ ДЕ, ҚАСИЕТТІ МЕКЕН ТАРАЗДЫҢ АТАУЛАРЫ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?**

Осыдан 2000 жылдан астам уақыт бұрын іргетасы қаланған, тарихи дамудың, рухани өсудің сан соқпағын басынан өткеріп, бүгінгі күннің көне шежіресіне, көрікті шахарына айналған, алып Азия құрлығында ең шұрайлы, көркем алқапты алып жатқан Тараз жері – деректері жазылған киелі кітап тәріздес. Сан ғасырлар тарихтың құпиясын бойына жиып жатқан осы қала туралы Шығыстық көне жазбаларда деректер көптеп сақталған.



Әуелде – Талас, сан ғасырлар бойы Тараз, Абылай хан заманынан бері – Әулиеата, Кеңес Одағы кезінде Мирзоян, артынша Жамбыл атанған қаланың атауы 140 жыл уақыт оздырып Тараз тарихи атауына қайтадан ие болды. Бізге Н. Я. Бичуриннің, А. Н. Бернштамның, Ә. Х. Марғұланның, Ю. А. Зуевтың, Т. Сенигованың, С. Өтениязовтың тарихи еңбектерінен Талас қаласы (араб, парсы деректері бойынша Тараз) біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші ғасырдың орта кезінде салынғаны белгілі. Мұндай қорытынды жасау үшін негізгі дерек көптеген зерттеушілерге белгісіздеу «Үлкен хань әулетінің тарихы» деген қытай жылнамасы болып отыр. Үлкен хань әулеті Қытай мемлекетін қазіргі жыл



санауымыздан бұрынғы 202 жылдан бастап қазіргі дәуірдің VIII ғасырына дейін билеген. «Цянь-Ханьшу» деп аталатын бұл жылнаманы біздің дәуіріміздегі 27 жылы Қытай тарихшысы Баньгу жазған.

А. Н. Бернштам «Талас алқабының ежелгі ескерткіштері» деген тарихи-археологиялық очеркінде осы қытай дерегіне сүйене отырып: «Бұл жылнамада Талас өзені туралы тұңғыш рет жазылады, міне, осы өзен жағасында біздің отанымыздың тарихына тікелей қатысты аса ірі оқиға өткен.

Біздің жыл санауымызға дейінгі 204 жылдан бастап Орталық Азияда үстемдік еткен ғұндардың тайпалық одағы таптық жіктелуінің арта түсуіне байланысты біздің жыл санауымызға дейінгі 55 жылы екіге бөлініп кетті. Бір бөлігі Хухань шаньюдың (шанью – ғұндар билеушісінің лауазымы) басшылығымен Қытайға бағынып, Чжи-чжи шанью басқарған екінші топ тәуелсіздік үшін күресті жалғастыра берді. Қуатты дұшпандарды тықсырған Чжи-чжи билігіндегі солтүстік ғұндар осы шайқаста амалсыз солтүстік-батысқа қарай қоныс аударуға мәжбүр болды. Ғұндардың біздің дәуіріміздегі V ғасырда Батыс Еуропадағы Францияда аяқталған батысқа қарай жылжуы іс жүзінде осы кезеңнен басталған еді.

Қытай деректеріне қарағанда Чжи-чжи шанью қаңлы тайпасының билеушісі тарапынан қолдау табады, қаңлы көсемі шаньюге және оның жасақтарына өз иелігінен жер бөліп, қызын ұзатады. Чжи-чжи шаньюдың әрекеттері Қытайдың билеуші топтарын қатты алаңдатады. Олар өздеріне солтүстік ғұндардың шабуылын ұйымдастырушы Чжи-чжи деп біліп, Чжи-чжи шаньюдың көзін құртуды ұйғарады. Осы мақсатпен Қытайдың екі қолбасшысы Гань-янь-шоу мен Чэнь-тан басқарған арнайы әскери қосынын аттандырады. Бұл әскерлер 36 жылы Чжи-чжи қоршауға алып, оны өлтіріп тынды. Осы қолбасшылардың өмірбаяндарында олардың жорығы мен Чжи-чжи шаньюдың ордасы баяндалады. Мұнда шаньюдың шатырлардан (киіз үйлерден) тұратын ордасы жан-жағынан (қытайша «чен» деп жазылған) дуалдармен қоршалған қала ішінде, Талас өзені жағасында екендігі көрсетілген» («Талас алқабының ежелгі ескерткіштері», А., 1941, – 12 б.).

Ю. Я. Зуевте «Үйсіндердің этникалық тарихы» деген мақаласында сол қытайлық «Цянь-Ханьшу» негізінде: Чэнь Тан мен Гань-янь-шоудың Таласқа, ғұн шаньюы Чжи-чжидың қаласына біздің жыл санауымызға дейінгі 36 жылы жасаған жорығы суреттелген жылнамада олар «(Іле өзенінен) солтүстік жолмен жүріп отырып Қызыл алқапқа (Чигуге) жеткен соң үйсіндер елін көктей өтіп, қаңлылар шекарасынан асып, батыс жақтағы Толы көлге (Ыстық көлге) шықты» деп жазды («Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана», А., 1960, – 216.). Бұл жерде Ю. Я. Зуев бұрыннан бар Талас қаласы туралы жазып отыр ғой.

Дәл осы соғыс жайында Л. Н. Гумилев «Сборник в честь академика И. А. Орбели. Исследования по истории народов Востока» деген жинақта (М. Л., 1960) жарияланған «Біздің жыл санауымызға дейінгі 36 жылғы Талас соғысы» деген мақаласында неғұрлым толығырақ жазады: «Үйсіндерге үсті-үстіне

жасалған шабуылдарда шек болмады. Сөйтіп, біздің жыл санауымызға дейінгі 42 жылы хундар олардың астанасын тас талқан етті. Хундар шабуылының тағы бір нысаны Ферғана алқабы болды, алайда Чжи-чжи бұл алқапты тонаумен ғана шектелген сияқты. Жиналған олжаны сақтау үшін орын керек болды. Чжи-чжи Талас өзені алқабында өзі және қосыны үшін қорған салғызды, бұл қорғанды 500 жұмысшы екі жыл бойы салды» (– 136 б.).

Талас қаласының негізгі қаланған уақыт туралы Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі Ә. Х. Марғұлан да жазған. Бұл ғалым өзінің «Әлі де шешілмеген мәселелер көп» деген мақаласында Қытай жылнамасының деректеріне сүйене отырып, ұлы шанью Чжи-чжи «Біздің жыл санауымызға дейінгі I ғасырдың орта кезінде өз мемлекетінің астанасы ретінде Талас қаласын салды», -деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды («Білім және еңбек» журналы, 1981 ж. № 12). Ғұлама осы мақаласында Қытай тарихының зерттеушілері Де Горттың, Шаванның, А. Херманның, Дайвандектің ғылыми кітаптарында Талас қаласы салынған уақыттағы жағдай туралы молынан жазылғандығы туралы атап көрсетеді. Ал, қазақтың жас ғалымы Самат Өтениязов «Білім және еңбек» журналының сол жылғы № 6 санында Атилла туралы мақаласында ежелгі Қытай мұражайының бірінде әлі күнге дейін сақталып отырған жібек картада Талас қаласы көрсетілгендігін жазады.

Қытай жылнамасындағы бұл деректер қазіргі Жамбыл қаласының орнында біздің жыл санауымызға дейін-ақ елді мекендер болғандығы туралы А. Н. Бернштам, Т. Н. Сенигова, Е. Т. Агеева, М. С. Мершиев, Л. И. Ремпель, Г. И. Пацевич басқарған археологиялық зерттеулердің материалдарымен де дәлелдене түседі. Бұл деректер Жамбыл қаласы қазіргі жыл санауымызға дейінгі 42–41 жылдары салынған деп нық сеніммен айтуға мүмкіндік береді.

Жамбыл қаласы тек Кеңес Одағы ғана емес, бүкіл әлемнің ең байырғы қалаларының бірі ретінде белгілі. Бұл қаланың қашан, қалай және оны кімдер салғаны туралы мәселе жамбылдықтарды ғана емес, басқа да көптеген адамдарды қызықтырады. Алайда, жұртшылық осы қаланың жасы туралы әлі күнге дейін анық жауап ала алмай келеді.

Қазақ КСР Ғылым Академиясы 1984 жылғы 5 наурыздағы № 3–07–139 сараптамасында «Жамбыл қаласының жасы жазба деректер мәліметтері бойынша 1400 жылдан асады, археологиялық мәліметтер бойынша 1900 жылға жетпейді» деп жазады. Сақтықпен жасалған бұл қорытынды А. Н. Бернштамның, Е. Е. Агееваның, М. С. Мершиевтің, Т. Н. Сенигованың қазіргі уақытта ескіріп кеткен археологиялық материалдарына негізделіпті. Қазақ КСР Ғылым Академиясының осы хатында «өткен жылдардағы археологиялық қолжазбалардың мәліметтеріне қарағанда қазіргі Жамбыл қаласының орнында біздің жыл санауымызға дейінгі II–I және қазіргі дәуіріміздегі I–III ғасырларда мекендер болғандығы анықталған» деген тұжырым бар. Олай болса, Жамбыл қаласының жасы 2000 жылдан асады.

Талас өзені жағасындағы қала туралы ең ежелгі жадынама қытайлық «Цянь Хань Шу» («Үлкен хань әулетінің тарихы») деген жылнамада келтірілген, оның

кейбір үзінділерін Н. Я. Бичурин орысшаға аударған еді. Алайда, осы жылнамада айтылған Гань-Ян-шоу және Чэнь-Тан деген қытай қолбасшыларының өмірбаяндарын ол да және басқа ешкім де орысшаға аудармапты. Осы авантюристер басқарған арнайы әскери қосындар біздің жыл санауымызға дейінгі 36 жылы (қытайша «Доолос») Талас өзенінің жағасындағы (қытайша «чен») кентті қоршап, ғұндардың басшысы Чжи-чжидың өзін де, 1500 жауынгерін де өлтіріп, мыңнан аса адамын тұтқынға алады. Бұл қолбасшылардың ағылшыншаға аударылған өмірбаяндарынан біз ғұндардың шаньюи Чжи-чжи қытай патшасы қолдаған өзінің інісімен қақтығыста жеңіліп, біздің жыл санауымызға дейінгі 46–45 жылдары атамекенін тастап, өзіне қарасты адамдарды Талас алқабына алып келгенін білеміз. Тарих ғылымдарының докторы, Ленинград университетінің профессоры Л. Н. Гумилев «Қаңлылар патшасы хундар шаньюин құшақ жая қарсы алды. Ол оған өзінің қызын беріп, өзі Чжи-чжидың қызына үйленді. Одақтастар өздерінің алғашқы соққысын батыс майданда белсене соғысуға еш әзірленбеген үйсіндерге жұмсады... Хундар біздің жыл санауымызға дейінгі 42 жылы үйсіндердің Нарын өзенінің жоғарғы жағындағы Қызыл алқап қаласын – Чигу деген астанасын тас-талқан етіп қиратты.

Үйсіндер өздерінің батыстағы жерлерін тастап, шығысқа қарай босты. Хундардың тағы шабуыл жасаған жері Ферғана алқабы болды, алайда Чжи-чжи осы алқаптағы қорғандарды хундар ала алмағандықтан маңайындағы елдерді тонаумен шектелген сияқты. Жинаған олжасын сақтау үшін арнайы орын керек болды. Чжи-чжи Талас өзені алқабында өзіне және қосынына қорған салды, оны 500 жұмысшы екі жыл бойы тұрғызды. Қорған балшық дуалмен және екі қатар қағылған бөренелермен қоршалып, қарауыл мұнаралары жасалды. Мұның өзі мұндай қорғанды гректер немесе парфияндар әдісімен емес, римдік қорған салу үрдісін қолданғандығын көрсетеді. Бұл қорғанның ішінде жүзден аса жаяу әскер болған, оларды римдіктер деп санайды. Бұлар Красстың парфияндықтарға тұтқынға түскен кейін шығыс шекарада қызмет етуге жіберілген легионерлері деп топшыланады» («Сборник в честь академика И. А. Орбели. Исследования по истории народов Востока», М. Л., 1960, – 163 б.).

Академик Ә. Х. Марғұлан өзінің «Ойсылқара» деген мақаласында «Тіпті қытай әскерлері қиратқаннан кейін де... Талас (қазіргі Жамбыл) қаласында ғұндардың зергерлік бұйымдарының қалдықтары сақталған», – деп жазған еді («Жұлдыз» журналы, 1984, № 4, – 176 б.). Мұнда Ә. Х. Марғұлан бұрынғы археологиялық қазба жұмыстарының материалдарын еске алып отыр. Ал, іс жүзінде қайта тексеру сияқты жыл санауымызға дейінгі II–I ғасырлардағы қаңлы, үйсін, сондай-ақ ғұн, тіпті римдік археологиялық, антропологиялық материалдар табылуы мүмкін. Осы орайда қаламызды қақ жарып ағатын Талас өзенінің жағасынан 1947 жылы Римнің эмблемасы –қасқырды еміп жатқан екі баланың қола мүсіні табылып, Эрмитажға сатылып кеткендігін еске алуға болады. Сол сияқты қазу кезінде төменгі қабатынан адамның бас сүйектері табыла қалған жағдайда ғұндар өздерінің бастарын жас кезінен әдейі ұзарта сопайтып өзгертетінін ескерсек, бұл бастарды үйсіндердің, қаңлылардың бастарынан оңай ажыратуға болады.

Әлбетте, үйсіндер де, қаңлылар да өздерінің әдет-ғұрпы және тегі жөнінен ғұндар екендігін қазақстандық қытайтанушы Ю. Я. Зувтың «Үйсіндердің этникалық тарихына» деген мақаласынан және Н. Я. Бичуриннің үйсіндер мен қаңлылар туралы көне қытайшадан аударған еңбектерінен білуге болады.

Жамбыл қаласының жасын анықтауда Талас топонимикасын лингвистикалық жағынан зерттеулердің де үлкен маңызы бар. Түрік тілдерінде «талас» деген сөз дау-дамай тіпті соғыс («жанталас», «хандар таласы», «тақталас», «бақталас» және т. б.) деген мағынада қолданылады. Бұл сөз грек тілінде «теңіз суы» деген мағынаны білдіреді. Ал, латын тілінде римдіктер теңіз суы тәріздес түске байланысты айтады (латын-орыс сөздігін қараңыз).

Атақты Рим тарихшысы Плутарх өзінің «Сравнительные жизнеописания» деген кітабының II томында римдіктер өздерінің үйлену тойында жастарға «Талассио!» деп айқайлап ұран шақыратындығын жазады. Бұл ғұрып гректерден христиан дінін қабылдаған орыстарға «горько» деп айқайлайтын әдет ретінде көшкендігін айта кетуге болады. (Сайып келгенде, ежелгі санскрит тілінен бастау алған латын, парсы, сондай-ақ түркі тілдерінде «талас» сөзінің түпкі мағынасы «су, өзен» дегенді білдіргендігін Әбіш Кекілбаевта айтып кеткен болатын).

Талас өзенінің жағасында Талас қаласын салысқан римдіктер үйлену тойларында «Талассио!» деп ұрандатуы әбден мүмкін ғой. Өйткені, олар жүзден аса римдік легионер ғұн билеушісінің – қаңлы ханшасына, қаңлы билеушісінің – ғұн ханшасына үйлену тойларына қатысқанда осылай айқайлауы арғы бабаларымыздың есінде сақталып қалған шығар. Амал не, бұл екі неке де қасіретпен аяқталғаны белгілі. Қаңлы билеушісі «Чжи-чжиді әлдеқалай қорлаған көрінеді. Сондықтан да ол өзінің жұбайын – қаңлы ханшасын және бірнеше жүз атақты қаңлыны қылышпен қиқайлай туратып, өзенге ағызып жіберген» (Л. Н. Гумилевтің жоғарыда аталған жинақтағы мақаласының 164-бетінде). Міне, осы қанды қырғын оқиғадан кейін өзен де, оның жағасындағы кент те Талас атауына біржолата ие болған сияқты. Бір қызығы түркі, оның ішінде біздің қазақ тілінде де айтылуы да, мағынасы да бірдей талай латын сөздері баршылық.

Қытай авторлары біздің ежелгі қаламызды да, оның жанындағы өзенді де иероглифпен белгілейді. Мыңдаған ғасырлар өткен соң бұл атаудың оқылуы әрқалай. Мәселен, Таласты кейбіреулер «Далуй» десе, екіншілері «Хынлос», үшіншілері «Доолос» деп оқиды. Византиялық елші Земарх қаламыздың атын «Талас» десе, 751 жылғы араб-қытай соғысы болған жерді арабтар «Талас соғысы» деп жазған. Таластың Таразға айналуы 893 жылы Бұқараны билеген парсы-тәжік Исмаил Саманидің Талас алқабын жаулап алуынан басталды. Орта ғасырлық тәжіктер «л»-ды «р» деп айтып келген. Мәселен, сүйген адамдарымызға сыйлайтын гүлді тәжіктер «гүр» деп айтқан.

Зерттеуші Д. Қыдырәлі мен М. Кәтімхан: Іргетасы Жібек жолымен тұтас қаланған Тараз қаласының атауын Талас өзенімен тікелей байланыстырады. Бұл Тараз қаласының Талас өзенінің екі жағында орналасқандығын – X ғасырда әйгілі жиһангез Әл-Максиди айтып өткен. Ол өз жазбаларында Тараз туралы: «Тараз бекіністі үлкен қала, бау-бақшалы, адамдары тығыз орналасқан, айналасы

ормен қоршалған, төрт қақпасы бар және раббатта тұрғындары көп. Қаланың қақпасының алдында үлкен өзен бар, оның үстіне көпір салынған. Тұрғындар өзеннің екі жағында орналасқан. Ал, Тараздың қақ ортасында күмбезді отырғандай әсер қалдырады. Арада мың жыл өткеніне қарамастан қаланың орналасуында өзгерістер сақталған сияқты. Тараз қаламыздың атауы жайында А. Әбдуалиев пен И. Жеменей парсы тілінде жазылған деректерден көптеп кездестіргендігін айтады: «Парсы деректерін де Тараз қаласы – «Талас», не «Банки», яки «Ианги», немесе «Ианки» болып айтылады. Талас атауының мән-жайы туралы М. Қашқаридің «Түрік сөздігіне» жүгініп, онда: Таласты «Тараз» – дей келе Таластың екеу болғандығын, бірі «Ұлуғ Талас», екіншісі мұсылмандар шекарасында орналасқан «Кәми Талас». «Талас» сөзінің мағынасы туралы әртүрлі пікірлер бар. Осы «Түрік сөздігінде» Талас сөзінің бір мағынасы ат үстінде жүріп доп қуалау деп жазылған. Б. Әбілдаұлы: қазіргі дау-дамайға байланысты «Талас» сөзінің мағынасы Талас ойынынан шыққан дейді және түрік тілінде «Талас» сөзінде дау-дамай, тіпті соғыс (жанталас, хандар таласы, тақ талас, бақталас және т. б.) деген мағынада қолданылатындығын айтады. Ал, академик Әбуәли Хайдар «тал» және «ас» деген сөздер көне түрікше «жіңішке», «ұзын» және «су» деген мағынаны білдіреді деген. Тараз түргеш, қарлұқ, одан кейін Қараханидтер мемлекетінің орталығы XIII ғасырда Моңғол, Темір империяларының маңызды орталығы болды. XVI ғ. Қазақ хандығының құрамына енген кезде де өз жалғасын тапқан. XIX ғ. бастап Тараз қаласы Әулиеата аталды. Бұл атау 1936 жылға дейін сақталды. Әулиеата деп аталуы Қарахандар әулетіне тікелей байланысты. Орталық Азияның батыс, шығыс өлкелеріне ұзақ жылдар билік жүргізген Құл Білге Қадырхан әулетінен тараған Базир Арслан ханның үлкен ұлы Сатуқ Богра хан өз ортасында мұсылман дінін қабылдаған алғашқы зиялы басшы болды.

Қарахан империясының өсіп, нығаюы осы Сатуқ Богра ханнан басталатыны тарихтан белгілі. Бұған бірден-бір куә қазіргі қаламыздың төрінен жүздеген жылдар бойы ерекше мән беріп, киелі рух сәулесін шашып тұрған қасиетті орындардың бірі Қарахан кесенесі. Міне, қаламыздың киелі жерінде жатқан ұлы рухтың құрметіне Әулиеата деп аталған. XVIII ғ. Жоңғар басқыншылары қиратып, жермен жексен еткен ежелгі Тараз орнына 1774 жылы ұлы Абылайхан тұрғызған Әулиеата қаласы кейін Қоқан, артынша Ресей империясының отаршыларының және Кеңес өкіметі ықпалымен атауы талай өзгертілген, қаламыз 1936 жылы 6 қаңтарда Қазақстанды басқарған Мирзоянның аты берілген. Көп ұзамай 1938 жылы 5 маусымда жыр алыбы Жамбыл есімін иеленді. Тек араға, 140 жыл астам уақыт салып, 1997 жылы 8 қаңтарда Тараз атауы қайтадан берілді. Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының 1974 жылғы сараптамасы бойынша, Кемел Ақышевтың қол қоюымен, Тараздың іргетасы 568 жылы қаланды деген қорытындыға келген болатын.

Қорыта айтқанда ежелгі Тараздың кешегісі мен бүгіні – өткен тарихымен де, келелі келешегімен де, үлгі өнегелік, ғибраттық тағылым алатын көне де киелі мекен. Тараз – өткен мен бүгінгі күннің арасын жалғастырушы киелі де қасиетті желі, мәңгіліктің бейне нышаны. Ұлт тарихының кешегісі мен келешегінің көркем шежіресі.

**Мадина Мананбайқызы Ибадильдаева**  
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік  
тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми  
қызметкері, «Әлеуметтік мәдени қызмет  
көрсету» саласы бойынша ғылым магистрі

## **ЖҮНІС БАЙДАН ҚАЛҒАН МОНША**

Адамзат өркениетінің елең-алаңынан жеткен тарихи жәдігерлер санатындағы құндылықтардың зерттелуі мен зерделенуі арқылы сол өркениетті жасаушы халықтар мен қауымдардың тарих толқынындағы орны мен өресін анықтауға болатын баршамызға аян.

Ұлы даланың ұлағатын пайымдау үшін, асқар тауы, шалқар көлі, қара орманы, құланды даласы бар қабырғалы қауымның өткен өмір, кешкен ғұмырын бағамдау үшін олардың өз қолымен жазып кеткен жартастағы жазулары мен жер астындағы жәдігерлеріне, көкейінде көктеген көмбелеріне жүгінетініміз аян. Қорғанды қала, қоршаулы қоныстар, салтанатты сарайлар мен күмбезді кесенелер тұрғызған бабаларымыз, жаңа дәуір мен орта ғасырлардың межесінде де қала құрылысын қарқынды жүргізіп отырған.

Тараз қаласы – қойнауына өткен дәуірдің сан алуан сыры мен бұйымдарын сақтаған киелі өңірлерінің бірі. Сәулетінде өткен ғасыр мен бүгінгі заман үндесіп, көне қаланың қайталанбас келбеті жасалған. Қаладағы тарихи-мәдени ескерткіштер шырайлы шаһардың тарихы мен тағылымынан көп жайттарды, мол дәйек-деректерді алға тартады. Солардың бірі – моншалар.

Атақты Ибн-Сина көп еңбектерін монша тақырыбына арнады. Ол моншаның бөлмелері кең және жарық, жылы, суының мол, қабырғалары жан жадырататын суреттермен безендірілуі адам ағзасына зор пайдасы барын жазған. Монша тек қана тәнді тазалап қоймай, халытың көптеген мәселелерін шешетін, тынығып дем алатын орны да болған.

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Тараз қаласында шамамен ХХ ғасырдың басында төрт қоғамдық монша жұмыс істеді: Баратхан, Кәрімбай, Расұлхан және Қали Жүніс моншалары. Аталған құрылыстардың ішінен сәулет және қала құрылысының ескерткіші болып табылатын Қали Жүніс моншасы ғана бүгінгі күнге дейін сақталып отыр.

Қали Жүніс моншасы – ХХ ғасырдың шаруашылық-тұрмыстық сәулетінің жақсы сақталған ескерткіші. Монша Тараз қаласы Байзақ батыр көшесі мен Қазыбек би көшесінің қиылысында орналасқан. Моншаны қаланың тұрғыны, көпес Жүніс өз қаржысына салдырған. Архив құжаттары бойынша Жүністің тегі Маюсупов (Майсупбаев), халық арасында «Қали» аталып кеткен. 1854 жылы дүниеге келген.

Қали Жүніс Бұқара жібегін сату арқылы дәулетке кенеледі. Оның жеке керуен-сарайы болады. Тарихи деректерге қарағанда Жүністің байлығы бірнеше сандық асыл тастармен бағаланған. Тараз қаласына Ферғана мен Бұқараның шеберлері

келгенін естіген Қали оларды өзіне шақырып, қала тұрғындарына алғыс ретінде қоғамдық монша салуды тапсырады. Құрылыс орнын өзі таңдап, бірінші кірпішті қалаған екен.

Шығыс елдерінде қоғамдық орындар, мешіттер мен монша салу игі іспен айналысумен бірдей болған. Бұл салауатты іске Қали Жүніс өз өмірін арнаған. Жергілікті тұрғындардың айтуы және архивтен алынған мәліметтер бойынша монша ХХ ғасырдың ортасына дейін жұмыс жасап тұрған. 1950–1980 жылдары моншаны қойма ретінде пайдаланылуы, оның бұзылуына әкеп соқтырған.



*1 сурет. Қали Жүніс моншасы, 1982 ж.*

Монша күйген кірпіштен орта азиялық ескі дәстүрлі әдіс қолданыла отырып салынған. Тік қабырғалары жабық келіп, төбесіне күмбездер орналастырылған. Моншаның бас қасбеті жағы кірпіштермен өрнектеліп, қуыс аралықтары жылтыр етіп сыланған. Құрылыс әр түрлі көлемдегі 11 бөлмеден тұрады. Ғимараттың жалпы ауданы 450 шаршы метрді құрайды. Монша ғимаратының жоспарлау құрылымы функционалды пайдалану жағынан ерекшеленетін үш бөлмелер тобынан тұрады:

– кіре беріс бөлмеден, демалатын бөлмеден, жуынатын орыннан, массаж жасалатын бүйірдегі бөлмелері мен екі жылыту бөлмелерінен тұрады;

– ыстық және суық су сақталатын ыдысы бар орындардан, қабырғаға жапсырыла орналасқан су ысыту қазанынан, ауласында құдығы бар техникалық сектордан тұрады;

– жуынатын үш бөлмесі, олардан сыртқа шығып кететін арнайы есігі бар шағын пайдалану секторынан тұрады;



2 сурет. Қали Жүніс моншасы, 2019 ж.



3 сурет. Қали Жүніс моншасы, 2019 ж.

Моншаның құрылымы төбені жабудың аспалы-күмбездік әдіс жүйесі арқылы шешілген. Қабырғалардың қалыңдығы 0,8 м., биіктігі 2,5–3 м., бөлмелердің биіктігі 4–6 м. Әр бөлмені жоғарыдан күйдірілген кірпіштермен қапталған күмбез жауып тұрады. Күмбездің жоғарғы бөлігінде табиғи жарық беретін және желдетуге арналған тікбұрышты саңылаулар бар. Бөлме ішінің қабырғалары арка және бір-бірімен иінді өткелдер арқылы жалғасып безендірілген

1982 жылға дейін ескерткіштің ғимараты жартылай күйреген жағдайда болды. Қайта қалпына келтіру және жаңарту жұмыстары нәтижесінде монша өзінің алғашқы кейіпін өзгертті. Бөлмелер арасында өткелдер төселді. Ішкі қабырғалары әктеліп, сырланды. Солтүстік-шығыс бөлігінде шаруашылық бөлме салынды. Оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан орталық кіреберіс түбегейлі жойылған. Жылыту жүйесі, су құбыры жартылай істен шыққан. 2014 жылы ғимараттың айван бөлмесінің солтүстік-шығыс бөлігінің ішкі қабырғаларының сылақтары алынып, алғашқы түпнұсқалық қабырғалары ашылды. 2021–2023 жылдар аралығында «Қазқайтажаңғырту» РМҚ Тараз филиалының мамандарымен қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.



**Гүлмарал Үшкемпірқызы Қамбар**  
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік  
тарихи-мәдени музей-қорығының  
кіші ғылыми қызметкері,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі

## **БАБАДЖА ХАТУН КЕСЕНЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ**

Орталық Азиядағы ортағасырлық сәулет өнерінің құнды ескерткішінің бірі – Бабаджа хатун кесенесі. Қарапайым, бірақ ерекше композициясымен және сәндік элементтерінің аздығымен ерекшеленеді. Ол Тараз қаласынан 18 шақырым қашықтықта, қазіргі Айша бибі ауылында, Айша бибі кесенесінің жанында орналасқан. Күйдірілген кірпіштен салынған құрылыс мұқият есептелген технологиямен салынған. Кесененің басты ерекшелігі – оның 16 қырлы конус тәрізді күмбезі. Бұл құрылыс элементі сол замандағы XI–XII ғғ. мерзімделетін сәулет өнерінде сирек кездесетін ерекше архитектуралық құрылыс.

Кесененің салынғанына көп ғасыр өтсе де бізде дейін жақсы жетіп сақталған. Мұны, оны салған кездегі құрылыс өнерінің дәрежесі жоғары болғандығы деп түсіндіруге болады. Оның сәулеттік композициясы қарапайым, әрі безендірулері аз. Ғимарттың үш қасбетінде (батыс қасбеттен басқа) қуыстар мен бойтұмарлар өрнектелген. Басты қасбет жанама қасбеттерден парапеттің болуымен ғана ерекшеленеді.

Құрылысы шаршы тұрпатты 6,8x6,8x5,0 метр, қабырғаларының қалыңдығы 1,23 метрге жетеді. Мөлшері 24x24x5 см. болатын күйдірілген кірпіштен қаланған. Шатыры (күмбезі) 16 қырлы конус. Жабыны Қазақстандағы кесене күмбездерінің ішіндегі ең ерекшесі. Кесене Айша бибі кесенесімен қатар тұр. Олардың шығыс фасадтары бірқатарда орналасқан. Оның көлемі, бағаналардың сыртқа шығып тұрғанын есепке алмағанда, сыртқы қабырғалары 723x723 см. жобасы бойынша тұрғызылған. Негізге фасад эпиграфикалық фризі бар парапетті қабырғамен айқындалған. Онда насх жазуымен «Бұл Абаджи хатун (немесе Бабаджи хатун) деп аталатын зәулім бейіт. Оның құрылысшысы...» деген сөздер жазылған [1]. Оны ММТИ ғылыми қызметкері А. М. Белицкий оқыған. Ал М. Е. Массон болса ескі суреттерден құрылысшының бастапқы атын «Мухаммад ұлы...» деп оқыған екен. Алайда қазіргі кезде бұл жазу сақталмаған [2].



*Бабаджа хатун кесенесінің маңдайшасындағы арабша жазулар.*

Арабша әріптердің (алиф пен лям) арасыдағы бос орындар өрілген және стильдендірілген өсімдік өрнегімен толтырылған. Оңтүстік және солтүстік жақтауларында терезелер орналасқан. Ортаңғы бөлменің аумағы (4,5x4,5 м.) Бөлмеде қабіртастың орны сақталмаған. Т. К. Басеновтың пайымынша «Текшелерде шамасы әртүрлі тақталар қиыстырылып құрастырылған». Батыс беті тегіс қалпы қалдырылған.



**Т а б л и ц а 1 9.** Боковой (южный) фасад мавзолея Бабажи-Хатун. Фото с натуры Т. К. Басенова. 1953 г.

**19 т а б л и ц а.** Бабажи-Хатун мавзолейінің бүйір (оңтүстік) фасады. Натурадан түсірген фото Т. К. Басеновтікі. 1953 жыл.

Құрылысқа арша ағашы пайдаланылған. Ол тау беткейлерінде өсетін ағаш тәрізді бұталар. Оның ағашының құрттап, шіруге және басқа дерттерге қарсы өте төзімді қасиеті болатындығы ертедегі құрылысшыларға мәлім болған. Бабаджа хатун мен Айша бибі құрылыстарына арша бөренелер ғасырлар бойына жақсы шыдап келген. Бұлардың өздері де сақталып және құрылыстарды да жақсы сақталған.

Н. М. Бачинскийдің айтуынша: «Орта Азияның ежелгі сәулетшілерінің тұжырымынша адамның қолында күшті жер сілкінісіне төтеп бере алатын қару жоқ болғандықтан, тек орама құрылыс материалы мен конструкция ғана сәулетшінің қолындағы антисейсмикалық фактор бола алады» деген тұжырым жасаған.

Күйдірілген кірпішті жаппай қолдану, шатыр салуды енгізу, толтырылатын қабырғаларды ойлап табу, құрылыс ісіне ағаш пайдаланып, антисейсмика шараларын алдын ала қарастыру орта ғасырдағы (VII–XII ғғ.) архитектураның жоғары дәрежеде болғандығын көрсетеді [3].

А. Н. Бернштам Бабаджа хатун кесенесін арнайы зерттегеннен кейін мынадай қортындыға келген:

1. Кесене күйдірілген кірпіштер арқылы сәнделгендігін, және бұл құрылыс саманид пен қараханид кезеңіне тән екендігін атап өткен. 2. Құрылыстың қасбеті, бүйірлерінен парапет арқылы ғана ерекшеленгендігін жазған. 3. Шатырлы күмбезі ортағасырлық архитектурада аналогиясы кездеспейді деп тұжырым жасаған [4].

Сонымен, қарахандық кезеңдегі сәулет өнерінің ерекшелігі ретінде күмбездің босағасымен салыстырғанда өте көрнекілігін бөліп атауға болады. Сәулетші, сондай-ақ кесенені шатырмен бүркеудің композициялық-көркемдік рөлі арқылы кесенеге сол кездегі өлкеге енді еніп келе жатқан жас дінге сәйкес адамның аспанға тәжім ету символын көрсеткісі келгенін түсінуге болады.

Т. Басенов «конусобразды күмбездің бұрындары тас арқылы орындалған түрінің дамуы болуы да мүмкін» – дейді. Жоғарыда айтылған қатпарлы жұлдызшаланған жобадағы шатырлы кесенелердің Отаны Жетісу болып табылатындығын көруге болады. Өйткені, ол тәжірбие Қазақстанның аймақтарында кеңінен таралған. Бұл кесене келіннің биік бас киімін, жеңіл жібек жамылған түрін елестетеді. Ол кезде тұрмыста конус пішінді бас киім пайдаланылған.

*Зерттелу жылдары.* XIX ғасырдың соңынан бастап кесенені тарихшылар, өнертанушылар, архитекторлар тарапынан бірнеше ғалымдар зерттеді. 1897 жылы – В. Каллаур, 1938 жылы – А. Бернштам, 1953 жылы – сәулетші Т. Басенов.

Қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген жылдар:

– Мавзолейдің сыртқы қабырғаларының бұзылған жерлерінің 1947 жылы Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы архитектура істері жөніндегі басқармасы жөндеткен.

– 1979 жылы «Қазақ жобалау және қалпына келтіру» институтының мамандарымен жасалған, күмбезі толықтай қалпына келтірілді.

– 2002 жылы республикалық «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің Түркістан филиалындағы мамандары жүргізді.

1982 жылдан бастап Кесене сәулет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекеттің қорғауына алынды.

Осы дәуірдің яғни X–XII ғғ. ескерткіштерін көрген адамдар тамаша әсер алады. Қазақстанның ғана емес, бүкіл орталық Азияның ортағасырлық сәулет өнерінің ерекше үлгісі. Кесененің сақталуы мен оны қалпына келтіру жұмыстары біздің ата-бабамыздың мәдени мұрасын келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды қадам. Сондықтан біздің міндет нысандарымызды сақтап, насихаттау. Және Қазақстан архитектурасының тарихында бұл дәуірдің маңызы өлшеусіз екенін көрсете білу.

*Аңыз бойынша.* Бабаджа хатун кесенесінің тұрғызылуы туралы аңыз Айша бибі кесесінің салынуы туралы аңызбен тікелей байланысты. Аталған аңыздың түрлі нұсқалары бар. Кең таралған аңызға сәйкес Айша бибі XI ғасырдың танымал ғалымы мен ақыны Хәкім Сүлеймен Бақырғанидің қызы болған. Ол өмірден озғанынан кейін Айша Айқожы шейхтің тәрбиесінде болды. Бірде Тараз әміршісі Қарахан Мұхаммед (Тараз қаласындағы кесене оның құрметіне тұрғызылған) Айшаға үйленгісі келді, алайда оның тәрбиешісі бұған келісім бермеген. Содан кейін Айша ешкімді тыңдамай Тараз қаласына жолға шығады. Өкінішке орай, Тараздың әміршісі онымен жүздесу мүмкіндігінен мәңгі айырылды, себебі бойжеткеннің бас киімінде жасырынған жыланның шағуынан Айша сұлу Аса өзенінің жағалауында қаза тапқан. Оның өмірден озуына байланысты қайғыға салынған Қарахан Айшаға ерекше сәулетті кесене тұрғызды. Ал өмірде күтушісі болған Бабаджа өмірінің соңына дейін Айша бибінің кесененің сақтаушысы, шырақшысы болған. Қайтыс болғанынан кейін Айша бибінің кесенесінен 18 қадам жерде жерленген [5].

#### **Әдебиеттер мен дереккөздер:**

1. Белиницкий А. М. сб. «Эпиграфика Востока» вып. II, 1948, стр. 16 и сл.
2. Массон М. Е. Время и история сооружения «Гумбеза Манаса». Эпиграфика Востока, III, 1949, стр. 28 и сл.
3. Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Меңдіғұлов М. «Қазақстан архитектурасы». Алматы, 1959. – 115 б.
4. Бернштам А. Н. «К происхождению мавзолея Бабаджи хатун». Академия наук СССР. Краткие сообщения института истории материальной культуры. Вып 61. 1956 год.
5. <https://culturemap.kz/kk/object/mavzoleiy-babadji-hatun>

**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДАҒЫ  
ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ»**

ғылыми-танымдық конференция материалдарының  
жинағы. (2024 жылғы 15 қазан) – Тараз, 2024. – 100 бет.

Сборник материалов научно-познавательной конференции  
**«ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО  
ПУТИ В РАЗВИТИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ»**

(15 октября 2024 года). – Тараз, 2024. – 100 стр.

Collection of materials of the scientific and educational conference  
**«THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE GREAT SILK ROAD  
IN THE DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL RELATIONS»**

(15 october 2024). Taraz, 2024. – 100 p.

